Қазақстанда тұратын халықтың 93,9 пайызы ауыз судың жақсартылған/жетілдірілген көздерін пайдаланады, ал үй шаруашылықтарының 88,4 пайызында олар пайдаланатын ауыз судың жақсартылған көздерінің орналасу орны – осы шаруашылықтар тұратын баспанасының аумағында. Осындай судың

көздеріне дейін және кері қарай жолға үй шаруашылықтарының 3,9 пайызы 30 минуттан азырақ, ал үй шаруашылықтарының 1,6 пайызы 30 немесе одан көбірек минут уақыт жұмсайды. Елдегі халықтың 70,7 пайызы жақсартылмаған ауыз су көздерінен алынатын ауыз суды әр түрлі әдістермен тазартады.

Суды тазартудың негізгі әдісі ретінде қайнатуды халықтың 55 пайыздан астамы қолданады, ал 11,4 пайызы суды тұндыруға қояды, және де 12,4 пайызы сүзгіштерді пайдаланады әрі тұрғын халықтың бір пайыздайы суды мата арқылы сүзетінін айтқан. Ауыз суды тазартудың қалған әдістері халық арасында кең таралмаған.

## **Жақсартылған (жетілдірілген) санитарлық-гигиеналық құрылғыларды пайдалану**

---

Тұтастай алғанда Қазақстанның тұрғын халқының 99,4 пайызы жақсартылған (жетілдірілген) санитарлық-гигиеналық құрылғыларды пайдаланатын үй шаруашылықтарында тұрады. Елдің (Маңғыстау өңірін қоспағанда – 88 пайыз) барлық өңірлерінде жақсартылған (жетілдірілген) санитарлық-гигиеналық құрылғыларды пайдалану 100 пайыз дерлік деңгейде.

Соңғы нәжісі қауіпсіз жерге жойылған балалардың үлесі 66,7 пайызды құрады, қалалық жерлерде және ауылдық жерлерде бұл көрсеткіштің мәні осы аталған деңгейде болып отыр.

## **Контрацепция**

---

Қазіргі уақытта некедеге тұрмаған немесе бейресми одақ құрмаған әйелдердің 51 пайызы контрацепцияны пайдаланатындығы туралы айтты. Контрацепцияның ең кең таралған әдісі жатыр ішіне салынатын спиральдарды (ЖІС) қолдану, оны Қазақстандағы күйеуге шыққан әрбір үшінші әйел пайдаланады (33,5 пайыз). Танымалдығы жағынан екінші орында ерлердің презервативтерін қолдану (7,2 пайыз) және әйелдердің 7,1 пайызы пайдаланған бала бітуге қарсы таблеткалар тұр. Сұрақ қойылған ерлердің тек 40,6 пайызы өзінің немесе серіктесінің контрацепцияның әйтеуір бір әдісін қолданатыны туралы айтқан.

## **Контрацепцияны қолданумен байланысты қанағаттандырылмаған қажеттіліктер**

---

Зерттеулер нәтижелері сауал қойылған әйелдердің 11,6 пайызында контрацепцияны қолдануда қанағаттандырылмаған қажеттіліктің бар екенін көрсетті. Бала туу мерзімін жоспарлау үшін контрацепцияны қолдануда қанағаттандырылмаған қажеттілік әйелдердің 6,9 пайызында, ал балалардың тууын шектеу үшін осындай қанағаттандырылмаған қажеттілік әйелдердің 4,7 пайызында болып отыр.

## **Босанғанға дейінгі бақылау**

---

Босанғанға дейінгі бақылаумен қамту Қазақстанда өте жоғары деңгейде: жүктілік кезінде әйелдердің іс жүзінде барлығы дерлік (99,2 пайыз) білікті медициналық маман (дәрігер, медбике, акушер немесе фельдшер) алдынан босануға дейінгі бақылаудан кем дегенде бір рет өтеді.

Аналардың 87 пайызы жүктілік кезінде медициналық қызметкерге төрт реттен астам барған.

## **Босануға көмектесу**

---

МИКЗ зерттеуі жүргізілгенге дейінгі соңғы екі жыл ішінде Қазақстанда іс жүзінде барлық босануларды (100 пайыз) медициналық мекемелерде білікті мамандар қабылдады: босанудың 81,7 пайызын дәрігерлер, ал 17,8 пайызын медициналық бикелер/акушер әйелдер және 0,4 пайызын фельдшерлер мен акушер әйелдердің көмекшілері қабылдаған.

## Жасанды түсіктер

Әрбір әйелге келетін аяқталмаған жүктіліктің орташа саны 0,4 құрайды. Тұрғылықты жері, ауқаттылық квинтильдері немесе білім деңгейі бойынша әйелдер арасында жасанды түсік жасату тәжірибесі жөнінен ерекше айырмашылықтар байқалмайды.

Жасанды түсіктердің жасына қатысты коэффициенттері 19 жастан соң өседі және 20-24, 25-29 пен 30-34 жас тобындағы әйелдерде шамамен бірдей дерлік деңгейде сақталады. Ауылдық жерлерде 1000 әйелге шаққанда жасанды түсік санының сәл артықтығы байқалады. Жасанды түсіктердің жиынтық коэффициенті бір әйелге шаққанда 0,26 құрайды, ал жасанды түсіктердің жалпы коэффициенті 1000 әйелге шаққанда 6,9 құрайды.

Елде 36,7 пайыз жағдайда жасанды түсік жасату жөніндегі шешімді қабылдаушы адам әйелдің өзі болып табылады, сонымен қатар, әрбір үшінші әйел (31,2 пайыз) дәрігер/медицина қызметкерінің шешімінің ықпалында болса, әрбір төртінші респондент әйел (26,3 пайыз) мұндай шешімді күйеуімен немесе серіктесімен бірге қабылдайды.

## Жас ерлер мен әйелдер арасындағы сауаттылық

Қазақстанда 15-24 жас тобындағы барлық әйелдер мен ерлер сауатты болып табылады. Қазақстан бойынша тұтастай алғанда сауаттылық деңгейі 99,9 пайызды құрады.

## Мектепке дайындық

Қазақстанда тұтастай алғанда зерттеу жүргізілген уақытта бастауыш мектептің бірінші сыныбында оқып жүрген балалардың 81,6 пайызы оның алдындағы жылы мектепке дейінгі мекемелерге барған.

Берілген көрсеткіш бойынша ер балалар мен қыз балалар арасында үлкен айырмашылықтар байқалмайды, дегенмен, өңірлер және үй шаруашылықтарының әлеуметтік-экономикалық ахуалдары бойынша айырмашылықтар бар. Қазақстанда 2006 жылмен салыстырғанда (МИКЗ, Қазақстан 2006)<sup>3</sup> тұтастай алғанда ел бойынша балалардың мектепке дейінгі мекемелерге баруы 5 есе артқанын атап өту керек.

## Бастауыш және орта мектепке бару мен қатысушылық

7 жасқа толған балалардың жалпы санынан 93,8 пайызы бастауыш мектептің бірінші сыныбына оқуға барды.

Зерттеу жүргізілген кезде бастауыш мектепте оқитын<sup>4</sup> 7-10 жастағы балалардың 99,3 пайызы мектепте оқып жатса, ал мектеп табалдырығын аттауға жасы толған деп есептелетін балалардың тек 0,7 пайызының мектепке бармайтыны белгілі болған.

Жасы 11-17 аралығындағы орта мектепке баратын балалардың пайыздық үлесі 96,1 пайызды құрайды.

Бастауыш және орта білім беру жүйесінде оқитын ер балалар мен қыз балалардың арасалмағы *жыныстардың тең құқықтылығы индексі* (ЖТИ) ретінде көбірек мәлім. Қазақстандағы бастауыш және орта білім беру жүйесінде жыныстардың тең құқықтылығы индексі 1,00-ге тең болып табылады.

## Балалардың туғандығын тіркеу

Зерттеу нәтижелері Қазақстанда 5 жасқа дейінгі балалардың 99,7 пайызының туғандығы тіркеуге алынғанын көрсетті.

<sup>3</sup> *Мульти-индикаторлық кластерлік зерттеу, Қазақстан, 2006 ж.*

<sup>4</sup> *Кестеде көрсетілген коэффициенттер түзетілген болып табылады, себебі бөлімге (бөлгіш) бастауыш мектепке баратындардың саны ғана емес, орта мектепке баратындардың саны да енгізіледі.*

## Балаларды тәртіпке салу

Қазақстанда жасы 2-14 аралығындағы балалардың 49,4 пайызы зерттеудің алдындағы 1 айдың ішінде өздерінің аналары немесе оларға күтім жасаушы тұлғалардың тарапынан немесе үй шаруашылығының басқа мүшелері тарапынан психологиялық немесе тән жазасының кем дегенде бір түріне ұшыратылған. Тұтастай алғанда ел бойынша балалардың 2,1 пайызы тән жазасының қатал түріне ұшыраған. Тағы бір байқалған нәрсе - ата-аналар/тәрбиелеушілердің тек аздаған үлесі ғана балаларды дұрыс тәрбиелеу үшін оларға тән жазасын қолданып тұру керек деп санайды (6,5 пайыз). Алайда нақты өмірде жасы 2 мен 14-тің аралығындағы балалардың 29 пайыздан астамы кез келген тән жазасына ұшыратылып отырған.

## Ерте жастағы неке

Қазақстанда зерттеу жүргізілген кезде 15-19 жастағы әйелдердің 4,5 пайызы некелі немесе бейресми одақта болды.

Толық 15 жасқа толмай тұрмысқа шыққан немесе ер адаммен бейресми одақтағы 15-49 жастағы әйелдердің үлесі 0,2 пайызды құрады. 15-59 жастағы ерлер бойынша бұл көрсеткіш 0,3 пайызды құрады.

Толық 18 жасқа толмай тұрмысқа шыққан немесе ер адаммен бейресми одақтағы 20-49 жастағы әйелдердің үлесі 8,6 пайызды, ал ерлер бойынша – 1,1 пайызды құрады.

Зерттеу жүргізілген кезде 20-24 жастағы әйелдердің 7 пайыздан көбірегі, 15-19 жастағы әйелдердің 8 пайыздан көбірегі өздерінен жасы 10 немесе одан көбірек жасқа үлкен ерлермен некеде тұрған. Күйеулері өздерінен жасырақ екенін айтқан әйелдер үлесі 9,8 пайызды құрады.

## Үйдегі зорлық–зомбылыққа қатынасы

Қазақстанда әйелдердің 12,2 пайызы күйеуі/серігі өзінің әйелін/серіктесін кемінде бірнеше себептердің біреуі бойынша ұрып жіберуге немесе соғуына құқығы бар деп санайды.

Күйеуінің тарапынан зорлық-зомбылықтың қолданылуын құптайтын әйелдер көбінесе ондай зорлық-зомбылықты мынадай жағдайларда мақұлдайды: егер әйел балаларға немқұрайлы қараса (9,7 пайыз) немесе өзінің тәуелсіздігін жария түрде көрсетсе, мысалы, әйелі күйеуіне айтпай үйден шығып кетсе (3,1 пайыз) немесе әйел күйеуімен салғыласса (3,7 пайыз). Әйелдердің 1,2 пайызы егер әйел жыныстық қатынастан бас тартса, ал 0,8 пайызы - тамақ оның кінәсінен күйіп кетсе, онда күйеуі өзінің әйелін/серіктесін ұрып жіберуге немесе соғуға құқығы бар деп санайды.

Ерлер әйелді ұруға қатысты себептердің қандай да біреуімен әйелдерге қарағанда жиірек келісіп, мақұлдауға бейім келеді (әйелдер арасындағы 12,2 пайызбен салыстырғанда, ерлер арасында -16,7 пайыз).

## АҚТҚ-жұқпасының берілу жолдары туралы білу және АҚТҚ/ЖҚТБ туралы қате пікірлер

Қазақстанда сауалданған әйелдердің барлығы дерлік (95,9 пайыз) АҚТҚ/ЖҚТБ туралы естіген. Солай бола тұра, әйелдердің АҚТҚ жұқтыруын болдырмаудың негізгі екі тәсілі туралы білетіндерінің үлесі тек 70,5 пайызды құрайды (жұқпа жұқтырмаған сенімді бір ғана серіктеспен жыныстық қатынаста болу және әрбір жыныстық қатынаста міндетті түрде презерватив пайдалану). Әйелдердің 79 пайыздайы АҚТҚ жұқтыруын болдырмаудың негізгі тәсілі жұқпа жұқтырмаған сенімді бір ғана серіктеспен жыныстық қатынаста болу екенін және шамамен осыншама әйелдер (78,9 пайыз) әрбір жыныстық қатынаста міндетті түрде презерватив пайдаланудың осындай тәсіл болып табылатынын біледі.

Жасы 15-24 жас аралығындағы әйелдердің 95,6 пайызы АҚТҚ туралы естіген, алайда сауалданғандардың тек 67,2 пайызы АҚТҚ жұқтыруын болдырмаудың кемінде екі тәсілі туралы білетінін айтқан. Осы орайда, үлкенірек жастағы респонденттермен салыстырғанда (72,5 пайыз) 15-19 жастағы әйелдер АҚТҚ жұқтыруын болдырмаудың тәсілдері туралы ең аз хабардар болып табылады (61,5 пайыз).

Ерлердің арасындағы осындай сауалнама жүргізу нәтижелері 15-59 жастағы ерлердің (94,6 пайызы) барлығы дерлік бұрын-соңды әйтеуір бір рет АҚТҚ туралы естігенін көрсетті, және де АҚТҚ-ның алдын

алудың екі тәсілін білетін ерлердің үлесі 73,6 пайызды құрайды. Сауалнама деректері ерлердің әйелдермен салыстырғанда АҚТҚ-ның алдын алудың тәсілдері туралы жақсырақ білетінін көрсетіп отыр. Қазақстанда әйелдердің 81,1 пайызы мен ерлердің 75,5 пайызы тестілеуден қай жерлерде өтуге болатынын біледі.

## **АҚТҚ/ЖҚТБ-мен ауыратын адамдармен төзімді қарым–қатынас жасау**

Қазақстанда АҚТҚ/ЖҚТБ туралы естіген әйелдердің 90,7 пайызы төзімділік тұрғының кемінде біреуімен келіседі. Ерлер әйелдермен салыстырғанда АҚТҚ/ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарға қатысты азырақ төзімділік танытып отыр.

Ең кең таралған төзімділік тұрғысы - өз үйінде ЖҚТБ-мен ауырған отбасы мүшесіне қамқорлық жасау үшін даяр болуға келіп саяды – сауал қойылған әйелдердің 86,4 пайызы мен ерлердің 83,5 пайызы мұнымен келіседі.

Тұтастай Қазақстан бойынша сауалданған әйелдердің 33,8 пайызы және ерлердің тек 28,5 пайызы ЖҚТБ-жұқпасымен ауыратын әйел жынысты мұғалімге мектепте жұмыс істеуін жалғастыруға рұқсат етуге болады деп есептейді, және әйелдер мен ерлердің тек 18 пайызы АҚТҚ жұқпасы бар сатушыдан немесе дүкен иесінен жаңа жиналған көкөніс сатып алуға келісетіні белгілі болды, ал әйелдердің 15,3 пайызы мен ерлердің 14,5 пайызы отбасы мүшесінің ЖҚТБ-жұқпасымен ауыруы фактісін құпия ұстағанды қаламайды. Қазақстанда ерлер мен әйелдердің тек 2,5 пайыздан сәл көбірегі АҚТҚ/ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарға қатысты төзімділік танытудың барлық 4 тұрғысымен келіседі.

## **Темекі өнімдерін тарту**

Қазақстанда ерлер арасында темекі өнімдерін тартудың кең таралғандығы әйелдермен салыстырғанда көбірек кездеседі. 15-59 жастағы ерлердің 74,3 пайызы және 15-49 жастағы әйелдердің 20,8 пайызы бұрын–соңды темекі өнімдерінің қандай да бір түрін пайдаланғанын хабарлады. Соңғы айда 15-49 жас тобындағы әйелдердің 7,5 пайызы және ерлердің 53,9 пайызы бір немесе бірнеше күн ішінде шылым (сигарет) тартқан немесе тартылатын және тартылмайтын темекі өнімдерін пайдаланған.

Темекі өнімдерін тартатын ерлер мен әйелдер арасындағы темекі өнімдерінің ең танымал түрі шылым (сигареттер) болып табылады (әйелдердің 6,5 пайызы және ерлердің 50,7 пайызы соңғы ай ішінде тек шылым тартқан).

Зерттеу кезінде шылым тартушы әйелдердің 9,1 пайызы және ерлердің 34,2 пайызы соңғы 24 сағат ішінде 20 данадан аса шылым (сигарет) тартқан.

Зерттеу барысында 15-49 жас тобына жататын әйелдердің 1,3 пайызы бірінші рет шылымды (сигаретті) 15 жасқа дейін тартқаны айқындалды. 15-49 жас тобына жататын ерлердің арасындағы осындай көрсеткіш 8,7 пайызды құрайды.

## **Алкогольді ішімдікті ішу**

15-49 жас арасындағы әйелдердің 26,6 пайызы соңғы айда бір немесе одан да көбірек күн ішінде алкогольді ішімдіктен кемінде бір порциясын (өлшемін) болса да ішкен.

Алкогольді ішімдікті ішуші ерлердің (15-49 жас) үлесі әйелдер арасындағы осындай үлестен көбірек және 15-49 жас арасындағы ерлердің 45,6 пайызы соңғы айда бір немесе одан да көбірек күн ішінде алкогольді ішімдіктен кемінде бір порциясын (өлшемін) болса да ішкен.

Жасы 15-49 аралығындағы ерлердің 3,4 пайызы 15 жасқа толғанға дейін алкогольді ішімдікті бірінші рет ішкен, ал 15-49 жас аралығындағы әйелдердің 0,9 пайызы 15 жасқа толғанға дейін алкогольді ішімдікке бірінші рет ауыз тигізген.

## БАҚ–пен байланысу

Қазақстанда әйелдердің де, ерлердің де 60 пайыздан сәл астамы аптасына кемінде бір рет газет оқиды; әйелдердің 29,1 пайызы, ерлердің де 40 пайызы радио тыңдайды; іс жүзіне сауал қойылған ерлер мен әйелдердің барлығы (98 пайыздан) теледидар көреді. Тұтастай алғанда әйелдердің 0,8 пайызы бұл үш БАҚ–тың өздеріне тұрақты бір әсерін сезінбейді, және де 22,9 пайызы БАҚ–тың үш түрінен де аптасына, кемінде, бір рет хабар алып отырады. Ерлер арасында БАҚ–тың үш түрінен де аптасына, кемінде, бір рет хабар алып отыратындар үлесі сәл көбірек болып табылады және 30,3 пайызды құрайды.

Әйелдердің арасында газет оқытындардың жоғарырақ пайызы 35-39 жас және 45-49 жас тобындағылар үлесіне (тиісінше 67 пайыздан), ал радио тыңдайтындар – 15-19 жас және 20-24 жас тобындағылар үлесіне тиесілі болып отыр. Ерлер арасында газет оқытындардың жоғарырақ үлесі 45-49 жас тобындағыларға (73,7 пайыз), ал радио тыңдайтындар – 20-24 және 25-29 жас тобындағылар үлесіне тиесілі болып отыр.

## Ақпараттық/коммуникациялық технологияларды пайдалану

Зерттеу деректері бойынша, 15-24 жас аралығындағы әйелдердің 95,1 пайызы бұрын–соңды әйтеуір бір рет компьютер пайдаланған, 83,6 пайызы компьютерді соңғы жыл ішінде пайдаланған, өткен айда аптасына кемінде бір рет оны 71 пайызы пайдаланған.

Тұтастай алғанда 15-24 жас аралығындағы әйелдердің 76,6 пайызы бұрын–соңды әйтеуір бір рет Интернетті пайдаланған, ал 67,5 пайызы соңғы жыл ішінде Интернетті пайдаланған. Интернетті соңғы айда аптасына кемінде бір рет пайдаланған жас әйелдер үлесі 54 пайызды құрайды.

Соңғы жыл ішінде компьютер және Интернетті пайдаланған жас ерлер мен әйелдер үлесі іс жүзінде бірдей дерлік. Соңғы жыл ішінде 15-24 жас аралығындағы ерлердің 82,4 пайызы компьютер пайдаланған, ал 55,7 пайызы кемінде бір рет Интернетті пайдаланған.

## Тұрмыстағы зорлық-зомбылық

Қазақстанда бұрын–соңды тәни зорлық-зомбылықты басынан кешкен 15-49 жас тобындағы әйелдердің арасынан 12,8 пайызы 15 жасынан бастап кемінде 1 рет тәни зорлық-зомбылыққа, ал 3,2 пайызы жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған.

Әйелдер негізінен тәни зорлық-зомбылыққа күйеуі/серіктесі (60,2 пайыз) немесе бұрынғы күйеуі/серіктесі (39,6 пайыз) тарапынан ұшыраған. Күйеуі бар немесе бұрын күйеуде болған әйелдер өздерінің тәни зорлық-зомбылыққа негізінен күйеуі/серіктесі тарапынан ұшырағанын (100 пайыз) немесе бұрынғы күйеуі/серіктесі (9,3 пайыз) тарапынан ұшырағанын айтады.

Ешқашан некеде болмаған әйелдер өздерінің тәни зорлық-зомбылыққа негізінен туыстары–анасы/өгей анасы (30,1 пайыз), әпкесі/ағасы/інісі (18,4 пайыз) немесе әкесі/өгей әкесі (13,1 пайыз), немесе досы/бұрынғы досы (18,8 пайыз) тарапынан ұшырағанын атап өткен.

Күйеуі/серіктесінің ерекше мінез-құлқы, мәселен, қызғаншақтық (42,6 пайыз), тұрақты бақылау (44,3 пайыз), әйелін опасыздықта айыптау (10,9 пайыз) түрінде байқалған. Сонымен қатар әйелінің өз отбасымен және дос әйелдерімен араласуына шектеу қою да тіркелген (тиісінше 4,1 бен 9 пайыз). Зорлық–зомбылықтың моральдық-психологиялық түрлерінен басқа әйелдерге экономикалық зорлық–зомбылық жасау да байқалған, бұл қаражат иемденуде өз әйеліне сенбеу түрінде көрініс тапқан (7 пайыз).

Көмек сұраған әйелдердің ішінен жәбірленуші әйелдердің 35,5 пайызы өз отбасына және 11,9 пайыздайы күйеуінің отбасынан қолдау іздеген; жәбірленген әйелдердің тек 10 пайызы полициядан көмек сұраған, ал 5 пайызы – басқа туыстарынан көмек сұраған. Адвокаттардан/заңгерлерден, әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдардан көмек сұрау пайызы өте аз болып табылады (тиісінше 0,3-0,8 пайыз).

# I. Кіріспе

---



## Жалпы мәліметтер

Бұл зерттеу 2010-2011 жылдары Қазақстанда негізінен Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорының (ЮНИСЕФ) техникалық және қаржылық қолдау көрсетуі, сонымен бірге Біріккен Ұлттар Ұйымының Халық қорының (ЮНФПА) қосалқы қаржылық қолдау көрсетуі арқасында Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жүргізген көптеген көрсеткіштер бойынша кластерлік зерттеу (МИКЗ) нәтижелеріне негізделген.

Аталған зерттеу Қазақстандағы балалардың, әйелдердің және ерлердің ахуалы туралы бағалы ақпаратты алуға мүмкіндік туғызды. Қазақстанда оны жүргізудің қажеттілігі негізінен халықаралық келісімдерде – Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері - 191 мемлекет 2000 жылғы қыркүйекте қабылдаған Мыңжылдық декларациясында және

Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері – 189 мемлекет 2002 жылғы мамыр айында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының Балалар жағдайы жөніндегі арнаулы сессиясында қабылдаған «Балалардың өмір сүруіне қолайлы әлем» Іс-қимылдар жоспарында тұжырымдалған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру барысының мониторингі қажеттіліктеріне сәйкес туындаған. Бұл міндеттемелердің екеуі де халықаралық қоғамдастықтың 1990 жылы Жоғары деңгейдегі дүниежүзілік кездесуде балалар мүддесі үшін қабылдаған уәделеріне негізделген.

Осы халықаралық келісімдерге қол қоя отырып, мемлекет басшылары өз елдерінде балалар жағдайын жақсарту және осы мақсатқа жету мониторингін жүзеге асыру міндеттемелерін қабылдады. ЮНИСЕФ-ке осы міндетті орындау бойынша көмекші рөл жүктелді (төмендегі кестеге қараңыз).

### Іс-қимыл жасау міндеттемесі: ұлттық және халықаралық есептілік бойынша міндеттемелер

Мыңжылдық декларациясына және «Балалардың өмір сүруіне қолайлы әлем» декларациясы мен Іс-қимылдар жоспарына қол қойған мемлекеттер басшылары өздеріне оларда айтылған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру барысын қадағалау міндеттемесін қабылдады.

«Біз ұлттық, ал тиісті жағдайларда өңірлік деңгейлерде де осы Іс-қимылдар жоспарында ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейлерде белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру барысын үнемі қадағалайтын боламыз және оларды іске асыру жұмысындағы ілгерілеуді бағалаймыз. Сол үшін біз деректер жинау, оларды талдау және топтастыру жөніндегі, соның ішінде жынысы, жасы және айырмашылық туындататын басқа да тиісті факторлар бойынша өзіміздің ұлттық статистикалық әлеуетімізді нығайтамыз, балаларға арналған зерттеулердің ауқымды көлемін жүргізуді қолдайтын боламыз. Біз халықаралық ынтымақтастықты статистикалық әлеуетті өсіру жөніндегі күш-жігерді қолдау үшін жандандырамыз және бақылау, бағалау мен жоспарлау үшін қоғамдық әлеует құрамыз».

(«Балалардың өмір сүруіне қолайлы әлем», 60-тармақ).

«Біз кедергілерді жоюды және қызметті жеделдетуді одан әрі тиімді жүргізу үшін ұлттық және өңірлік деңгейлердегі ілгерілеуге мезгіл-мезгіл шолулар жүргізетін боламыз».

(«Балалардың өмір сүруіне қолайлы әлем», 61-тармақ)

Іс-қимылдар жоспары (61-тармақ) сол сияқты ЮНИСЕФ-ті де қол жеткен нәтижелер туралы мерзімдік баяндамалар дайындауға нақтылы қатысуға шақырады.

«... балалардың мүддесін қорғайтын әлемдегі жетекші мекеме ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының назарына үкіметтермен, тиісті қорлармен, бағдарламалармен және Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің мамандандырылған мекемелерімен, сондай-ақ барлық басқа да жұмыс істейтін тиісті адамдармен, егер бұл мақсатқа сай болған жағдайда, тығыз ынтымақтастықта осы Декларация мен Іс-қимылдар жоспарының жүзеге асырылу барысы туралы ақпаратты дайындауды және таратуды жалғастыру өтініледі».

**Мыңжылдық декларациясы** да (31-тармақ) осы тәрізді қол жеткен нәтижелер туралы мерзімдік есептіліктерді жариялауға шақырады:

«... Біз Бас ассамблеядан осы Декларация ережелерінің жүзеге асу барысын үнемі қарауды өтінеміз және Бас хатшыдан Бас ассамблеяда қарау үшін және одан арғы шараларды қабылдау үшін негіз ретінде мерзімдік баяндамаларды жариялауды өтінеміз».



Қазақстан Республикасының Президенті Мыңжылдық декларациясына қол қойғаннан кейін ҚР Үкіметі 2015 жылға Мыңжылдықтың даму мақсаттарына (МДМ) жету саласындағы ілгерілеуді қадағалау жөнінде өзіне міндеттеме алды. Қадағалау көрсеткіштерін бағалау процестің іс-қимыл жасау үшін ақпарат беру тұрғысынан да, сондай-ақ болып жатқан өзгерістерді бағалау үшін де маңызды бөлігі болып табылады.

Қазақстанның ұзақ мерзімді стратегиялық дамуы Мыңжылдықтың даму мақсаттарымен тығыз байланысты. МДМ-ның барлық мақсаттары мен міндеттері республика дамуының мемлекеттік және салалық бағдарламалары мен стратегияларында бейнеленген. Қазақстан дамуының стратегиялық басымдықтары сол сияқты «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді ұлттық стратегияда және «Қазақстан-2015» орта мерзімді даму жоспарында көрсетілген және кедейлер мен байлар арасындағы алшақтықты қысқарту, адам қауіпсіздігін әлеуметтік әлжуаздықты төмендету арқылы нығайту, көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын жақсартуға, қоршаған ортаны сауықтыру, азаматтық қоғамды мемлекеттік органдардың институционалдық әлеуетін дамытуға және нығайтуға тарту мәселелеріне баса назар аударылған.

Қазақстан соңғы 20 жылда МДМ-ға жету жолында айтарлықтай белгілі бір ілгерілеуге қол жеткізді. Республикада ұлттық мақсаттар мен



басымдықтарға жету үшін бірқатар стратегиялар мен мемлекеттік бағдарламалар әзірленді, олар:

- Қазақстан Республикасындағы кедейлік пен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама;
- Қазақстан Республикасындағы кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама;
- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасында білім берудің 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы;
- Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- «Ауыз су» 2002-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы іс-қимыл жөнінде 2001-2005 жылдарға арналған бағдарлама;
- 2006-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы;
- Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы;
- Халықты сумен қамтамасыз етудің 2011–2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы;
- 2020 жылға дейінгі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңарту салалық бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасы;
- Бала құқықтары жөніндегі Конвенция;
- Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық түрін жою жөніндегі конвенция;
- БҰҰ-ның даму мақсаттарында көмек көрсету жөніндегі негіздемелік бағдарламасы.

Осы Қорытынды Есепте көрсеткіштер мен тақырыптар бойынша бөліп көрсетілген зерттеу нәтижелері берілген.

## Зерттеудің мақсаттары

Қазақстанда 2010-2011 жылдары жүргізілген кластерлік зерттеулердің (МИКЗ) басты мақсаттары мыналар:

- Қазақстандағы балалар, әйелдер мен ерлер жағдайын бағалауға арналған ең соңғы ақпаратты ұсыну;
- болашақта бұдан ары шаралар қолдану үшін негіз ретінде Мыңжылдық декларациясында белгіленген мақсаттарға жету және басқа да халықаралық деңгейде келісілген мақсаттарға жету барысындағы прогрестің мониторингі үшін қажетті деректерді ұсыну;
- Қазақстандағы деректер жинау мен мониторинг жүйесінің сапасын жетілдіруге қолдау көрсету және осындай жүйелер жұмысын әзірлеу, енгізу және талдау кезінде пайдаланылатын техникалық сауаттылық деңгейін көтеру;
- Тіршілік әрекетінің барлық аясында олардың жағдайын жақсарту жөніндегі саясат пен мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыруға негіз болуы тиіс балалар, әйелдер мен ерлер ахуалы туралы – соның ішінде әлеуметтік



қорғалмаған топтарды табуға және орын алып отырған айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін деректер алу.

## II. Іріктемені құру және зерттеу жүргізу әдістемесі

---



## Іріктеме дизайны

МИКЗ 2010-2011жж. көп көрсеткішті кластерлік зерттеуге арналған іріктеменің жасалуы көптеген көрсеткіштер бойынша балалар мен әйелдердің қалалық және ауылдық жерлердегі хал – ахуалын ұлттық деңгейде, және де келесі 16 өңірлері: Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары, Астана және Алматы қалалары – кесіндісінде сипаттайтын бағалауларды алу мақсатында іс жүзіне асырылды.

Іріктеме 3 сатыда жүргізілді. Қалалық және ауылдық жерлерге арналған іріктеменің стратификациясы мынадай жолмен жүргізілді: 14 облыстың әр бірі 2 топқа бөлінді: 28 стратаны қалыптастырған қалалық және ауылдық топтар, және қосымша екі қалалық страталар – бұлар Астана және Алматы қалалары, сөйтіп 30 страта алынды (16 қалалық және 14 ауылдық). Іріктеменің бастапқы бірліктері (ІББ) немесе кластерлер 2009 жылғы Халық санағын жүргізу шеңберіндегі бір ІББ–немесе бір (немесе одан көбірек) санақ секторы бар санақ секторлары негізінде анықталды.

Бірінші сатыда бүкіл ел аумағын қамтитын тең ықтималдық дәрежесімен 780 ІББ сұрыпталып алынды. Санақ секторларының кейбіреуінің ауқымды болғаны сонша, үй шаруашылықтарының жаңа тізімін құрастыру экономикалық тұрғыдан алғанда мүмкін емес болды; мұндай жайттарда кластер ретінде ықшамырақ сегменттерді пайдалану тиімдірек болып шықты. 2010-2011жж. қазақстандық МИКЗ санақ секторларының көлемі

стандарттық сегменттердің санақ учаскесіндегі үй шаруашылықтарының санын 100–ге бөлу және ең таяу бүтін санға дейін дөңгелектеу арқылы табылған санымен өлшенді.

Іріктеменің екінші сатысында іріктеменің сұрыпталып алынған санақ участкелерінде сегментация жүргізілді: санақшылар жер–жерлерде құрастырған қол жетімді карталар немесе схемалық жоспарларды қолдану арқылы сұрыпталып алынған ІББ–лерді әрбірі 100 үй шаруашылықтарынан тұратын сегменттерге бөлінді. Сегментация бір ІББ–ге 2 немесе одан көбірек санақ секторлары келетін жерлерде ғана жүргізілді. Бұл жағдайда санақ участкелері саны стандартты сегменттерге тең бөліктерге бөлінді және мұндағы әр сегментте үй шаруашылықтарының шамалап алғанда саны тең болды. Бұдан кейін әр сұрыпталып алынған санақ участкесінде кездейсоқ түрде бір сегмент сұрыпталып алынды. Санақ участкесінің сұрыпталып алынған әрбір сегментінде үй шаруашылықтарының тізімі жасалды, одан кейін жаңартылған үй шаруашылықтарының тізімі іріктеменің үшінші сатысында қолданылды. Әр сұрыпталған ІББ немесе сегмент үшін тең дәрежелі ықтималдық бойынша жүйелі түрде 21 үй шаруашылықтарынан таңдалды. Сөйтіп, іріктеменің жалпы көлемі 16 380 үй шаруашылықтарын құрады. Берілген іріктеме өзіндік-салмақталған іріктеме болып табылмайды. Ұлттық және өңірлік деңгейлерде МИКЗ нәтижелерін тағайындау үшін іріктеме-лердің салмақтары қолданылды. Іріктеме жоспарының егжей – тегжейлі сипаттамасын А қосымшасынан табуға болады.

## Сұрақнамалар

Аталған зерттеуде сұрақнамалардың 4 түрі қолданылды: 1) үй шаруашылығының оның барлық *де-юре* мүшелері (әдетте үй шаруашылығында тұратын), үй шаруашылығының өзі және ол тұратын баспана туралы ақпарат жинауға арналған сұрақнама, 2) үй шаруашылығында тұратын барлық жасы 15-49 аралығындағы әйелдерге сауалдар қойылатын әйелдерге арналған сұрақнама; 3) анасы немесе балаға негізгі күтім жасаушы тұлғаға үй шаруашылығында тұратын жасы 5-ке толмаған балалар жайлы сауалдар қойылатын жасы 5-ке толмаған балалар жайлы сұрақнама; 4) ерлерге арналған сұрақнама, бұл Қазақстандағы МИКЗ–4-те алғаш рет енгізілді, оның негізінде кластердегі әрбір үшінші үй шаруашылығына жататын 15-59 жас тобындағы бір ер адамға сауалдар қойылды.

**Сұрақнамалар келесі модульдерді өз шеңберіне енгізді:**

**Үй шаруашылығының сұрақнамасы:**

- Үй шаруашылығының тізімдемесі;
- Білім деңгейі;
- Сумен жабдықтау және санитария;
- Үй шаруашылығының сипаттамасы;
- Балаларды тәртіпке салу;
- Тұзды йодтандыру.

**Әйелдерге арналған жекеше сұрақнама** (үй шаруашылығында тұратын барлық 15-49 жастағы әйелдерге сауалдар қою үшін қолданылды):

- Әйел туралы мағлұмат;
- БАҚ-қа қол жеткізу және ақпараттық/коммуникациялық технологияларды пайдалану;

- Балалардың өлім–жітімі;
- Соңғы баланы тууды қалауы;
- Ана мен бала денсаулығы;
- Аурулардың симптомдары;
- Контрацепция;
- Контрацепцияны қолдануда қанағаттандырылмаған қажеттіліктер;
- Үй–ішіндегі зорлық-зомбылыққа көзқарас;
- Некелік жағдайы/одақ;
- Жыныстық жүріс–тұрыс;
- АҚТҚ/ЖҚТБ;
- Темекі өнімдерін тарту мен алкогольді ішімдік ішу;
- Тұрмыстағы зорлық–зомбылық.

**Ерлерге арналған жекеше сұрақнама** әр үшінші үй шаруашылығында тұратын барлық 15-59 жас аралығындағы ерлерге сауалдар қою үшін қолданылды:

- Ер адам туралы мағлұмат;
- БАҚ-қа қол жеткізу және ақпараттық / коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- Контрацепция;
- Үй–ішіндегі зорлық-зомбылыққа көзқарас;
- Некелік жағдайы/одақ;
- Жыныстық жүріс–тұрыс;
- АҚТҚ/ЖҚТБ;
- Сүндетке отырғызылуы;
- Темекі өнімдерін тарту мен алкогольді ішімдік ішу.

**5 жасқа толмаған балалар жайлы сұрақнама** анасы немесе үй шаруашылығында тұратын 5 жасқа толмаған балаларға негізінен күтім жасаушы тұлғаға сауалдар қою үшін қолданылды<sup>5</sup>. Әдетте, бұл берілген сұрақнама бойынша 5 жасқа дейінгі балалардың анасына сауалдар қойылды; анасы үй шаруашылығының тізімдемесіне енбей қалған жағдайларда, балаға негізінен күтім жасайтын тұлға анықталып, оған сауалдар қойылды. Сұрақнамаға келесі модульдер енді:

- Жасы;
- Туғандығын тіркеуге алу;
- Баланың ерте жетілуі;
- Емшекпен қоректендіру;
- Ауру балаға күтім жасау;
- Иммунизация;
- Антропометрия.

Көрсетілген сұрақнамалар МИКЗ-4<sup>6</sup> типтік сұрақнамаларына негізделген. МИКЗ типтік сұрақнамаларының ағылшын тіліндегі версиялары орыс және қазақ тілдеріне аударылды.

2010-2011 жылдардағы МИКЗ сауалнамалары 2006 жылғы МИКЗ-пен салыстырғанда «БАҚ-қа қол жеткізу және ақпараттық/коммуникациялық технологияларды пайдалану», «Жыныстық жүріс – тұрысы», «Темекі тарту мен алкогольді ішімдік ішу» сияқты МИКЗ-тің жаңа модульдері қосылды. ЮНФПА-ның ұсынысы бойынша «Жасанды түсіктер» модулі қосылды және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты статистика агенттігі «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» модулін қосуды ұсынды.

Сауалнамалар Астана қаласында 2010 жылдың шілде–тамызында алдын ала сынақталды. Алдын ала жүргізілген сынақтар нәтижелері бойынша сауалдар мазмұнына өзгерістер енгізілді, ал олардың қазақ тіліндегі аудармасы түзетілді. Қазақстанның МИКЗ сұрақнамаларының үлгілері F қосымшасында берілген.

Атап өтілген сұрақнамалар бойынша сауалнама жүргізуден тыс, жергілікті жерлерде жұмыс істеген топтар тамақ даярлау үшін үй шаруашылықтарында қолданылатын тұздың құрамындағы йод мөлшерін тексерді әрі жасы 5-ке толмаған балалардың салмағы мен бойын өлшеді. Бұл өлшеулердің егжей–тегжейі мен нәтижелері осы есептің тиісті бөлімдерінде берілген.



<sup>5</sup> Бұл есепте «жасы 5-ке толмаған балалар», «жасы 0-4 жас аралығындағы балалар» және «жасы 0-59 айдағы балалар» сөздері бір-бірімен ауыстыруға болатын түрде қолданылды.

<sup>6</sup> МИКЗ - 4 типтік сұрақнамаларын келесі сайттан табуға болады [www.unicef.org](http://www.unicef.org)

## Қызметкерлер құрамын даярлау және жергілікті жерлерде жұмыс жүргізу

Қазақстандағы МИКЗ-4 жобасын жүзеге асыруға тартылған ҚР Статистика агенттігінің қызметкерлерін дайындау Нью-Йорктағы ЮНИСЕФ (БҰҰ) Штаб-пәтерінің және ОШЕ – СНГ елдері бойынша ЮНИСЕФ-тің өңірлік офистері 2009-2011 жылдары (2009 – Амман (Иордания); 2010, 2011 жж. – Ыстамбул (Түркия); 2010ж. – Белград (Сербия) олардың өңірлік семинар-тренингтерге қатысу арқылы жүргізілген.

Семинар-тренингтердің бағдарламаларында іріктеме дизайнын, зерттеу логистикасын және қаржыландыруды жоспарлау; МИКЗ-4 сауалнамаларының жекелеген модульдерінің тақырыптары, МИКЗ индикаторлары, деректерді өңдеу және кестелеу, сондай-ақ МИКЗ нәтижелерін тарату мәселелерін талқылау қарастырылған.

Облыстық (қалалық) Статистика департаменттерінің қызметкерлер құрамын жергілікті жерлерде

жұмыс істеуге даярлау 2010 жылдың қыркүйегінде 12 күн ішінде жүргізілді. Даярлау бағдарламасы өз шеңберіне сауалнама жүргізу мен сұрақнама мазмұны әдістері бойынша лекцияларды, жаттығу сабақтарын енгізді, бұлардың барысында тыңдаушылар сұрақтар қойып жаттығу үшін бір-біріне сауалдар қойды. Даярлау курсының соңында тыңдаушылар Ақмола облысындағы Шортанды қаласында және Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шымкент қаласында 2 күндік сауалнама жүргізу тәжірибесінен өтті.

Деректер жинауды 16 команда (топ) іс жүзіне асырды, олардың әрқайсысы бір жетекші, бір редактор, 6 сұхбат жүргізуші-интервьюер (оның 5-уі әйел әрі 1-уі - балалардың салмағы мен бойын өлшеу ісін атқарған ер адам болды) және бір жүргізушіден құралды. Жергілікті жерлердегі жұмыс 2010 жылдың қарашасында басталып, 2011 жылдың қаңтарында аяқталды.

### Деректерді өңдеу

Деректер енгізу деректерді енгізетін 14 оператор мен деректерді енгізу бойынша жетекші болып табылатын 4 маманның (олардың екеуі – редактор) күшімен 18 компьютерде CSPro бағдарламасымен іс жүзіне асырылды. Сапасын тексеруді қамтамасыз ету үшін барлық сұрақнамалар екі реттен енгізілді және кейіннен олардың ішкі сәйкестілігі тексерілді. Деректерді өңдеу процесінің барлық сатысында МИКЗ-дің шеңберінде құрастырылған және қазақстандық сұрақнамаларға бейімделген процедуралар мен стандартты бағдарламалар пайдаланылды. Деректерді өңдеу процесі 2010 жылдың қараша айында деректерді жинастырумен бір мезетте басталды. Деректер енгізу 2011 жылдың қаңтарының соңында аяқталды, бастапқы деректер қорын өңдеу мен редакциялау 2011 жылдың шілдесінде аяқталды, 2011 жылдың шілде-тамызында МИКЗ-дің негізгі шығу кестелері қалыптастырылды. 2011 жылдың

тамызында МИКЗ-дің алдын-ала сараптамасының нәтижелері мүдделі мемлекеттік органдар (министрліктер мен ведомстволар) және халықаралық ұйымдар өкілдерінің назарына ұсынылды. Жекелеген жаңа модульдар (мәселен, «Тұрмыстағы зорлық-зомбылық», «Жасанды түсіктер» тәрізді) және ерлерге арналған сұрақнамалар бойынша шығу кестелері 2011 жылдың соңына дейін ЮНИСЕФ-тің халықаралық кеңесшілермен бірлесе талқыланып, түзетіліп отырды.

Деректерді талдау «Әлеуметтік ғылымдарға арналған статистикалық пакет» (SPSS) бағдарламасының 18-ші баламасының және ЮНИСЕФ даярлаған, ҚР Статистика агенттігінің «АЕО РМК-нің» компьютерлік бағдарламаларының маманы Қазақстан сұрақнамаларына бейімдеген синтаксис пен кестелер жасау жоспарларының көмегімен жүргізілді.

# III. Іріктеме аумағы және үй шаруашылықтары мен респонденттердің сипаттамасы

---



## Іріктеме ауқымы

Іріктеме үшін сұрыпталып алынған 16 380 үй шаруашылықтарында 16 018 адамдар тұрып жатты. Олардың ішінен 15 800 үй шаруашылықтарында табысты түрде сауалнама жүргізілді, осының нәтижесінде үй шаруашылықтары жауаптарының коэффициенті 98,6 пайызды құрады. Сауалнама жүргізілген үй шаруашылықтарында 14 228 (15–49 жас аралығындағы) әйел тұратыны анықталды. Олардың ішінен 14 014 әйелге нәтижелі түрде сұрақтар қойылды, осының нәтижесінде жауаптар коэффициенті 98,5 пайызды құрады. Іріктемеге енген үй шаруашылықтарында 15-59 жас тобындағы 4 043 ер адам табылып, олардың 3 846-сына нәтижелі

түрде сұрақтар қойылды, осының арқасында жауап коэффициенті 95,1 пайызды құрады.

Сонымен қатар үй шаруашылығының сауалнамасында 5 жасқа толмаған 5 227 бала бар екені анықталды. Олар бойынша 5 181 сауалнама толтырылды, ал бұл 99,1 пайызға тең жауаптар коэффициентіне сәйкес болады.

15-49 жас аралығындағы әйелдерге және 5 жасқа толмаған балаларға сұрақтар қоюға арналған жауаптардың жалпы коэффициенті тиісінше 97,2 пен 97,8 пайызды құрады. 15-59 жас тобындағы ер адамдарды сауалдауға арналған есептелген жауаптар коэффициенті 93,8 пайыз мөлшеріне тең болды.

### НН.1 - кесте. Үй шаруашылықтарының, әйелдер мен 5 жасқа дейінгі балаларды және ерлерді сауалдау нәтижелері

*Үй шаруашылықтарының, әйелдердің, 5 жасқа дейінгі балалардың және ерлердің саны, сонымен бірге үй шаруашылықтарының, әйелдердің, 5 жасқа дейінгі балалардың және ерлердің жауаптарының коэффициенттері, Қазақстан, 2010-2011 жж.*

	Тұрғылықты жері		Барлығы
	Қалалық	Ауылдық	
<b>Үй шаруашылықтары саны</b>			
Сұрыпталып алынғаны	10038	6342	16380
Адам тұратыны	9822	6196	16018
Сауалданғандары	9629	6171	15800
Үй шаруашылықтары жауаптарының коэффициенті	98,0	99,6	98,6
<b>Әйелдер саны</b>			
Шарттарға сәйкес келетіндері	8341	5887	14228
Сауалданғандары	8234	5780	14014
Әйелдер жауаптарының коэффициенті	98,7	98,2	98,5
Әйелдер жауаптарының жалпы коэффициенті	96,8	97,8	97,2
<b>Ерлер саны</b>			
Шарттарға сәйкес келетіндері	2332	1711	4043
Сауалданғандары	2207	1639	3846
Ерлер жауаптарының коэффициенті	94,6	95,8	95,1
Ерлер жауаптарының жалпы коэффициенті	92,8	95,4	93,8
<b>5 жасқа дейінгі балалар саны</b>			
Шарттарға сәйкес келетіндері	2678	2549	5227
Сұрақ қойылған аналар/балаларға күтім жасайтын тұлғалар	2653	2528	5181
Жауаптардың коэффициенті	99,1	99,2	99,1
Жауаптардың жалпы коэффициенті	97,1	98,8	97,8



жалғасы

	СОНЫҢ ІШІНДЕ ӨҢІРЛЕР							
	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Алматы қаласы	Астана қаласы	Атырау	Шығыс-Қазақстан	Жамбыл
<b>Үй шаруашылықтары саны</b>								
Сұрыпталып алынғаны	1176	882	1008	1008	924	798	1218	882
Адам тұратыны	1134	849	975	1000	923	785	1177	866
Сауалданғандары	1118	813	956	990	920	774	1142	857
Үй шаруашылықтары жауаптарының коэффициенті	98,6	95,8	98,1	99,0	99,7	98,6	97,0	99,0
<b>Әйелдер саны</b>								
Шарттарға сәйкес келетіндері	771	794	996	801	937	887	836	815
Сауалданғандары	744	788	985	800	931	859	819	804
Әйелдер жауаптарының коэффициенті	96,5	99,2	98,9	99,9	99,4	96,8	98,0	98,7
Әйелдер жауаптарының жалпы коэффициенті	95,1	95,0	97,0	98,9	99,0	95,5	95,1	97,6
<b>Ерлер саны</b>								
Шарттарға сәйкес келетіндері	267	226	268	217	233	225	276	229
Сауалданғандары	250	210	254	211	231	198	258	223
Ерлер жауаптарының коэффициенті	93,6	92,9	94,8	97,2	99,1	88,0	93,5	97,4
Ерлер жауаптарының жалпы коэффициенті	92,3	89,0	92,9	96,3	98,8	86,8	90,7	96,4
<b>5 жасқа дейінгі балалар саны</b>								
Шарттарға сәйкес келетіндері	239	297	357	138	294	383	258	387
Сауалданған аналар/ балаларға күтім жасайтын тұлғалар	229	295	356	137	294	382	255	386
Жауаптар коэффициенті	95,8	99,3	99,7	99,3	100,0	99,7	98,8	99,7
Жауаптардың жалпы коэффициенті	94,5	95,1	97,8	98,3	99,7	98,3	95,9	98,7

жалғасы

	СОНЫҢ ІШІНДЕ ӨҢІРЛЕР							
	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан
<b>Үй шаруашылықтары саны</b>								
Сұрыпталып алынғаны	966	1218	1260	798	798	1176	1260	1008
Адам тұратыны	953	1210	1249	777	743	1144	1242	991
Сауалданғандары	949	1207	1237	776	714	1129	1240	978
Үй шаруашылықтары жауаптарының коэффициенті	99,6	99,8	99,0	99,9	96,1	98,7	99,8	98,7
<b>Әйелдер саны</b>								
Шарттарға сәйкес келетіндер	843	955	879	874	887	917	906	1130
Сауалданғандары	840	944	871	869	863	881	893	1123
Әйелдер жауаптарының коэффициенті	99,6	98,8	99,1	99,4	97,3	96,1	98,6	99,4
Әйелдер жауаптарының жалпы коэффициенті	99,2	98,6	98,1	99,3	93,5	94,8	98,4	98,1
<b>Ерлер саны</b>								
Шарттарға сәйкес келетіндері	245	260	270	235	217	287	296	292
Сұралғандары	238	246	261	231	197	275	283	280
Ерлер жауаптарының коэффициенті	97,1	94,6	96,7	98,3	90,8	95,8	95,6	95,9
Ерлер жауаптарының жалпы коэффициенті	96,7	94,4	95,7	98,2	87,2	94,6	95,5	94,6

	СОНЫҢ ІШІНДЕ ӨҢІРЛЕР							
	Батыс-Қазақстан	Қарағанды	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан
<b>5 жасқа дейінгі балалар саны</b>								
Шарттарға сәйкес келетіндері	291	314	250	455	468	268	218	610
Сауалданған аналар/балаларға күтім жасайтын тұлғалар	291	312	249	453	457	259	218	608
Жауаптар коэффициенті	100,0	99,4	99,6	99,6	97,6	96,6	100,0	99,7
Жауаптардың жалпы коэффициенті	99,6	99,1	98,6	99,4	93,8	95,4	99,8	98,4

Осы орайда айта кету керек, ауылдық жерлердегі үй шаруашылықтарының жауаптар коэффициенті қалалық жерлердегі үй шаруашылықтарымен салыстырғанда сәл жоғарырақ және олар тиісінше 99,6 пайыз бен 98 пайызды құрайды.

Жалпы алғанда жауаптардың жалпы коэффициенті жоғары болды және Ақтөбе мен Маңғыстау облыстарындағы 95,8-96,1 пайыздан Шығыс-Қазақстан облысындағы 97 пайыз деңгейіне дейін; Алматы, Ақмола, Атырау, Оңтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарындағы 98,1–ден 98,7

пайыз деңгейіне дейін, Қостанай, Жамбыл, Батыс-Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары мен Астана және Алматы қалаларында 99 пайыздан 99,9 пайыз деңгейіне дейін айырмашылық байқатты.

НН.1–кестесінен көрініп тұрғандай, ерлер арасындағы жауап коэффициенттері (95,1 пайыз) әйелдер (98,5 пайыз) мен аналары/балаларға күтім жасаушы тұлғалар арасындағы (99,1 пайыз) жауап коэффициенттерімен салыстырғанда біраз төменірек екені байқалады.

## Үй шаруашылықтарының сипаттамалары

Зерттелген тұрғындардың жасы және жынысы бойынша бөлінісі НН.2–кестесінде келтірілген. Бұл бөлініс сонымен бірге НН.1 диаграммадағы халықтың жыныс–жас пирамидасын құру үшін де пайдаланды.

Зерттеу барысында нәтижелі түрде пікірлері сұрастырылған 15 800 үй шаруашылықтарында

54 549 адам тұрып жатты. Зерттеу барысында жасалған бағалау бойынша үй шаруашылықтарының орташа мөлшері 3,5 адамды құрайтыны анықталды, бұл 2009 жылғы халық санағы деректеріне сәйкес болып табылады.

### НН.2 - кесте. Үй шаруашылықтары мүшелерін жасы және жынысы бойынша бөлу

Үй шаруашылықтары тұрғындарының бес жылдық жас топтарына, асыраудағы жандар жас топтарына, балалар (жасы 0–17 аралығында) мен ересектер (18 жастағы және одан жоғары) және жынысы бойынша бөліністегі халықтың пайыздық және жиіліктік бөлінісі, Қазақстан, 2010-2011жж.

Жасы	Ерлер		Әйелдер		Барлығы	
	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз
0–4	2654	10,2	2544	8,9	5198	9,5
5–9	2117	8,1	2217	7,8	4334	7,9
10–14	2056	7,9	2065	7,2	4120	7,6
15–19	2249	8,6	2039	7,2	4289	7,9
20–24	2361	9,1	2206	7,7	4567	8,4
25–29	2085	8,0	2036	7,1	4122	7,6
30–34	1960	7,5	2030	7,1	3990	7,3
35–39	1829	7,0	1916	6,7	3745	6,9
40–44	1788	6,9	1936	6,8	3724	6,8
45–49	1863	7,2	1993	7,0	3856	7,1
50–54	1599	6,1	2040	7,2	3639	6,7

	Ерлер		Әйелдер		Барлығы	
	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз
55–59	1120	4,3	1520	5,3	2640	4,8
60–64	919	3,5	1204	4,2	2123	3,9
65–69	445	1,7	679	2,4	1125	2,1
70–74	600	2,3	1020	3,6	1620	3,0
75–79	214	0,8	502	1,8	716	1,3
80–84	139	0,5	381	1,3	519	1,0
85+	50	0,2	167	0,6	217	0,4
Қалдырып кеткен/Білмейді	0	0,0	3	0,0	3	0,0
<b>Халықтың жекелеген жас топтары</b>						
15 жастан кіші	6827	26,2	6825	23,9	13653	25,0
15–64 жас	17774	68,2	18921	66,4	36695	67,3
65 жас және одан үлкен жастағылар	1449	5,6	2749	9,6	4198	7,7
Қалдырып кеткен/Білмейді	0	0,0	3	0,0	3	0,0
<b>Балалар мен ересек халық</b>						
0–17 жас тобындағы балалар	8243	31,6	8080	28,4	16323	29,9
18 жас және одан үлкен ересектер	17807	68,4	20416	71,6	38223	70,1
Қалдырып кеткен/Білмейді	0	0,0	3	0,0	3	0,0
<b>Барлығы</b>	<b>26050</b>	<b>100,0</b>	<b>28499</b>	<b>100,0</b>	<b>54549</b>	<b>100,0</b>

0-14 жас аралығындағы тұрғындар саны 13 652 адамды немесе 25 пайызды құрайды, олардың 6 827 (ерлердің жалпы санының 26,2 пайызы) ер балалар және 6 825 (барлық әйелдердің 23,9 пайызы) қыз балалар құрады. Жасы 15-64 жас аралығындағы тұрғындар саны 36 399 адамды немесе тұрғын халық санының 67,3 пайызын құрады, олардың ішінде ерлер 17 774 адам немесе 68,2 пайызды, әйелдер 18 925 адам немесе 66,4 пайызды құрады.

Жасы 65-тен асқан тұрғындар саны 4 198 адамды немесе 7,7 пайызды құрайды, соның ішінде 1 449 ерлер (5,6 пайыз) және 2 749 әйелдер (9,6 пайыз).

Жасы 0-17 жас аралығындағы балалар саны 16 323 адамды немесе зерттеуге қатысқан үй шаруашылықтары мүшелерінің жалпы санының 29,9 пайызын құрайды, соның ішінде 8 243 адам немесе 31,6 пайызы ерлер болса, 8 080 адам немесе 28,4 пайызы әйелдер болды.

2009 жылдың Халық санағы нәтижелерімен салыстырғанда МИКЗ–де жасы 0-14 аралығындағы жас тобындағы балалардың саны 3 пайызға, ал жасы 0-17 аралығындағы жас тобындағы балалардың саны 0,3 пайызға және жасы 65–тен асқан адамдар жас тобындағылар саны – 0,7 пайызға жоғары, алайда жасы 15-64 аралығындағы жас тобындағылар саны 2 пайыздық мөлшерге кем.


НН.1-диаграммада зерттелген үй шаруашылықтарындағы ерлер мен әйелдердің пайыз-

дық бөлінісі көрсетілген. Тұтастай алғанда үй шаруашылықтарында жасы 0 мен 85 жас аралығындағы және одан да үлкен жастағы 54 549 адам зерттелді, олардың 26 050-і - ерлер және 28 499-ы - әйелдер болды, арақатынасы тиісінше 47,7 пайыз бен 52,3 пайызды құрайды. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ағымдағы статистикалық деректері бойынша 2011 жылдың 1 қаңтарына қарай ерлер мен әйелдердің үлесі 48,2 пайыз - ерлер мен 51,8 пайызы - әйелдерді құрады, және көрініп тұрғандай, іріктеме кезінде үлкен ауытқулар болмаған.

Жыныс–жас пирамидасында зерттелген халықтың жас топтары бес жылдық топ бойынша бөліністе көрсетілген: 0-4 жас, 5-9 жас, .....85 жас және одан жоғары. Бұл жас топтары бойынша ерлер мен әйелдердің үлесі келесі ретпен үлестірілді: тиісінше 0-4 жас ер балалар - 4,8 пайыз, қыз балалар – 4,7 пайыз; 5-9 жас – тиісінше 3,9 пайыз және 4,1 пайыз; 10-14 жас - 3,8 пайыздан ; 15-19 жас ерлер - 4,1 пайыз және әйелдер - 3,7 пайыз; 20-24 жас – тиісінше 4,3 пайыз және 4,0 пайыз; 25-29 жас - 3,8 пайыз және 3,7 пайыз; 30-34 жас - 3,6 пайыз және 3,7 пайыз; 35-39 жас – тиісінше 3,4 пайыз және 3,5 пайыз; 40-44 жас - 3,3 пайыз және 3,6 пайыз, 85 жас және жасы одан да жоғары жас тобында - 0,1 пайыз – ерлер мен 0,3 пайыз – әйелдер.

Атап көрсетілуі тиіс бір нәрсе, 55-59 жас тобынан бастап ерлер мен әйелдер үлесінің

НН.1 диаграммасы: Үй шаруашылықтары халқының саны, жасы және жынысы бойынша, Қазақстан, 2010/11



арасындағы айырмашылық арта береді және 70 жас және жасы одан жоғары жас тобында 1,9 пайыз құрайды. Келтірілген деректерден халықтың жыныс–жас пирамидасында ағымдағы статистикалық деректер бойынша 2011 жылдың 1 қаңтарына қарай дәл осындай тенденция байқалады. Берілген жас топтары бойынша іріктеменің ерлер мен әйелдер үлестерінің арақатынасы ағымдағы статистиканың деректерімен салыстырғанда ұқсас болды.

НН.3–НН.5 кестелерінде үй шаруашылықтары, жасы 15-49 аралығындағы сауалданған әйелдер, 15-59 жас аралығындағы сауалданған ерлер және 5 жасқа дейінгі балалар жөніндегі негізгі ақпарат бар, ол салмақталмаған және салмақталған деректер түрінде көрсетілген. Үй шаруашылықтарын, әйелдер, ерлер мен 5 жасқа дейінгі балаларды зерттеу барысындағы сауал қойылғандардың негізгі сипаттамалары жөніндегі мәлімет осы есептегі

нәтижелерді әрі қарай талдау үшін өте маңызды болып саналады және жүргізілген зерттеу қаншалықты репрезентативті екені жөніндегі қорытынды жасау үшін негіз бола алады. Бұл есепте келтірілген барлық басқа кестелер тек салмақталған сандардан тұрады. Салмақтау туралы егжей–тегжейлі ақпаратты қосымша А–дан қараңыз.

НН.3–кестесінде үй шаруашылықтары туралы негізгі деректер келтірілген. Мұнда үй шаруашылығы басшысының жынысы, өңір мен тұрғылықты жері, үй шаруашылығы мүшелерінің саны, үй шаруашылығы басшысының білім деңгейі, этникалық тиістілігі/сөйлеу тілі<sup>7</sup> тәрізді үй шаруашылықтарының сипаттамалары келтірілген. Бұл негізгі (фондық) сипаттамалар осы Есепте келтірілген келесі кестелерде де пайдаланылады, кестелерде сонымен бірге талдаудың негізгі санаттары (категориялары) бойынша бақылаулар саны келтірілген.

### НН.3 - кесте. Үй шаруашылықтарының құрамы

Жекелеген сипаттамалары бойынша үй шаруашылықтарының пайыздық және жиіліктік бөлінісі, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Салмақталған пайыз	Үй шаруашылықтарының саны	
		Салмақталған	Салмақталмаған
<b>Үй шаруашылығы басшысының жынысы</b>			
Ер	63,9	10090	10136
Әйел	36,1	5710	5664
<b>Өңір</b>			
Ақмола	5,6	884	1118

<sup>7</sup> Бұл үй шаруашылығы басшысының ана тілі туралы сұрақ қою арқылы анықталды. Сұрақ келесідей жолмен қойылды: НС1в. Үй шаруашылығы басшысының ана тілі қай тіл?

	Салмақталған пайыз	Үй шаруашылықтарының саны	
		Салмақталған	Салмақталмаған
Ақтөбе	4,5	713	813
Алматы	9,3	1470	956
Алматы қаласы	9,3	1473	990
Астана қаласы	3,4	544	920
Атырау	2,3	359	774
Шығыс-Қазақстан	10,6	1673	1142
Жамбыл	5,6	890	857
Батыс-Қазақстан	4,1	647	949
Қарағанды	10,3	1629	1207
Қостанай	7,1	1129	1237
Қызылорда	3,2	498	776
Маңғыстау	2,4	372	714
Павлодар	5,9	931	1129
Солтүстік Қазақстан	5,0	795	1240
Оңтүстік Қазақстан	11,4	1794	978
<b>Тұрғылықты жері</b>			
Қалалық	60,7	9598	9629
Ауылдық	39,3	6202	6171
<b>Үй шаруашылығы мүшелері саны (адам)</b>			
1	15,7	2488	2462
2	20,8	3284	3292
3	19,7	3113	3147
4	17,9	2831	2910
5	11,9	1875	1859
6	6,9	1084	1070
7	3,8	597	558
8	1,6	256	243
9	0,9	147	133
10+	0,8	125	126
<b>Үй шаруашылығы басшысының білім деңгейі</b>			
Жоқ	0,5	74	60
Аяқталмаған орта	12,0	1904	1896
Орта	30,3	4793	4720
Орта арнаулы	32,4	5120	5242
Жоғары	24,7	3910	3882
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>			
Қазақтар	53,8	8501	8740
Орыстар	32,6	5158	5051
Басқалар	13,5	2141	2009
<b>Барлығы</b>	<b>100</b>	<b>15800</b>	<b>15800</b>
<b>Бұларда кем дегенде мынадай жандар тұратын үй шаруашылықтары</b>			
Жасы 0-4 жастағы бір бала	24,9	15800	15800
Жасы 0-17 жастағы бір бала	52,9	15800	15800
Жасы 15-49 жастағы бір әйел	67,6	15800	15800
Жасы 15-59 жастағы бір ер адам	73,9	15800	15800
<b>Үй шаруашылығының орташа көлемі</b>	<b>3,5</b>	<b>15800</b>	<b>15800</b>

Үй шаруашылықтарының салмақталған және салмақталмаған сандары тең, себебі іріктемелер салмағы бірыңғайластырылды (стандартталды) (Қосымша А–ны қараңыз). Сонымен бірге кестесіне оларда жасы 18–ге толмаған кем дегенде дегенде бір бала, 5 жасқа дейінгі кемінде бір бала, және де шарттарға сәйкес келетін 15–49 жастағы кемінде бір әйел және шарттарға сәйкес келетін 15–59 жастағы кемінде бір ер адам бары анықталған үй шаруашылықтарының үлестері көрсетілген.

Жасы 18–ге толмаған кемінде бір бала тұратын үй шаруашылықтарының үлесі 52,9

пайызды құрады, үй шаруашылықтарының 24,9 пайызында 5 жасқа дейінгі балалар тұратыны анықталды, кемінде бір әйел (15-49 жастағы) және кемінде бір ер адам (15-59 жастағы) тұратын үй шаруашылықтарының үлесі тиісінше 67,6 пайыз бен 73,9 пайызды құрады.

Үй шаруашылықтарының 15,7 пайызы бір мүшеден (2009 жылдың Халық санағы бойынша – 14,6%), 20,8 пайызы – 2-3 мүшеден (38,3%), 19,7 пайызы – 4-5 мүшеден (31%), 17,9 пайызы – 6-7 мүшеден (11,6%), 11,9 пайызы – 8-9 мүшеден (3%) және 6,9 пайызы – 10 және одан да көп үй шаруашылығы мүшесінен тұрады (1,5%).

## 15–49 жас топтарындағы әйелдер мен 15-59 жас аралығындағы ерлердің және 5 жасқа дейінгі балалардың сипаттамалары

НН.4, НН.4М және НН.5 кестелерінде үй шаруашылықтары, жасы 15-49 аралығындағы сұхбаткер әйелдер, жасы 15-59 аралығындағы сұхбаткер ерлер және 5 жасқа дейінгі балалардың негізгі сипаттамасы жөніндегі ақпарат келтірілген. Барлық кестелерде салмақталмаған және салмақталған бақылаулар сандары бірдей бо-

лып табылады, себебі іріктемелер салмақтары бірыңғайластырылды (стандартталды). Бұл кестелерде әйелдер, ерлер мен балалардың пайдалы негізгі сипаттамалары туралы ақпараттан басқа сипаттамалар санаттары бойынша бақылаулар саны берілген. Бұл бақылаулар осы есепте келтірілген барлық басқа кестелерде де пайдаланылады.

### НН.4 - кесте. Әйелдердің негізгі сипаттамалары

Жасы 15–49 аралығындағы әйелдердің негізгі сипаттамалары бойынша пайыздық және жиіліктік бөлінісі, Қазақстан, 2010-2011 жж.

	Салмақталған пайыз	Әйелдер саны	
		Салмақталған	Салмақталмаған
<b>Өңір</b>			
Ақмола	4,3	603	744
Ақтөбе	4,9	694	788
Алматы	10,8	1518	985
Алматы қаласы	8,5	1190	800
Астана қаласы	3,8	539	931
Атырау	2,9	409	859
Шығыс-Қазақстан	8,6	1210	819
Жамбыл	6,0	836	804
Батыс-Қазақстан	4,0	566	840
Қарағанды	9,1	1274	944
Қостанай	5,6	791	871
Қызылорда	3,9	553	869
Маңғыстау	3,3	461	863
Павлодар	5,3	746	881
Солтүстік Қазақстан	4,1	577	893
Оңтүстік Қазақстан	14,6	2048	1123

	Салмақталған пайыз	Әйелдер саны	
		Салмақталған	Салмақталмаған
<b>Тұрғылықты жері</b>			
Қалалық	57,5	8055	8234
Ауылдық	42,5	5959	5780
<b>Жасы</b>			
15-19	14,4	2022	2012
20-24	15,5	2178	2170
25-29	14,4	2016	2024
30-34	14,3	2005	1996
35-39	13,6	1901	1892
40-44	13,7	1919	1941
45-49	14,1	1972	1979
<b>Некелік жағдай/одақ</b>			
Некеде/одақта	60,2	8434	8426
Жесір	3,0	418	421
Ажырасқан	6,3	888	885
Бөлек тұрады	2,2	311	318
Еш уақытта некеде/одақта болмаған	28,3	3963	3964
<b>Аналық мәртебесі</b>			
Бұрын–соңды бала туған	67,6	9469	9490
Бұрын–соңды бала тумаған	32,4	4545	4524
<b>Соңғы 2 жылдағы босанулар</b>			
Босанған	14,2	1993	2027
Босанбаған	85,8	12021	11987
<b>Білімі</b>			
Жоқ	0,2	25	26
Аяқталмаған орта	3,9	553	534
Орта	31,5	4407	4227
Орта арнаулы	32,4	4539	4705
Жоғары	32,0	4489	4522
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>			
Ең кедей	18,0	2528	2243
Екінші	18,5	2599	2527
Орташа	19,6	2743	2812
Төртінші	20,3	2839	2946
Ең бай	23,6	3305	3486
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>			
Қазақтар	64,2	9003	9275
Орыстар	22,6	3168	3126
Басқалар	13,2	1843	1613
<b>Барлығы</b>	<b>100,0</b>	<b>14014</b>	<b>14014</b>

НН.4–кестесінде жасы 15-49–дағы сұхбаткер әйелдердің негізгі сипаттамалары келтірілген. Онда әйелдердің өңір, тұрғылықты жері, жас тобы, некелік ахуалы, аналық мәртебесі, білім деңгейі<sup>8</sup>, ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер<sup>9</sup> және үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі бойынша бөлінісі келтірілген.

Жасы 15-49–дағы әйелдердің 57,5 пайызы қалалық, ал 42,5 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Зерттеу кезінде әйелдердің 60,2 пайызы некеде немесе бейресми одақта болды; 11,5 пайызы – ажырасқан немесе жесір, және 28,3 пайызы – еш уақытта некеде/одақта болмағаны анықталды.

Аналық мәртебесі бойынша әйелдердің 67,6 пайызының бұрын–соңды бала туғаны анықталды.

Білім деңгейі бойынша бөлініс келесідей: әйелдердің 3,9 пайызында бастауыш/аяқталмаған орта білім, 31,5 пайызында–орта білім, 32,4 пайызында–орта арнаулы білім, және 32 пайызында – жоғары білім болған.

Ауқаттылық деңгейі бойынша үй шаруашылықтардың ең кедейлер (ең төменгі) мен екінші топтары шамамен алғанда тең – 18,0–18,5 пайыздық көрсеткішпен көрсетілсе, орташалар – 19,6 пайыз, төртінші квинтиль – 20,3 пайыз және ауқаттылық деңгейі бойынша ең бай квинтиль – 23,6 пайызды деңгейіндегі көрсеткіштерді құрады.

64,2 пайыз жағдайларда үй шаруашылықтарының басшылары қазақтар, 22,6 пайызында – орыстар және 13,2 пайызында – басқа ұлт өкілдері болып келген.



<sup>8</sup> Егер басқа ақпарат көрсетілмесе, «білімі» бұл деңгей негізгі айнымалы ретінде пайдаланылатын сұхбаткердің осы есепті құрастыру кезіндегі білім деңгейіне қатысты алынады.

<sup>9</sup> Тұтынушы тауарларға иелік ету, баспанасының сипаттамалары, сумен жабдықтау және санитария мен басқа да үй шаруашылығының ауқаттылығына қатысты сипаттамалар негізінде үй шаруашылығының мүлкінің әр түріне салмақ тағайындау үшін (фактор мәні) басты құраушыларға талдау жасалды. Бұл салмақтар негізінде әрі үй шаруашылығының иелігіндегі мүлік нысандарын есепке ала отырып, әр үй шаруашылығына тиісінше ауқаттылық балдары тағайындалды. Одан кейін зерттелуші үй шаруашылықтарының тұрғындары тұратын үй шаруашылығының ауқаттылық балдары бойынша әр түрлі топқа топтастырылды және – ең төменгіден (ең кедейлер) басталып, ең жоғарымен аяқталатын (ең бай) 5 тең бөлікке бөлінді (квинтильдер). Бұл есептерде мүлктің келесідей түрлері есепке алынды: электр тоғы, радио, түрлі-түсті теледидар, ұялы телефон, стационарлық (ұялы емес) телефон, тоңазытқыш, дербес компьютер/ноутбук, DVD – ойнатқыш, ыдыс жуатын машина, микротолқынды пеш, кір жуатын машина, шаңсорғыш және үй шаруашылығы мүшелерінде мынадай нәрселердің болуы: велосипед, мотоцикл/мотороллер, аутокөлік, жүк автомобилі, трактор, моторлы қайық. Ауқаттылық индексі болжамдап алғанда үй шаруашылығының мүлкімен анықталатын ұзақ мерзімді ауқаттылықтың деңгейін бейнелейді және үй шаруашылықтарын ауқаттылықтың деңгейі бойынша әр түрлі топқа топтастыру – ең төменгіден, ең жоғарыға дейін – үшін қолданылады. Ауқаттылық индексі негізінде абсолюттік кедейлік деңгейі бойынша да, қазіргі күнгі кірістері не шығыстары деңгейі бойынша да тұжырымға келуге болмайды. Жоғарыда аталған ауқаттылық балдары – осы балдар оларға негізделген – тек анықталған деректер жиынтығына ғана қатысты. Ауқаттылық индексіні құру туралы егжей – тегжейлі ақпаратты келесідей көздерден табуға болады: Filmer, D. and Pritchett, L., 2001. “Estimating wealth effects without expenditure data – or tears: An application to educational enrolments in states of India” (Байлықтың әсерін шығыстар деректерін есепке алмай бағалау - немесе көз жасы туралы: Үндістан штаттарындағы біліммен қамту мәселесіне назар аудару). *Demography* 38(1): 115-132. Gwatkin, D.R., Rutstein, S., Johnson, K., Pande, R. and Wagstaff, A., 2000. *Socio-Economic Differences in Health, Nutrition, and Population* (Денсаулық сақтау, тамақтану мен халықты қоныстандыру саласындағы әлеуметтік – экономикалық айырмашылықтар). *HNP/Poverty Thematic Group, Washington, DC: World Bank.* Rutstein, S.O. and Johnson, K., 2004. *The DHS Wealth Index* (Демография мен денсаулық сақтау салаларындағы зерттеулердегі ауқаттылық индексі). *DHS Comparative Reports No. 6. Calverton, Maryland: ORC Macro.*



#### НН.4М – кесте. Ерлердің негізгі сипаттамалары

15–59 жас аралығындағы ерлердің негізгі сипаттамалары бойынша пайыздық және жиіліктік бөлінісі, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Салмақталған пайыз	Ерлер саны	
		Салмақталған	Салмақталмаған
<b>Өңір</b>			
Ақмола	4,6	178	250
Ақтөбе	4,7	182	210
Алматы	11,0	423	254
Алматы қаласы	7,8	302	211
Астана қаласы	3,2	125	231
Атырау	2,9	112	198
Шығыс-Қазақстан	8,8	340	258
Жамбыл	6,2	240	223
Батыс-Қазақстан	4,1	158	238
Қарағанды	8,7	333	246
Қостанай	5,7	219	261
Қызылорда	4,1	157	231
Маңғыстау	3,1	121	197
Павлодар	5,3	206	275
Солтүстік Қазақстан	4,3	164	283
Оңтүстік Қазақстан	15,3	587	280
<b>Тұрғылықты жері</b>			
Қалалық	53,6	2061	2207
Ауылдық	46,4	1785	1639
<b>Жасы</b>			
15-19	10,2	394	398
20-24	11,3	433	425
25-29	11,3	434	439
30-34	14,3	548	557
35-39	14,0	539	519
40-44	11,8	453	444
45-49	11,2	432	431
50-54	9,4	361	363
55-59	6,5	251	270
<b>Некелік жағдай/одақ</b>			
Некеде/ одақта	67,5	2595	2616
Тұл	0,7	26	24
Ажырасқан	3,7	141	134
Бөлек тұрады	1,2	46	47
Еш уақытта некеде/одақта болмаған	27,0	1039	1025
<b>Білімі</b>			
Жоқ	0,1	3	4
Бастауыш/аяқталмаған орта	4,8	184	194
Орта	37,6	1444	1362
Орта арнаулы	32,8	1261	1316
Жоғары	24,8	953	970
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>			
Ең кедей	19,2	737	631
Екінші	19,4	748	702

	Салмақталған пайыз	Ерлер саны	
		Салмақталған	Салмақталмаған
Орташа	20,1	773	785
Төртінші	20,5	789	737
Ең бай	20,8	799	891
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>			
Қазақтар	61,7	2374	2386
Орыстар	24,8	952	1007
Басқалар	13,5	520	453
<b>Барлығы</b>	<b>100,0</b>	<b>3846</b>	<b>3846</b>

НН.4М–кестесінде респондент-ерлердің бір-неше негізгі сипаттамалары келтірілген. НН.4М–кестесі бойынша негізгі қорытындылар: жасы 15-59–дағы ерлердің 53,6 пайызы қалалық жерлерде, ал 46,4 пайызы ауылдық жерлерде тұрады.

Зерттеу кезінде ерлердің 67,5 пайызы некеде немесе бейресми одақта болды; 5,6 пайызы–ажырасып/айырылысып кеткен немесе тұл қалған болса, ерлердің 27,0 пайызы еш уақытта некеде/одақта болмағаны анықталды.

Білім деңгейі бойынша ерлердің 4,8 пайызында бастауыш/аяқталмаған орта білім, 37,6 пайызында – орта білім, 32,8 пайызында – орта арнаулы білім және 24,8 пайызында - жоғары білім болған.

Ауқаттылық деңгейі бойынша ең кедей және екінші квинтильдер шамамен алғанда тең көрсеткіш арқылы көрсетілген – 19,2–19,4 пайыз, орташалар – 20,1 пайыз, төртінші – 20,5 пайыз және ең бай квинтиль –20,8 пайыз деңгейіндегі көрсеткіштермен көрсетілген.



Ерлердің 61,7 пайызы – қазақтар, 24,8 пайызы —орыстар және ерлердің 13,5 пайызы – басқа ұлттар өкілдері басшылық ететін үй шаруашылықтарында тұрып жатқан.

НН.5–кестесінде 5 жасқа дейінгі балалардың бірнеше негізгі сипаттамалары – соның ішінде

жынысы, өңір мен тұрғылықты жері, жасы, анасы немесе оған күтім жасайтын тұлғаның білім деңгейі, үй шаруашылығының ауқаттылық деңгейі мен басшысының этникалық тиістілігі тәрізді белгілері бойынша балалардың пайыздық бөлінісі келтірілген.

#### НН.5 - кесте. 5 жасқа дейінгі балалардың негізгі сипаттамалары

Негізгі сипаттамалары бойынша 5 жасқа дейінгі балалардың пайыздық және жиіліктік бөлінісі, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Салмақталған пайыз	5 жасқа дейінгі балалардың саны	
		Салмақталған	Салмақталмаған
<b>Жынысы</b>			
Ер балалар	51,0	2644	2615
Қыз балалар	49,0	2537	2566
<b>Өңір</b>			
Ақмола	3,7	189	229
Ақтөбе	5,0	260	295
Алматы	10,6	551	356
Алматы қаласы	3,9	202	137
Астана қаласы	3,2	166	294
Атырау	3,5	182	382
Шығыс-Қазақстан	7,2	372	255
Жамбыл	7,7	400	386
Батыс-Қазақстан	3,8	195	291
Қарағанды	8,1	420	312
Қостанай	4,3	222	249
Қызылорда	5,6	292	453
Маңғыстау	4,7	244	457
Павлодар	4,2	217	259
Солтүстік Қазақстан	2,7	139	218
Оңтүстік Қазақстан	21,8	1129	608
<b>Тұрғылықты жері</b>			
Қалалық	48,4	2508	2653
Ауылдық	51,6	2673	2528
<b>Жасы</b>			
0-5 ай	10,3	532	543
6-11 ай	10,3	532	538
12-23 ай	20,0	1037	1044
24-35 ай	21,2	1097	1095
36-47 ай	19,4	1005	998
48-59 ай	18,9	978	963
<b>Анасының білімі*</b>			
Жоқ	0,2	9	8
Бастауыш/аяқталмаған орта	1,9	96	83
Орта	37,0	1916	1803
Орта арнаулы	27,6	1432	1502
Жоғары	33,4	1729	1785
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>			
Ең кедей	24,1	1249	1053

	Салмақталған пайыз	5 жасқа дейінгі балалардың саны	
		Салмақталған	Салмақталмаған
Кедей	21,9	1134	1082
Орташа	19,6	1015	1072
Бай	16,7	865	934
Ең бай	17,7	919	1040
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>			
Қазақтар	71,9	3724	3862
Орыстар	15,2	785	778
Басқалар	13,0	672	541
<b>Барлығы</b>	<b>100,0</b>	<b>5181</b>	<b>5181</b>

\* Анасының білімі 5 жасқа дейінгі жастағы балалардың немесе оларға күтім жасаушы тұлғалар анасының білімі деңгейіне қатысты

НН.5–кестеден туындайтын негізгі қорытындылар келесідей: үй шаруашылықтарының салмақталған және салмақталмаған сандары тең, себебі іріктемелер салмағы бірыңғайластырылды (стандартталды) (А қосымшаны қараңыз). Салмақталған іріктеме бойынша 5 жасқа дейінгі балалардың фондық сипаттамасы мынадай: барлығы 5 жасқа дейінгі 5 181 балалар зерттелді, олардың 51 пайызы – ер балалар, ал 49 пайызы–қыз балалар болып табылады. Балалардың 48,4 пайызы – қалалық, ал 51,6 пайызы – ауылдық жерлердің тұрғындары.

Балалардың жасына қарай құрамы келесідей болып қалыптасты: 6 айға дейінгілер – 10,3 пайыз, 6-11 айдағы – 10,3 пайыз, 12-23 айдағы – 20 пайыз,

24-35 айдағы – 21,2 пайыз, 36-47 айдағы - 19,4 пайыз және 48-59 айдағы – 18,9 пайыз.

5 жасқа дейінгі балалары бар аналардың білім деңгейі: аналардың 1,9 пайызы бастауыш/аяқталмаған орта білімді, 37 пайызы – орта білімді, 27,6 пайызы – орта арнаулы және 33,4 пайызы – жоғары білімді екені анықталған.

Балалар тұратын үй шаруашылықтарының ауқаттылық деңгейі бойынша келесідей бөлінді: ең кедей квинтиль - 24,1 пайыз, екінші – 21,9 пайыз, орташалар – 19,6 пайыз, төртінші – 16,7 пайыз және ең бай – 17,7 пайыз.

Этникалық тиістілігі бойынша балалардың 71,9 пайызы қазақтар, 15,2 пайызы – орыстар және 13 пайызы – басқа ұлт өкілдері басшылық ететін үй шаруашылықтарында тұрады.

## Балалардың тұрмыс-тіршілік түрлері және жетімдік

НН.6–кестесінде 18 жасқа дейінгі балалардың арасындағы тұрмыс-тіршілігін жайластыру түрлері және жетімдіктің таралуы туралы ақпарат берілген.

Оларға қатысты МИКЗ сауалнамасы жүргізілген жасы 0-17 жас аралығындағы 16 323 баланың 81,9 пайызы әке–шешесімен бірге тұрады, 13,3 пайызы тек анасымен бірге тұрады және 1 пайызы тек әкесімен бірге тұрады. Балалардың 3,3 пайызы өздерінің биологиялық әке–шешесінің бір де біреуімен бірге тұрмайды. Балалардың 2,7 пайызы өздерінің тірі биологиялық әке–шешесінің бір де біреуімен бірге тұрмайды. Балалардың 9,4 пайызы өздерінің туған (биологиялық) әкесінен бөлек, анасымен бірге тұрады.

Республика бойынша ата–анасының біреуінен немесе екеуінен де айырылған балалар өте аз. Балалардың 4,1 пайызының тек әкесі өлген, ал балалардың 0,5 пайызы анасынан айрылған.

Сонымен қатар, НН.6–кестесінде әке–шешесімен бірге тұратын балалардың пайыздық үлесі ең кедей квинтильде (84,8 пайыз) өте жоғары, ал ең бай квинтильде (78 пайыз) сәл төмендеу екені көрсетілген.

Жетімдіктің таралу деңгейі бойынша қалалық және ауылдық жерлердің, сондай-ақ және өңірлер арасындайтарлықтай айырмашылық көп емес.

**НН.6 – кесте. Балалардың тұрмыс-тіршілігін жайластыру турлері және жетімдік**

Тұрмыс-тіршілік жағдайына сай 0 мен 17 жас аралығындағы балалардың пайыздық және жиілік бөлінісі, биологиялық әке-шешесінің біреуімен бірге тұрмайтын 0 мен 17 жас аралығындағы балалардың пайыздық үлесі әрі әке-шешесінің біреуі немесе екеуі де жоқ балалардың пайыздық үлесі, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Ата-анасы-мен бірге тұратындар		Ата-анасының екеуінен де бөлек тұратындар				Анасымен ғана тұратындар		Әкесімен ғана тұратындар		Анықтау мүмкін емес	Барлығы	Биологиялық әке-шешесі-мен бірге тұрмай-тындар*	Ата – анасының біреуі немесе екеуі де өлген**	0 мен 17 жас аралығындағы балалардың саны
	Ата-анасы-мен бірге тұратындар	тек әкесі тірі	тек анасы тірі	ата-анасы тірі	ата-анасы өлген	әкесі тірі	әкесі өлген	анасы тірі	анасы өлген						
										Әкесімен ғана тұратындар					
<b>Жынысы</b>															
Ер балалар	81,1	0,1	0,2	2,8	0,4	9,6	4,1	0,7	0,5	0,6	100,0	3,5	5,3	8243	
Қыз балалар	82,7	0,2	0,1	2,5	0,4	9,2	3,7	0,4	0,4	0,3	100,0	3,2	4,7	8080	
<b>Өңір</b>															
Ақмола	73,4	0,9	0,8	4,2	0,9	11,8	5,6	1,0	0,4	1,0	100,0	6,8	8,6	631	
Ақтөбе	82,6	0,1	0,0	2,1	0,6	8,0	5,9	0,2	0,3	0,2	100,0	2,9	6,9	773	
Алматы	85,7	0,1	0,2	3,2	0,2	7,6	2,1	0,2	0,7	0,2	100,0	3,6	3,2	1804	
Алматы қаласы	78,3	0,0	0,0	1,7	0,5	13,1	3,4	1,2	0,4	1,2	100,0	2,3	4,4	806	
Астана қаласы	82,8	0,0	0,0	2,3	0,0	12,2	1,9	0,3	0,2	0,3	100,0	2,3	2,2	464	
Атырау	84,9	0,0	0,4	1,3	0,4	5,4	4,9	0,9	0,1	1,9	100,0	2,0	5,7	511	
Шығыс Қазақстан	76,7	0,0	0,2	3,9	0,2	15,2	3,2	0,5	0,0	0,1	100,0	4,4	3,6	1199	
Жамбыл	80,6	0,1	0,5	5,5	0,6	7,8	3,3	0,5	0,3	0,7	100,0	6,7	5,0	1216	
Батыс Қазақстан	79,0	0,0	0,3	3,9	0,2	10,1	5,3	0,4	0,1	0,6	100,0	4,4	5,9	604	
Қарағанды	72,0	0,3	0,1	3,9	0,0	16,7	4,8	1,2	0,8	0,2	100,0	4,3	6,0	1362	
Қостанай	76,0	0,6	0,2	1,7	0,1	15,9	3,1	0,5	0,8	0,9	100,0	2,7	5,0	740	
Қызылорда	87,0	0,0	0,0	2,3	0,7	5,5	3,2	0,3	0,8	0,3	100,0	3,0	4,6	869	
Маңғыстау	89,4	0,0	0,0	0,6	1,0	1,9	6,3	0,1	0,2	0,6	100,0	1,5	7,5	655	
Павлодар	73,7	0,2	0,1	2,2	0,4	16,7	3,3	0,8	1,0	1,6	100,0	3,0	5,0	649	

	Ата-анасының екеуінен де бөлек тұратындар		Анасымен ғана тұратындар		Әкесімен ғана тұратындар		Анықтау мүмкін емес		Барлығы	Биологиялық еке-шешесі-мен бірге тұрмай-тындар*	Ата – анасының біреуі немесе екеуі де өлген**	0 мен 17 жас аралығындағы балалардың саны
	тек әкесі тірі	ата-анасы тірі	ата-анасы өлген	әкесі тірі	әкесі өлген	анасы тірі	анасы өлген					
Солтүстік Қазақстан	78,6	0,1	0,2	2,1	0,5	11,3	4,5	0,6	100,0	2,9	5,9	544
Оңтүстік Қазақстан	88,9	0,0	0,2	1,4	0,3	4,4	4,0	0,0	100,0	1,9	4,8	3497
<b>Тұратын жері</b>												
Қалалық	78,8	0,1	0,2	2,1	0,4	12,5	4,3	0,6	100,0	2,8	5,3	7750
Ауылдық	84,7	0,1	0,2	3,1	0,4	6,6	3,5	0,4	100,0	3,8	4,8	8573
<b>Жасы (жыл)</b>												
0-4	88,1	0,1	0,0	1,7	0,0	8,0	1,5	0,2	100,0	1,9	1,7	5198
5-9	82,7	0,2	0,1	2,5	0,2	9,9	3,1	0,7	100,0	3,0	3,8	4334
10-14	78,6	0,2	0,4	2,6	0,4	10,2	5,6	0,7	100,0	3,5	7,4	4120
15-17	73,7	0,1	0,3	4,7	1,3	9,9	7,2	0,8	100,0	6,5	10,1	2670
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>												
Ең кедей	84,8	0,1	0,1	3,0	0,2	6,2	4,7	0,2	100,0	3,4	5,6	4049
Екінші	82,9	0,2	0,2	3,2	0,5	7,5	3,7	0,6	100,0	4,1	5,4	3568
Орташа	83,0	0,1	0,2	2,7	0,6	8,9	3,1	0,7	100,0	3,7	4,2	3142
Төртінші	79,2	0,1	0,3	2,4	0,2	12,3	3,9	0,6	100,0	3,1	4,9	2742
Ең бай	78,0	0,2	0,1	1,6	0,4	14,1	3,8	0,7	100,0	2,2	4,8	2822
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>												
Қазақтар	85,1	0,1	0,2	2,8	0,4	6,3	3,9	0,4	100,0	3,4	5,1	11658
Орыстар	68,8	0,3	0,2	2,8	0,4	21,1	4,0	1,2	100,0	3,6	5,1	2572
Басқалар	80,2	0,2	0,2	1,9	0,3	12,4	3,5	0,7	100,0	2,6	4,5	2093
<b>Барлығы</b>	<b>81,9</b>	<b>0,1</b>	<b>0,2</b>	<b>2,7</b>	<b>0,4</b>	<b>9,4</b>	<b>3,9</b>	<b>0,6</b>	<b>100,0</b>	<b>3,3</b>	<b>5,0</b>	<b>16323</b>

<sup>1</sup> МИКЗ 9.17 көрсеткіші.

<sup>2</sup> МИКЗ 9.18 көрсеткіші.

## IV. Балалар өлім-жітімі

---



Мыңжылдықтың даму мақсаттарының (МДМ) бастыларының бірі – нәрестелер өлімі мен 5 жасқа дейінгі балалардың өлімін азайту. Соның ішінде МДМ–да 1990-2015 жж. аралығында 5 жасқа дейінгі балалардың өлімін үштен екіге азайтуға шақыратын үндеу бар. Бұл мақсатқа жетудегі ілгерілеушілікке бақылау жүргізу маңызды болса да қиын міндет болып табылады. Балалар өлімін өлшеудің ешбір қиындығы жоқ тәрізді болып көрінгенімен, «Бұл шаруашылықтың мүшелерінен біреу былтырғы жылы өліп пе еді?» деген тәрізді тура сұрақ қоюға тырысу теріс нәтижелерге әкелері хақ. Балалардың туғандығын тіркеу деректері негізінде балалар өлімін тікелей өлшеу үлкен уақыт және қаражат шығындарымен байланысты, әрі қызметкерлер құрамы мен басшылықты даярлаудың мәселелеріне байсалдырақ көңіл аударуды талап етеді. Балалар өлімін өлшеудің жанама әдістері, керісінше, басқа көздерден алынған бағалаулармен салыстыруға болатын сенімді бағалаулар алуға мүмкін береді. Жанама әдістер есте ұстаудың бейкемелдігімен, дұрыс емес немесе қате ұғылған анықтамалармен және сұбхат алудың нашар техникасымен байланысты кететін қателердің ықпалын мейлінше азайтады.

*Нәрестелер өлім-жітімі коэффициенті* – бұл бір жасқа толатын туған күніне дейін шетінеп кету ықтималдығы. *5 жасқа дейінгі балалар өлім-жітімі коэффициенті* – бұл туған күннен бастап бес жасқа толатын туған күніне дейін шетінеп кету ықтималдығы. МИКЗ зерттеулерінде нәрестелер өлім-жітімі мен 5 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімі коэффициенттері Брасс<sup>10</sup> әдісі ретінде белгілі жанама бағалау әдісі бойынша есептеліп табылады. Есептеу үшін келесі деректер пайдаланылады: 15-49 жас аралығындағы әйелдердің бесжылдық жас топтары бойынша бұрын-соңды туылған балаларының орташа саны және әйелдердің аталған жас топтарына қарай қайтыс болған балаларының үлесі (СМ.1–кесте). Бұл әдісті қолданғанда өлім қатеріне ұшырау кезеңінің шамамен алғандағы ұзақтығын есепке алу және жасына қарай типтік өлім-жітім бөлінісі бар деген болжам жасау арқылы әр жас тобындағы әйелдердің туған балаларының өлім-жітім үлесі өлім ықтималдығына айналдырылады. Қазақстандағы өлім-жітім туралы бұдан бұрынырақ алынған деректер негізінде «Шығыс» үлгісі бойынша алынған типтік өлім-жітім кестесі ең лайықты үлгі ретінде қабылданды.

### СМ.1 - кесте. Бұрын - соңды туған балалар, тірі балалар және қайтыс болған балалар үлесі

Әйелдердің жастары бойынша көрсетілген бұрын -соңды туылған, тірі қалған балалардың орта және жалпы саны және қайтыс болған балалардың үлесі, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Бұрын-соңды туылған балалар		Тірі қалған балалар		Қайтыс болған балалар үлесі	Әйелдер саны
	орташа саны	барлығы	орташа саны	барлығы		
<b>Жасы (жас)</b>						
15-19	0,028	57	0,027	55	0,037	2022
20-24	0,518	1128	0,509	1109	0,017	2178
25-29	1,327	2674	1,299	2619	0,021	2016
30-34	2,038	4087	1,956	3922	0,040	2005
35-39	2,352	4472	2,248	4274	0,044	1901
40-44	2,543	4880	2,408	4622	0,053	1919
45-49	2,601	5129	2,452	4835	0,057	1972
<b>Барлығы</b>	<b>1,600</b>	<b>22427</b>	<b>1,530</b>	<b>21436</b>	<b>0,044</b>	<b>14014</b>

СМ.2–кестесінде балалардың өлімін бағалау бойынша деректер келтірілген. Нәрестелер өлім-жітімінің коэффициенті 1000 тірі туғандарға 28 деңгейінде деп бағаланды, сонымен қатар 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің ықтималдығы (БӨК5) 1000

тірі туғандарға 31 құрайды. Бұл бағалаулар 25-29 бен 30-34 жас топтарына жататын әйелдерге сұрақ қою нәтижелері арқылы алынған өлім-жітім бағалауларының орташалау арқылы алынды және 2006 жылға қатысты болып табылады.

<sup>10</sup> United Nations, 1983. *Manual X: Indirect Techniques for Demographic Estimation* (Нұсқаулық X: демографиялық көрсеткіштерді есептеудің жанама әдістері) (United Nations publication, Sales No. E.83.XIII.2). United Nations, 1990a. *QFIVE, United Nations Program for Child Mortality Estimation (QFIVE: Балалардың өлімін бағалау жөніндегі БҰҰ бағдарламасы)*. New York, UN Pop Division. United Nations, 1990b. *Step-by-step Guide to the Estimation of Child Mortality (Балалардың өлімін бағалау жөніндегі адымдық нұсқаулық)*. New York, UN.



Ер балалар мен қыз балалар арасындағы өлім–жітім ықтималдығының арасында кейбір айырмашылықтар бар.

Ер балалардың нәрестелік өлім–жітімі қыз балалардың нәрестелік өлім–жітімінен (1000 тірі туғандарға - 22) асып түседі және 1000 туғандарға 34 құрайды, ал 5 жасқа дейінгі балалар өлім–жітімі – тиісінше 1000 тірі туғанға 25 және 38 құрайды.

Сонымен бірге, өлім–жітім көрсеткіштері анасының білім деңгейіне, үй шаруашылығының ауқаттылығы мен этникалық тиістілігіне тәуелді түрде әжептәуір айырмашылықтар байқатты.

Тұрғылықты жеріне тәуелді түрде өлім–жітімнің әжептәуір айырмашылықтары бар екені айқындалды: ауылдық жерлерде нәрестелер өлім–жітімі коэффициенті мен 5 жасқа дейінгі балалар өлім–жітімі коэффициенті қалалық жерлер-

мен салыстырғанда тиісінше 3 және 4 промиллге жоғарырақ болып табылады.

Егер қалалық мекендерде нәрестелер өлім–жітім коэффициенті 1000 тірі туғандарға 26 құраса, ауылдық жерлерде ол 1000 тірі туғандарға 29-ға тең болды, 5 жасқа дейінгі балалар өлім–жітімі коэффициенті бойынша да ахуал осылай – сәйкесінше 1000 тірі туғандарға алғандағы 29 және 33. Ауқаттылық деңгейі бойынша нәрестелер мен балалардың өлім–жітімі ең кедей және екінші квинтильдерде жоғары болды – 1000 тірі туғандарға тиісінше 27 мен 34, осы тәрізді балалардың өлім–жітімі (БӨК5) де бұл көрсетілген квинтильдерде жоғары болды – 1000 тірі туғандарға тиісінше 31 және 40 (төртінші және ең бай квинтильдерде бұл көрсеткіштер тиісінше 1000 тірі туғандарға 18 мен 24 және 1000 тірі туғандарға 20 мен 27 құрайды).

## СМ.2 - кесте. Балалардың өлім–жітімі

*Нәрестелер өлім–жітімі мен 5 жасқа дейінгі балалардың өлім–жітімі коэффициенттері, Шығыс үлгісі, Қазақстан 2010-2011жж.\**

	Нәрестелер өлім–жітімі коэффициенті <sup>1</sup>	Бес жасқа дейінгі балалар өлім–жітімі коэффициенті <sup>2</sup>
<b>Жынысы</b>		
Ер балалар	34	38
Қыз балалар	22	25
<b>Тұрғылықты жері</b>		
Қалалық	26	29
Ауылдық	29	33
<b>Анасының білімі</b>		
Бастауыш/аяқталмаған орта	(*)	(*)
Орта	30	34
Орта арнаулы	30	34
Жоғары	16	17
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>		
Ең кедей	34	40
Екінші	27	31
Орташа	29	33
Төртінші	18	20
Ең бай	24	27
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>		
Қазақ тар	26	29
Орыстар	25	28
Басқалар	40	46
<b>Барлығы</b>	<b>28</b>	<b>31</b>

<sup>1</sup> МИКЗ 1.2 көрсеткіші; МДМ 4.2 көрсеткіші.


<sup>2</sup> МИКЗ 1.1 көрсеткіші; МДМ 4.1 көрсеткіші.

(\*) – Бастауыш/аяқталмаған білімі бар әйелдерге арналған көрсеткіштер байқаудың аз санына байланысты көрсетілмейді.

\* – 2006 жылғы кезеңге қатысты, Шығыс моделі өлімнің жас құрылымына сәйкес таңдалды.

Негізгі сипаттамалары бойынша 5 жасқа дейінгі балалардың өлім–жітімі коэффициенттеріндегі айырмашылықтар СМ.1. диаграммасында бейнеленген.

**СМ.1-диаграммасы: Негізгі сипаттамалары бойынша 5 жасқа дейінгі балалардың өлім деңгейі, Қазақстан, 2010/11**




\* 2006 жылғы кезеңге қатысты, Шығыс моделі өлімнің жас құрылымына сәйкес таңдалды.

СМ.2-диаграммасында әр түрлі жас топтарына жататын әйелдердің жауаптарына негізделген және әр түрлі уақыт сәттеріне қатысты 5 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімі коэффициенттері келтірілген, сөйтіп, бұлар МДЗ-1995, МИКЗ-2006, МИКЗ-2010/2011жж. зерттеулері, сонымен бірге елдің ресми статистикалық мәліметтері негізінде БӨК5-тің шамамен алғандағы үрдістерін (тенденцияларын) бейнелейді. МИКЗ нәтижелері бойынша жасалған бағалаулар соңғы 15 жыл ішінде балалар өлім-жітімінің төмендегенін көрсетеді.

2008 жылдың ортасына дейінгі әр түрлі көздерден алынғандеректер арасындағы айырмашылықтар негізінен тірі/өлі тууды бағалау критерийлеріне (шарттарына) және балалардың өлім-жітімін бағалау әдістеріне қатысты әр түрлі көзқарас ұстанудың себебінен болуы мүмкін. Осынау көрініс тапқан төмендеулер мен айырмашылықтардың, әрі оларды анықтайтын факторлардың бұдан кейінгі бағалаулары жеке және егжей-тегжейлі талдауларда іс жүзіне асырылуы тиіс.

**СМ.2-диаграммасы. Қазақстандағы 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің үрдістері, Қазақстан, 2010/11**



# V. Тамақтану

---



## Тамақтану жағдайы

Балалардың тамақтану мәртебесі (статусы) олардың жалпы денсаулығының тікелей көрінісі болып табылады. Егер бала тағамдық азықтармен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілсе, әртүрлі қайталанатын аурулардан азап шекпесе, әрі жақсы күтімде болса, ол толыққанды есейеді, салмағы мен бойы да өседі, жақсы жетілген деп есептеледі.

Әлемдегі барлық балалар өлімінің жартысынан астамы тамақтың жетіспеушілігіне байланысты. Әбден жүдеген балалар арасында тіпті көп тараған балалар ауруларынан да қайтыс болу ықтималдығы жоғары, ал тірі қалғандарда аурудың қайталануы және бойы өсуінің кешеуілдеуі жиі байқалады. Тамақтың жетіспеушілігіне байланысты себептер бойынша қайтыс болған балалардың төрттен үші олардың әлжуаздығының сыртқы белгілері білінбей-ақ жеңіл немесе орташа ғана жүдеген ахуалда болған. Мыңжылдықтың даму мақсаттары бағыттарының бірі - 1990 жылдан 2015 жыл кезеңінде аштықтан азап шегіп отырған халықтың санын екі есеге азайту болып отыр. Тамақ жетіспеушілігінің таралуын қысқарту балалар өлімін қысқарту жөніндегі мақсатқа жетуге көмектеседі.

Тамақтан таршылық көрмеген халыққа арналған 5 жасқа дейінгі балалардың бойы мен салмағының стандарттық көрсеткіштері бар. Балалар арасындағы жүдеулікті балаларды эталонды халықпен салыстыра отырып өлшеуге болады. Осы есептегі эталонды халық ретінде ДДҰ<sup>11</sup> бекіткен бойдың жаңа стандарттарымен сипатталатын халық қолданылады. Тамақтану жағдайының үш көрсеткішінің әрқайсысы эталондық халық үшін медиандық мәнінен стандарттық ауытқулар бірліктерінде (z-score) көрсетілуі мүмкін.

*Салмақтың жасқа қатынасы* – тамақтанудың өткір де, сол сияқты ұзаққа созылған жетіспеушілігінің өлшемі. Эталонды халыққа арналған осы көрсеткіштің медианды мәнінен аз салмақтың жасқа қатынасы екіден көп стандартты ауытқуы бар балалар *салмағы орташа немесе қауіпті төмендегендер деп* саналады, ал салмақтың жасқа қатынасы медианадан 3 стандарттық ауытқудан аса кем болса, олар *салмағы қауіпті төмендегендерге* жатады.

*Бойдың жасқа қатынасы* – бойдың сызықтық өлшемі. Бойының жасқа қатынасы эталондық популяция медианасынан 2 стандарттық ауытқудан аса кем болған балалар бойы жасына сәйкес емес *аласа* деп саналады да, *бойының өсуі орташа немесе қауіпті кешігуі барларға жатады*. Бойының жасқа қатынасы медианадан 3 стандарттық ауытқудан аса кем болған балалар *бойының өсуінде қауіпті кешігуі барларға жатады*. Бойдың өсуіндегі кешігуі ұзақ уақыттар бойы барабар тамақтанудың мүмкін болмауы салдарынан тамақтың дағдылы жетіспеушілігі және қайталанған немесе созылмалы аурулардың нәтижесі болып табылады.

Соңғысы, *салмақтың бойына қатынасы* эталондық халық медианасынан екі стандарттық ауытқудан аса кем болған балалар *жүдеуліктің орташа немесе қауіпті дәрежесіндегілер деп* саналады, ал салмақтың бойына қатынасы медианадан 3 стандарттық ауытқудан аса кем болса, олар *жүдеуліктің қауіпті дәрежесіндегілерге* жатады. Жүдеу әдетте, қоректік заттар тапшылығы туындауының нәтижесі болып табылады. Бұл көрсеткіш халықтың кейбір санаттарында маусымдық ауытқулар негізіндегі тағамдық азықтардың жетіспеуін немесе осы жас топтарындағы балалар арасында әртүрлі аурулардың өте жиі таралуына байланысты екендігін көрсетуі мүмкін.

МИКЗ барысында 5 жасқа дейінгі балалардың салмағы мен бойы ЮНИСЕФ ұсынған антропометриялық жабдықтардың көмегімен өлшенді ([www.childinfo.org](http://www.childinfo.org)). Осы бөлімде келтірілген деректер, осы өлшемдер нәтижесіне негізделген.

NU.1-кестесінде жер-жерлердегі зерттеулер кезінде орындалған антропометриялық өлшемдер негізінде осы санаттардың әрқайсысына жатқызылған балалардың пайыздық арасалмағы келтірілген. Сонымен қатар, кестеге артық салмағы бар балалардың пайыздық арасалмағы енгізілді: онда салмағының бойына қатынасы эталондық популяция медианасынан 2 стандарттық ауытқудан асқан балалар алынды, сондай-ақ кестеге барлық үш антропометриялық көрсеткіш бойынша z-score көрсеткіштерінің орташа шамалары енгізілді.

<sup>11</sup> [http://www.who.int/childgrowth/standards/second\\_set/technical\\_report\\_2.pdf](http://www.who.int/childgrowth/standards/second_set/technical_report_2.pdf)

## NU.1 - кесте. Балалардың тамақтану жағдайы

Үш антропометриялық көрсеткіштерге (жасына орай салмағы, жасына орай бойы және салмағы мен бойының арақатынасы) сай 5 жасқа толмаған балалардың тамақтандыру ахуалы бойынша пайыздық үлесі, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Салмағының жасына қатынасы			5 жасқа дейінгі балалардың саны	Бойының жасына қатынасы:			5 жасқа дейінгі балалардың саны	Салмағының бойына қатынасы:					5 жасқа дейінгі балалардың саны
	салмағы аздық		орташа Z-көрсеткіш (SD – стандартты ауытқу)		бойлары жөнді еспегендер		орташа Z-көрсеткіш (SD – стандартты ауытқу)		жүдеулік		артық салмақ		орташа Z-көрсеткіш (SD – стандартты ауытқу)	
	төмендеу пайызы				төмендеу пайызы				төмендеу пайызы		арту пайызы			
	- 2 SD <sup>1</sup>	- 3 SD <sup>2</sup>	- 2 SD <sup>3</sup>		- 3 SD <sup>4</sup>	- 2 SD <sup>5</sup>	- 3 SD <sup>6</sup>		+ 2 SD					
<b>Жынысы</b>														
Ер балалар	3,7	1,1	0,2	2555	13,2	5,5	-0,4	2541	4,4	1,9	14,8	0,6	2518	
Қыз балалар	3,6	1,3	0,2	2460	13,0	5,3	-0,4	2446	3,7	1,4	11,8	0,5	2436	
<b>Өңір</b>														
Ақмола	1,8	0,9	0,4	183	8,1	2,8	-0,2	182	2,6	0,9	13,6	0,7	181	
Ақтөбе	11,9	6,0	-0,1	248	36,2	19,7	-1,2	246	8,6	3,9	33,5	0,9	245	
Алматы	4,8	0,9	0,1	529	10,8	4,2	-0,3	525	3,7	2,0	7,6	0,3	529	
Алматы қаласы	7,1	3,5	0,7	178	17,1	7,1	0,7	173	7,8	3,0	15,6	0,5	165	
Астана қаласы	2,5	1,0	0,6	165	19,7	10,1	-0,2	163	4,5	2,8	22,1	0,8	159	
Атырау	3,5	0,5	0,1	159	18,4	11,1	-0,8	159	3,2	1,9	16,2	0,7	158	
Шығыс Қазақстан	6,5	2,3	0,0	350	16,6	7,2	-0,6	350	8,1	2,7	20,2	0,6	340	
Жамбыл	3,5	0,3	0,4	398	16,2	3,7	-0,6	394	2,8	1,4	21,3	1,0	394	
Батыс Қазақстан	2,3	0,4	0,2	193	9,8	1,1	-0,3	190	1,8	1,1	6,6	0,5	191	
Қарағанды	2,3	1,1	0,2	397	4,8	1,5	-0,1	396	0,4	0,4	6,1	0,4	394	
Қостанай	1,5	0,7	0,2	221	12,7	5,0	-0,4	220	0,4	0,0	6,6	0,6	221	
Қызылорда	2,1	0,2	0,2	291	7,1	1,8	-0,4	290	1,3	0,2	6,8	0,6	290	
Маңғыстау	3,6	1,2	0,3	229	10,2	4,2	-0,3	228	4,5	1,7	15,7	0,7	226	
Павлодар	1,8	0,4	0,4	208	8,9	2,5	-0,1	204	2,7	1,5	13,6	0,6	202	
Солтүстік Қазақстан	2,7	0,0	0,1	136	10,6	2,3	-0,6	136	1,7	0,4	11,6	0,6	136	
Оңтүстік Қазақстан	2,5	0,8	0,1	1129	12,1	5,8	-0,4	1127	5,8	2,0	11,1	0,4	1122	
<b>Тұрғылықты жері</b>														
Қалалық	4,0	1,5	0,2	2407	12,8	5,7	-0,2	2388	4,9	2,1	13,7	0,5	2363	
Ауылдық	3,3	0,9	0,1	2608	13,4	5,1	-0,5	2598	3,3	1,3	13,0	0,6	2591	
<b>Жасы</b>														
0-5 ай	10,0	4,0	0,0	498	10,7	3,7	0,2	496	13,4	7,4	9,8	-0,1	485	
6-11 ай	3,0	1,0	0,5	525	13,8	6,6	0,1	519	4,4	1,0	19,0	0,7	521	
12-23 ай	3,2	1,2	0,4	1014	18,6	8,1	-0,5	1006	2,1	0,6	17,4	0,8	1009	
24-35 ай	3,5	1,4	0,2	1063	14,4	6,5	-0,6	1057	2,5	1,2	12,9	0,6	1050	
36-47 ай	2,3	0,4	0,1	968	11,6	5,3	-0,5	963	2,4	0,7	11,6	0,7	956	
48-59 ай	2,6	0,4	0,0	947	8,1	1,7	-0,4	945	4,5	1,8	9,7	0,4	935	
<b>Анасының білімі</b>														
Бастауыш/ аяқталмаған орта	2,7	1,0	0,1	96	12,9	3,9	-0,4	93	7,2	4,7	6,3	0,3	94	
Орта	4,6	1,3	0,1	1879	15,5	5,5	-0,6	1869	4,1	1,5	12,3	0,6	1869	
Орта арнаулы	2,7	1,1	0,3	1380	11,7	5,8	-0,3	1374	3,9	1,8	14,6	0,6	1355	
Жоғары	3,4	1,2	0,3	1652	11,5	5,0	-0,2	1642	4,0	1,6	13,8	0,5	1628	
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>														
Ең кедей	4,1	1,2	0,1	1239	14,4	5,1	-0,6	1235	4,9	2,3	12,8	0,6	1235	
Екінші	3,9	0,8	0,1	1113	14,5	6,2	-0,6	1110	2,8	0,7	12,6	0,6	1105	

	Салмағының жасына қатынасы			5 жасқа дейінгі балалардың саны	Бойының жасына қатынасы:			5 жасқа дейінгі балалардың саны	Салмағының бойына қатынасы:				
	салмағы аздық		орташа Z-көрсеткіш (SD – стандартты ауытқу)		бойлары жөнді еспегендер		орташа Z-көрсеткіш (SD – стандартты ауытқу)		жүдеулік	артық салмақ	орташа Z-көрсеткіш (SD – стандартты ауытқу)	5 жасқа дейінгі балалардың саны	
	төмендеу пайызы				төмендеу пайызы								төмендеу пайызы
	- 2 SD <sup>1</sup>	- 3 SD <sup>2</sup>	- 2 SD <sup>3</sup>		- 3 SD <sup>4</sup>	- 2 SD <sup>5</sup>	- 3 SD <sup>6</sup>		+ 2 SD				
Орташа	2,8	1,1	0,2	982	9,9	3,9	-0,2	975	3,9	1,7	11,0	0,5	965
Төртінші	4,0	1,6	0,2	817	13,9	5,8	-0,3	809	4,5	1,6	14,7	0,6	797
Ең бай	3,5	1,4	0,4	866	12,1	6,1	-0,1	857	4,3	2,0	16,3	0,6	852
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>													
Қазақтар	3,9	1,3	0,2	3605	13,6	5,7	-0,4	3583	4,2	1,8	13,9	0,6	3557
Орыстар	2,9	0,6	0,2	746	11,9	5,4	-0,2	743	3,1	0,7	12,9	0,5	737
Басқалар	3,2	1,2	0,1	664	11,5	3,9	-0,3	661	4,6	2,1	10,6	0,4	661
<b>Барлығы</b>	<b>3,7</b>	<b>1,2</b>	<b>0,2</b>	<b>5015</b>	<b>13,1</b>	<b>5,4</b>	<b>-0,4</b>	<b>4987</b>	<b>4,1</b>	<b>1,7</b>	<b>13,3</b>	<b>0,6</b>	<b>4955</b>

«Білімі жоқ» санаты респондент санының аздығына байланысты алынып тасталды.

- <sup>1</sup> МИКЗ 2.1а көрсеткіші; МДМ 1.8 көрсеткіші.  
<sup>2</sup> МИКЗ 2.1b көрсеткіші.  
<sup>3</sup> МИКЗ 2.2а көрсеткіші; <sup>4</sup> МИКЗ 2.2b көрсеткіші.  
<sup>5</sup> МИКЗ 2.3а көрсеткіші, <sup>6</sup>МИКЗ 2.3b көрсеткіші.

Туған айы–күні туралы (ай мен жыл) толық деректері жоқ балалар және өлшемдердің нәтижелері қабылдауға болатын диапазонның шектеулерінен асып кететін балалар NU.1 – кестесінен шығарып тасталады. Егер балалардың салмағы немесе бойы өлшенбеген болса, олар бір немесе бірнеше антропометриялық көрсеткіштерден шығарып тасталады. Мысалы, егер бала салмағы өлшеніп, бойы өлшенбесе, бұл бала салмағы жетіспеу көрсеткішінің есептеулеріне қосылады, алайда бойы өсуінің жеткіліксіздігі немесе жүдеулік көрсеткішінің есептеулеріне енгізілмейді. Жасы мен енгізілмеу себептері бойынша балалардың пайыздық үлестері DQ.6 мен DQ.7 деректер сапаларын тексеру кестелерінде көрсетілген.

Тұтастай алғанда балалардың 96,8 пайызының салмағыменбойыөлшенді (DQ.6–кесте). Балалардың 3,2 пайызының салмағы өлшенбеді, 3,3 пайызының бойы өлшенбеді. DQ.7 – кестесінде өлшемдердің қабылдауға келмейтін нәтижелерінің және салмағы мен/немесе бойы туралы деректердің болмауынан балалардың 3,6 пайызының салмағының жасына қатынасы жөніндегі көрсеткішті есептеуден шығарып тасталғаны көрсетілген; бойының жасына және салмағының бойына қатынасы туралы көрсеткіштер үшін шығарып тасталған балалардың үлесі тиісінше 4,1 мен 4,7 пайызды құрайды. Көбінесе жасы 6 айға толмаған нәрестелерді антропометриялық өлшеу нәтижелері шығарып тасталды: олардың 6,4 пайызы – салмағының жасына қатынасы; 7,2 пайы-


зы – бойының жасына қатынасы және 9,2 пайызы – салмағының бойына қатынасы өлшемдеріне байланысты.

Қазақстанда 5 жасқа толмаған балалардың 3,7 пайызы аздап төмен салмақты боп келеді (салмағының жасына қатынасы), және балалардың 1,2 пайызы тым жеткіліксіз салмақпен туады (NU.1 – кесте). Сонымен бірге, балалардың 13,1 пайызында бойының ұзындығының аздаған жеткіліксіздігі байқалады, ал балалардың 5,4 пайызында бойы тым аласа деп бағаланды. Жүдеулік (салмағының бойына қатынасы) балалардың 4,1 пайызында байқалады, ал жағдайлардың 1,7 пайызында жүдеулік өте қауіпті деп бағаланды.

NU.1–кестесі мен NU.1-диаграммасы ДДҰ тағайындаған бойдың жаңа стандарттарына сай құрылған. Тамақтандыру статусын МИКЗ–3 деректерімен салыстыру мүмкіндігіне ие болу үшін біз АҚШ–тың Ұлттық Денсаулық статистикасы орталығы (ҰДСО)/АҚШ–тың аурулармен күрес және аурулардың алдын алу жөніндегі орталығының (АКО)/Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) ескі стандарттарын қолдану арқылы есептеу жүргіздік. Ескі стандарттарды қолдану арқылы жүргізілген есептеу NU.1А–кестесі мен G қосымшасында келтірілген.

Қалалық жерлерде тұратын салмағы төмен балалардың арасынан 4 пайызы салмағы орташа төмендеген балалар, ал 1,5 пайызы - салмағы қауіпті түрде төмендеген балалар. Жасына қатысты алғанда салмағы төмен болған (11,9 пайыз) және

**NU.1-диаграммасы: Салмағы жетіспейтін, бойлары жөнді өспеген және ақ тамақтанатын 5 жасқа дейінгі балалардың пайызы, Қазақстан, 2010/11**



бойы аласа балалардың ең үлкен үлес салмағы (36,2 пайыз) Ақтөбе облысында байқалады. Бұл облыста басқа өңірлермен салыстырғанда төмен салмақты болудың немесе бойының баяу өсуінің ең жоғары қатері байқалады. Бойына қатысты салмағының аздаған артта қалуы (жүдеулік) байқалған балалардың ең жоғары пайызы Ақтөбе (8,6 пайыз) мен Шығыс Қазақстан (8,1 пайыз) облысының балаларында байқалады. Туғандағы салмағы төмен және жүдеу балалардың пайыздық арасалмағының көпшілігі қалалықтар үлесіне тиеді, ал ауылдық жерлерде бойы аласа балалар көбірек кездеседі.

Орта арнаулы және бастауыш/аяқталмаған орта білімі бар әйелдер туған балалардың жиынтық санымен салыстырғанда аналарының білім деңгейі жоғары балаларда салмақ жетіспеушілігі (3,4 пайыз), бойы өспей қалуы (11,5 пайыз) және жүдеулік (4 пайыз) ең аз мөлшерде кездеседі. Ер балалар қыз балалармен салыстырғанда салмақ жетіспеушілігі, бойы өспей қалу және жүдеулік қатеріне сәл көбірек ұшырау ықтималдығын байқатады. Жасы бойынша бөліністе салмағының жасына қатысты төмендеуі мен салмағының бойына қатысты төмендеуі 0 мен 5 ай арасындағы балалар тобында жиірек байқалады, бұл топта ең көп пайыздық арасалмақ тіркелген. Ал бойы аласа (төмен) балалар санының ең көбі 12-23 айдағы жас тобындағыларда кездеседі (NU.1 - диаграммасы).

Салмағы төмен болуымен қатар, балалардың 13,3 пайызында артық салмақ байқалды, мұнда қыз балалармен салыстырғанда (11,8 пайыз) ұлдардың үлесі (14,8 пайыз) сәл көбірек боп келеді. Салмағы артық балалар Ақтөбе облысында (33,5 пайыз),

Астана қаласында (22,1 пайыз) және Жамбыл облысында (21,3 пайыз) тұрады. Мұндай балалар 6-11 айлықтар жас тобында жиірек кездеседі (19 пайыз).



## Емшек сүтімен қоректендіру және нәрестелер мен ерте жастағы балаларды тамақтандыру

Өмірінің алғашқы жылы емшек сүтімен қоректендіру балаларды жұқпалардан қорғайды, құнарлы заттардың нағыз көзі болып табылады, сонымен қатар ол тиімді және қауіпсіз. Алайда, көптеген аналар балаларды емшек сүтімен қоректендіруді өте ерте тоқтатады, көп жағдайларда балаларға арналған қоспаларға ауысуға асығады, ал олар бала бойының баяу өсуіне және микроэлементтердің жетіспеуіне соқтыруы мүмкін. Оның үстіне таза судың тұрақты түрде болмауы жағдайында бұл ауысулар қауіпсіз де емес.

ДДҰ/ЮНИСЕФ балаларды тамақтандыруға қатысты беретін кеңестері келесілерге негізделеді:

- алғашқы 6 ай бойы тек қана емшек сүтімен қоректендіру;
- 2 және одан да ұзақ жыл бойы емшек сүтімен қоректендіруді жалғастыру;
- уақытында басталған, құрамы бойынша құнарлы әрі қауіпсіз және көлемі жағынан жеткілікті қосымша тамақтандыруды 6 айдан бастап қолдану;
- қосымша тамақтандыру жиілігі: 6-8 айлық нәрестелер үшін күніне 2 рет, 9-11 айлық балалар үшін - күніне 3 рет болуы керек.

Емшек сүтімен қоректендіруді босанғаннан кейін 1 сағаттан кешіктірмей бастау ұсынылады.

### Ерте жастағы балаларды қоректендіруге қатысты берілген кеңес көрсеткіштері келесідей:

- Емшек сүтімен қоректендірудің ерте басталуы (босанғаннан кейін 1 сағаттан кешіктірмей).
- Тек қана емшек сүтімен қоректендіру коэффициенті (<6 ай).
- Негізінен емшек сүтімен қоректендіру (<6 ай).
- Емшек сүтімен қоректендіру ұзақтығының коэффициенті (өмірінің 1-ші және 2-ші жылдары).
- Емшек сүтімен қоректендірудің ұзақтығы.
- Жас топтары бойынша емшек сүтімен қоректендірудің құрылымы (0-23 ай).
- Қатты, жартылай қатты және жұмсақ асты қосу (6-8 ай).
- Қосымша қоректендірудің минималды жиілігі (6– 23 ай).
- Емшек сүтін ембейтін балаларды сүтпен қоректендіру жиілігі (6-23 ай).
- Жасанды қоректендіру (0-23 ай).

### NU.2 - кесте. Емшек сүтімен қоректендіруді бастау

*Зерттеу жүргізу алдындағы 2 жыл ішінде туған, бұрын соңды емшек сүтімен қоректендірілген, өмірінің бірінші сағатында емшек сүті берілген және прелакталдық жолмен қоректендірілген балалардың пайыздық үлесі, Қазақстан, 2010-2011жж.*

	Бұрын- соңды емшек сүті берілген балалар үлесі <sup>1</sup>	Емшек сүті берілген балалар үлесі:		Прелакталдық жолмен тамақтандырылған балалар үлесі	Зерттеу жүргізу алдындағы соңғы екі жыл ішінде соңғы боп туған балалар саны
		туғаннан кейін бір сағаттан кешіктірмей <sup>2</sup>	туғаннан кейін бір тәуліктен кешіктірмей		
<b>Өңір</b>					
Ақмола	96,3	44,6	82,0	13,3	68
Ақтөбе	91,1	59,5	83,0	18,5	115
Алматы	92,0	69,0	85,3	2,3	194
Алматы қаласы	(100,0)	(46,5)	(97,7)	(4,7)	68
Астана қаласы	97,8	47,9	96,8	1,3	72
Атырау	98,1	63,7	87,0	21,2	77
Шығыс Қазақстан	93,7	71,9	87,1	9,0	143
Жамбыл	97,8	83,4	94,4	8,8	166
Батыс Қазақстан	96,9	72,1	90,8	16,2	75
Қарағанды	97,3	74,2	88,1	23,0	148
Қостанай	97,1	61,7	83,6	20,0	86
Қызылорда	95,5	82,7	88,7	4,8	119
Маңғыстау	98,7	54,7	80,6	27,1	99
Павлодар	96,8	54,2	87,3	15,3	82



	Бұрын- соңды емшек сүті берілген балалао үлесі <sup>1</sup>	Емшек сүті берілген балалар үлесі:		Прелакталдық жолмен тамақтандырылған балалар үлесі	Зерттеу жүргізу алдындағы соңғы екі жыл ішінде соңғы боп туған балалар саны
		туғаннан кейін бір сағаттан кешіктермей <sup>2</sup>	туғаннан кейін бір тәуліктен кешіктермей		
Солтүстік Қазақстан	96,1	67,3	86,4	25,2	46
Оңтүстік Қазақстан	98,0	73,1	88,3	5,1	436
<b>Тұрғылықты жері</b>					
Қалалық	96,4	66,2	88,6	11,7	983
Ауылдық	96,3	69,4	87,3	10,9	1011
<b>Соңғы туу уақытынан бергі айлар</b>					
0-11 ай	95,9	66,7	86,4	12,6	1023
12-23 ай	96,9	69,0	89,5	9,9	970
<b>Босану кезіндегі көмек</b>					
Білікті маман	96,4	67,8	87,9	11,3	1990
Дәстүрлі маман акушер-гинеколог	(*)	(*)	(*)	(*)	3
<b>Баланы босанған орны</b>					
Мемлекеттік емдеу мекемесі	96,3	67,8	87,8	11,1	1978
Жекеменшік емдеу мекемесі	(*)	(*)	(*)	(*)	7
Үйінде	(*)	(*)	(*)	(*)	8
<b>Анасының білімі</b>					
Бастауыш/ аяқталмаған орта	(88,0)	(61,3)	(74,7)	(12,5)	32
Орта	95,7	68,8	87,5	10,1	698
Орта арнаулы	97,5	64,2	87,6	11,2	565
Жоғары	96,5	69,9	89,2	12,6	695
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>					
Ең кедей	97,5	73,0	87,6	8,5	463
Екінші	95,7	69,3	87,8	11,0	443
Орташа	95,5	68,7	88,7	9,2	406
Төртінші	95,3	67,1	87,9	13,3	330
Ең бай	97,9	58,8	87,7	15,8	352
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>					
Қазақтар	97,6	70,0	89,4	11,8	1413
Орыстар	94,4	59,9	83,0	14,6	322
Басқалар	92,0	65,9	86,1	4,4	259
<b>Барлығы</b>	<b>96,4</b>	<b>67,8</b>	<b>87,9</b>	<b>11,3</b>	<b>1993</b>

«Білімі жоқ» санаты респондент санының аздығына байланысты алынып тасталды.

<sup>1</sup> МИКЗ 2.4 көрсеткіші.

<sup>2</sup> МИКЗ 2.5 көрсеткіші.

( ) - көрсеткіштер 25-49 салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген.

(\*) – көрсеткіштер 25-тен аз салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген.

NU.2-кестесінде соңғы екі жыл ішінде туған және аналары оларды емшек сүтімен қоректендіруді босанғаннан кейін бір сағат ішінде бастаған, бұрын соңды емшек сүтімен қоректендірілген, және прелактациялық қоспалармен қоректендірілген балалардың пайыздық арасалмағы келтірілген.

Зерттеу барысында зерттеу күніне дейінгі соңғы екі жылда баласы тірі туған барлығы 1 993


әйел сұралды. Лактацияны меңгеру және ана мен бала арасындағы денелік әрі эмоционалдық байланыс орнату тұрғысынан алғанда емшек сүтімен қоректендіруді ерте бастаудың ерекше маңызды екеніне қарамастан, балалардың тек 67,8 пайызына емшек сүті босанғаннан кейін **бір сағаттан** кешіктірмей беріле бастаған. Бұл орайда қалалық және ауылдық әйелдердің арасындағы айырмашылық

ауылдықтардың пайдасына – 3,2 пайыздық мөлшер құрады (тиісінше 66,2 және 69,4 пайыз).

Ең кедей үй шаруашылықтарының өкілдері болып табылатын әйелдер (73 пайыз) ең бай үй шаруашылықтарының өкілдерімен (58,8 пайыз) салыстырғанда жиірек негізде емшек сүтімен қоректендіруді уақытылы бастайды. Емшек сүтімен қоректендіруді босанғаннан кейінгі **бір сағаттан** кешіктірмей бастаған әйелдердің үлесі Жамбыл (83,4 пайыз), Қызылорда (82,7 пайыз) облыстарында ең жоғары деңгейде, ал ондай әйелдердің ең азы - Ақмола облысы (44,6 пайыз) мен Алматы қаласында (46,5 пайыз) байқалады.

Әйелдердің 87,9 пайызы емшек сүтімен қоректендіруді босанғаннан кейінгі **бір тәуліктен** кешіктірмей бастаған, қалалық және ауылдық әйелдердің арасындағы айырмашылық айтарлықтай емес әрі тиісінше қалалықтар пайдасына – 1,4 пайыздық өлшемді құрады (тиісінше 88,6 және 87,3 пайыз). Тек екі өңірде – Алматы мен Астана қалаларында – әйелдердің 95 пайыздан астамы емшек сүтімен қоректендіруді босанғаннан кейін **бір тәуліктен** кешіктірмей бастаған (тиісінше 97,7 және 96,8 пайыз), бұл көрсеткіштің ең төменгі деңгейдегі шамасы Маңғыстау (80,6 пайыз) және Ақмола (82 пайыз) облыстарында байқалды (NU.2 - диаграммасы).

**NU.2 диаграммасы: Босанғаннан кейін бір сағаттан және бір тәуліктен кеш емес уақытта емшек сүтімен қоректендірген аналардың пайыздық үлесі, Қазақстан, 2010-11 жж.**



NU.3-кестесінде емшек сүтімен тамақтандыру мәртебесі (статусы) сауалдау алдындағы 24 сағат ішінде балалардың жеген тамағы мен сұйық тамағы туралы аналарының/тәрбиешілерінің хабарламасына негізделген. «Тек емшек сүтімен қоректендіру» термині тек ана сүтін (сондай-ақ витаминдер, минералдық қоспалар немесе дәрілер) алған нәрестелерге ғана қатысты. Кестеде өмірінің алғашқы 6 айында тек емшек сүтімен қоректендірілген нәрестелер үлесі, сондай-ақ емшек сүтімен тамақтандырылуы жалғастырылған жасы 12-15 айлық және 20-23 айлық балалардың үлесі берілген.

6 айдан кіші балалар арасында тек емшек сүтімен қоректендірілген балалардың үлесі 31,8 пайыз болып шықты (бұл кеңесте берілген деңгейден айтарлықтай төмен), себебі балалардың 60,6 пайызы

негізінен емшек сүтімен тамақтандырылып келген. Жасы 12-15 айлық балалардың 50,8 пайызы және жасы 20-23 айлық балалардың 26,1 пайызы емшек сүтімен тамақтануды одан әрі жалғастыруда (NU.3-диаграммасы). Ауылдық жерлермен салыстырғанда қалалық жерлерде тек емшек сүтімен тамақтандыру жиірек кездеседі (тиісінше 34,4 және 29,2 пайыз). Одан кейінгі жастарда қалалық балалар ауылдық балалармен салыстырғанда жиірек негізде емшек сүтімен қоректендіруін жалғастырады. Анасының білім деңгейі емшек сүтімен тамақтандырылу жиілігіне айқын бірден-бір ықпал етеді: анасының білім деңгейі жоғары балалар (34,8 пайыз) анасының білімі төменірек деңгейлі балалармен салыстырғанда (30,1 пайыз) жиірек негізде емшек сүтімен қоректендіріледі.

### NU.3 - кесте. Емшек сүтімен қоректендіру

Емшек сүтімен қоректендіру мәртебесіне сәйкес келетін тірі балалардың пайыздық үлесі, жекелеген жас топтары үшін, Қазақстан, 2010-2011жж.

	0-5 ай жас топтарындағы балалар		Балалардың саны	12-15 ай жас топтарындағы балалар		20-23 ай жас топтарындағы балалар	
	тек емшек сүтімен тамақтандырылатын балалардың үлесі <sup>1</sup>	негізінен емшек сүтімен тамақтандырылатын балалардың үлесі <sup>2</sup>		емшек сүтімен тамақтандырылатын балалардың үлесі (1жаста ана сүтімен қоректендіруді жалғастыру) <sup>3</sup>	балалардың саны	емшек сүтімен тамақтандырылатын балалардың үлесі (2 жаста ана сүтімен қоректендіруді жалғастыру) <sup>4</sup>	Балалардың саны
<b>Жынысы</b>							
Ер балалар	32,4	61,1	264	55,1	158	24,4	169
Қыз балалар	31,2	60,1	268	46,9	174	27,8	177
<b>Тұрғылықты жері</b>							
Қалалық	34,4	62,2	268	51,1	160	17,9	178
Ауылдық	29,2	59,0	265	50,5	171	34,9	168
<b>Анасының білімі</b>							
Бастауыш/ аяқталмаған орта	(*)	(*)	11	(*)	3	(*)	6
Орта	31,0	56,9	179	49,3	115	32,3	123
Орта арнаулы	30,1	62,0	160	54,9	88	26,4	99
Жоғары	34,8	63,4	183	49,8	123	21,0	117
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>							
Ең кедей	33,8	60,5	120	51,7	80	33,1	63
Екінші	32,0	61,7	121	50,1	86	28,3	96
Орташа	30,4	53,3	108	58,2	67	23,1	68
Төртінші	30,2	64,7	104	52,2	55	17,4	45
Ең бай	32,7	63,6	81	37,5	44	25,5	74
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>							
Қазақтар	31,2	61,9	381	54,7	245	30,8	247
Орыстар	29,0	49,4	74	40,1	53	12,4	50
Басқалар	37,4	64,9	77	(39,4)	33	(16,9)	49
<b>Барлығы</b>	<b>31,8</b>	<b>60,6</b>	<b>532</b>	<b>50,8</b>	<b>331</b>	<b>26,1</b>	<b>346</b>

«Білімі жоқ» санаты респондент санының аздығына байланысты алынып тасталды. \*

<sup>1</sup> МИКЗ 2.6 көрсеткіші.

<sup>2</sup> МИКЗ.9 көрсеткіші.


<sup>3</sup> МИКЗ 2.7 көрсеткіші.

<sup>4</sup> МИКЗ 2.8 көрсеткіші.

( ) - көрсеткіштер 25-49 салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген.

(\*) – көрсеткіштер 25-тен аз салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген.

NU.3 диаграммасы: Жасына қарай балаларды тамақтандыру үлгілері, Қазақстан, 2010/11



NU.4—кестесінде сұрыпталып алынған басты сипаттамалар бойынша емшек сүтімен қоректендірудің орташа ұзақтығы көрсетілген. 3 жасқа дейін сәбилерді емшек сүтімен қоректендірудің орташа ұзақтығы келесіні құрайды: 14,8 ай - емшек сүтімен тамақтандырудың кез келген жағдайында, 2,1 ай - тек емшек сүтімен тамақтандыру жағдайында, 4,2 ай - негізінен емшек сүтімен тамақтандыру жағдайында. Қыз балалармен салыстырғанда ер балалар ұзағырақ негізде емшек сүтімен қоректендірудің кез-келген жағдайында қоректендірілген. Қалалық балалармен салыстырғанда ауылдық балалар ұзағырақ негізде тек емшек сүтімен (1,1 мен 0,9 ай) немесе емшек сүтімен қоректендірудің кез-келген жағдайында тамақтандырылады (13,8 мен 13,2 ай). Алматы қаласында балалар ұзағырақ негізде тек

емшек сүтімен тамақтандырылады (3 ай), мұндай балалардың ең аз үлесі Алматы, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды мен Маңғыстау (0,5-0,6 айдан) облыстарында кездеседі. Емшек сүтімен қоректендірудің кез-келген жағдайында ұзағырақ негізде емшек сүтімен тамақтандырылатын балалардың ең көп үлесі Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазақстан (15-17 пайыз) облыстарында, ал Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы сәбилері басқа балалармен салыстырғанда ұзағырақ негізде аралас емшек сүтімен тамақтандырылады (4,1-5,4 ай). Ауқаттылық деңгейін есепке алғанда, ең кедей квинтиль үй шаруашылықтарының балалары тек емшек сүтімен ұзағырақ негізде тамақтандырылса, ал екінші мен төртінші квинтильдегілер - ұзағырақ негізде аралас емшек сүтімен тамақтандырылады.

#### NU.4 - кесте. Емшек сүтімен қоректендіру ұзақтығы

Жасы 0-35 ай аралығындағы балаларды емшек сүтімен қоректендірудің кез-келген түрімен, тек емшек сүтімен тамақтандырудың және негізінен емшек сүтімен тамақтандырудың орташа ұзақтығы, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Орташа ұзақтық (аймен)			0-35 айдағы сәбилер саны
	емшек сүтімен тамақтандырудың кез-келген түрі <sup>1</sup>	тек емшек сүтімен тамақтандыру	негізінен емшек сүтімен тамақтандыру	
<b>Жынысы</b>				
Ер балалар	13,9	1,2	3,6	1598
Қыз балалар	13,0	0,7	3,4	1600
<b>Өңір</b>				

	Орташа ұзақтық (аймен)			0-35 айдағы сәбилер саны
	емшек сүтімен тамақтандырудың кез-келген түрі <sup>1</sup>	тек емшек сүтімен тамақтандыру	негізінен емшек сүтімен тамақтандыру	
Ақмола	13,9	1,0	2,3	117
Ақтөбе	15,2	0,7	2,5	166
Алматы	12,1	0,6	4,1	321
Алматы қаласы	11,5	3,0	5,1	124
Астана қаласы	13,7	1,3	3,3	101
Атырау	16,6	0,7	2,5	120
Шығыс Қазақстан	9,6	0,6	5,4	224
Жамбыл	13,0	1,6	3,8	250
Батыс Қазақстан	17,1	0,6	3,2	129
Қарағанды	11,8	0,5	3,7	245
Қостанай	12,9	0,6	3,4	140
Қызылорда	14,0	1,5	2,7	178
Маңғыстау	14,3	0,5	2,7	157
Павлодар	13,8	1,7	3,2	135
Солтүстік Қазақстан	9,3	2,5	4,5	78
Оңтүстік Қазақстан	14,9	2,0	3,6	712
<b>Тұрғылықты жері</b>				
Қалалық	13,2	0,9	3,6	1562
Ауылдық	13,8	1,1	3,4	1635
<b>Анасының білімі</b>				
Бастауыш/аяқталмаған орта	7,5	0,6	2,7	61
Орта	13,3	1,2	3,2	1129
Орта арнаулы	14,7	0,7	3,5	900
Жоғары	13,4	1,2	3,8	1101
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>				
Ең кедей	14,8	1,7	3,5	762
Екінші	13,1	1,1	3,8	716
Орташа	13,8	0,6	2,9	614
Төртінші	13,6	0,9	3,8	535
Ең бай	12,5	0,7	3,4	571
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>				
Қазақтар	14,1	0,9	3,5	2311
Орыстар	11,0	0,8	2,5	489
Басқалар	11,5	1,6	4,6	398
<b>Барлық балалар үшін орташа (0-35 ай)</b>	<b>14,8</b>	<b>2,1</b>	<b>4,2</b>	<b>3198</b>

<sup>1</sup>МИКЗ 2.10 көрсеткіші.

Лайықты аспен тамақтандырылатынын жасы 24 айға дейінгі балалардың арасалмағы NU.5–кестесінде берілген. Лайықты аспен тамақтандырылу шарттарында сәбидің жасына тәуелді айырмашылықтар кездеседі. 0-5 ай жас тобындағы балалар үшін тек емшек сүтімен көректендіруі лайықты ас беру деп саналса, 6-23 ай тобындағы балалар үшін лайықты ас беру ретінде емшек сүтін берумен қатар, қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен тамақтандыру саналады.

Тамақтанудың құрылымы туралы деректер нәтижесінде 0-5 айлық балалардың тек 31,8 пайызы ғана лайықты аспен тамақтандырылатынын көрсетеді. Бұлардың арасында ер балалар 32,4 пайыз және қыз балалар 31,2 пайыз, ал ауылдық балалардың 29,2 пайызы және қалалық балалардың 34,4 пайызы жиірек негізде лайықты аспен тамақтандырылады. Зерттеу нәтижелері лайықты аспен тамақтандырудың анасының білім деңгейі немесе үй шаруашылықтарының

ауқаттылық деңгейіне тәуелсіз болып табылатынын көрсетті.

Жасы 6-23 айлық балалар арасында балама тамақтандыру таралымының деңгейі аздап төмен және 30,8 пайызды құрайды: қалалық балалар – 29,9 пайыз, ауылдық – 31,7 пайыз. ер балалар мен қыз балалардың арақатынасы шамамен бірдей және тиісінше 29,4 және 32,2 пайыз. Жасы 6-23 айлық балалар арасында қосымша тамақтандырылатындардың үлесі екінші, орташа, төртінші және ең бай квинтильдер үшін бірдей дерлік әрі 30–32 пайызды құрайды. Ең бай квинтильде бұл көрсеткіш сәл төмен және 28,7 пайызды құрайды. Аналарының білім деңгейіне байланысты белгілі айырмашылықтар бар: орта, арнаулы

білімі бар аналардың балалары көбірек жағдайларда лайықты аспен тамақтандырылады (32,7 пайыз). Өңірлер бойынша, лайықты тамақтандырылатын балалардың көбісі Ақмола, Алматы, Қостанай, Павлодар облыстарында және Астана қаласында тұрады (40-46,2 пайыз), ал ондай балалардың ең аз үлесі Атырау мен Оңтүстік Қазақстан (21,9 пайыз) облыстарында тұрады.

Жасы 0-23 айлық болып табылатын және тиісті түрде емшек сүтімен тамақтандырылатын балалар үлесі 31 пайызды құрайды. Жынысы, тұрғылықты жері, білім деңгейі мен ауқаттылық деңгейі, этникалық тиістілігі бойынша айтарлықтай айырмашылықтар байқалмаған.

#### NU.5 - кесте. Жасына байланысты емшек сүтімен қоректендіру

*Зерттеу жүргізу алдындағы күндері емшек сүтімен лайықты түрде қоректендірілген 0-23 ай жас топтарындағы балалардың үлесі, Қазақстан, 2010-2011жж.*

	0-5 ай жас тобындағы балалар		6-23 ай жас тобындағы балалар		0-23 ай жас тобындағы балалар	
	тек емшек сүтімен тамақтандырылатын балалар үлесі <sup>1</sup>	балалардың саны	емшек сүтімен тиісінше тамақтандырылатын және қатты, жартылай қатты әрі жұмсақ аспен тамақтандырылған балалар үлесі	балалардың саны	емшек сүтімен тиісінше тамақтандырылатын балалар үлесі <sup>2</sup>	балалардың саны
<b>Жынысы</b>						
Ер балалар	32,4	264	29,4	782	30,1	1047
Қыз балалар	31,2	268	32,2	786	32,0	1055
<b>Өңір</b>						
Ақмола	(23,4)	21	41,2	52	36,1	73
Ақтөбе	(14,1)	23	36,8	95	32,3	118
Алматы	(39,4)	61	40,2	143	40,0	204
Алматы қаласы	(*)	13	(10,4)	58	(19,0)	71
Астана қаласы	(25,2)	20	45,3	55	39,9	75
Атырау	(23,7)	21	21,9	55	22,4	76
Шығыс Қазақстан	(32,7)	45	30,5	103	31,2	147
Жамбыл	(34,7)	46	30,4	130	31,5	175
Батыс Қазақстан	(22,8)	23	37,1	56	33,0	79
Қарағанды	(20,2)	33	28,0	128	26,4	162
Қостанай	(30,8)	24	44,9	64	41,1	88
Қызылорда	(23,9)	25	27,4	101	26,7	126
Маңғыстау	13,9	31	31,3	76	26,3	107
Павлодар	(*)	19	46,2	62	42,5	81
Солтүстік Қазақстан	(*)	12	33,1	37	37,7	49
Оңтүстік Қазақстан	41,0	116	21,9	354	26,6	470
<b>Тұрғылықты жері</b>						
Қалалық	34,4	268	29,9	754	31,1	1022
Ауылдық	29,2	265	31,7	815	31,0	1079

	0-5 ай жас тобындағы балалар		6-23 ай жас тобындағы балалар		0-23 ай жас тобындағы балалар	
	тек емшек сүтімен тамақтандырылатын балалар үлесі <sup>1</sup>	балалардың саны	емшек сүтімен тиісінше тамақтандырылатын және қатты, жартылай қатты әрі жұмсақ аспен тамақтандырылған балалар үлесі	балалардың саны	емшек сүтімен тиісінше тамақтандырылатын балалар үлесі <sup>2</sup>	балалардың саны
<b>Анасының білімі</b>						
Бастауыш/ аяқталмаған орта	(*)	11	(*)	25	(10,3)	36
Орта	31,0	179	30,4	566	30,5	745
Орта арнаулы	30,1	160	32,7	430	32,0	590
Жоғары	34,8	183	30,9	543	31,9	726
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>						
Ең кедей	33,8	120	28,7	370	29,9	490
Екінші	32,0	121	32,0	373	32,0	494
Орташа	30,4	108	30,3	316	30,3	424
Төртінші	30,2	104	32,1	231	31,5	335
Ең бай	32,7	81	31,5	278	31,7	359
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>						
Қазақтар	31,2	381	32,3	1131	32,0	1512
Орыстар	29,0	74	29,3	248	29,3	322
Басқалар	37,4	77	23,7	190	27,7	267
<b>Барлығы</b>	<b>31,8</b>	<b>532</b>	<b>30,8</b>	<b>1569</b>	<b>31,0</b>	<b>2101</b>

«Білімі жоқ» санаты респондент санының аздығына байланысты алынып тасталды.

<sup>1</sup>МИКЗ 2.6 көрсеткіші

<sup>2</sup> МИКЗ 2.14 көрсеткіші

( ) - көрсеткіштер 25-49 салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген

(\*) – көрсеткіштер 25- тен аз салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген

Бойының өсуі, жетілуі және жеткіліксіз қоректенудің алдын алу тұрғысынан қарастырғанда, 6 айдан бастап екі жасқа дейінгі балалардың лайықты қосымша тамақтануы ерекше маңызды. Емшек сүтімен ғана қоректендіру жеткіліксіз болатын кезде, 6 айдан кейін емшек сүтімен қоректендірілу – адам ағзасының құнарлы заттарды қажетсінуін қанағаттандыруға көмектесетін – жеткілікті мөлшерде құнарлы, қауіпсіз және лайықты қосымша тамақтанумен қатар жүргізілуі керек. Яғни, емшек сүтімен қоректендірілетін балалар қатты, жартылай қатты немесе жұмсақ аспен тәулігіне 6-8 айлық жаста *екі немесе одан көбірек рет* және 9-23 айлық жаста тәулігіне *үш немесе одан көбірек рет* тамақтандырылуы тиіс. Емшек сүтін ембейтін 6-23 айлық немесе одан үлкенірек жастағы балалар тәулігіне қатты, жартылай қатты немесе жұмсақ аспен немесе сүтті аспен *төрт немесе одан көбірек рет* тамақтандырылуы тиіс.

Тұтастай алғанда, 6-8 айлық балалардың 49,4 пайызы қатты, жартылай қатты немесе жұмсақ аспен тамақтандырылған (NU.6–кесте). Қазіргі күні емшек сүтімен қоректендірілетін балалардың арасындағы мұндай балалар үлесі 48 пайызды құрайды. (далее часть предложения удалена) Екі

топта да қатты, жартылай қатты немесе жұмсақ аспен тамақтандырылатын қыз балалар үлесі ер балалар үлесінен көбірек. Қатты, жартылай қатты немесе жұмсақ аспен тамақтандырылатын балалардың пайыздық арасалмағы ауылдық жерлермен салыстырғанда қалалық жерлерде жоғары екені байқалады (тиісінше 53,1 және 43,7 пайыз).



## NU.6 - кесте. Қатты, жартылай қатты және жұмсақ азық асты ендіру

Өткен күндері қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен тамақтандырылған 6-8 ай жас топтарындағы балалардың үлесі, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Қазір емшек сүтін еметін		Қазір емшек сүтін ембейтін		Барлығы	
	қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен тамақтандырылатын балалар үлесі	жасы 6-8 ай жас тобындағы балалар саны	қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен тамақтандырылатын балалар үлесі	жасы 6-8 ай жас тобындағы балалар саны	қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен тамақтандырылатын балалар үлесі <sup>1</sup>	жасы 6-8 ай жас тобындағы балалар саны
<b>Жынысы</b>						
Ер балалар	41,5	125	(*)	17	41,3	142
Қыз балалар	54,8	119	(*)	24	57,4	143
<b>Тұрғылықты жері</b>						
Қалалық	53,1	112	(*)	20	53,7	131
Ауылдық	43,7	133	(*)	22	45,7	155
<b>Барлығы</b>	<b>48,0</b>	<b>244</b>	<b>(57,5)</b>	<b>42</b>	<b>49,4</b>	<b>286</b>

<sup>1</sup>МИКЗ 2.12 көрсеткіші

( ) - көрсеткіштер 25-49 салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген

(\*) – көрсеткіштер 25-тен аз салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген

NU.7–кестесінде, емшек сүтімен қоректендірілу мәртебесіне сай өткен күні тәулігіне ең аз немесе ең көп мөлшерде жартылай қатты және жұмсақ аспен тамақтандырылған 6-23 ай жас тобындағы балалардың саны көрсетілген. (NU.7 – кестесіне ескертпеден әр түрлі жас топтарына арналған ең аз рет санының анықтамасын қараңыз). Тұтастай

алғанда 6-23 ай жас тобындағы балалардың жартысынан сәл көбі (55,3 пайыз) тәулігіне ең аз мөлшерде қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен тамақтандырылған. Мұндай тағаммен ең аз мөлшерде тамақтандырылған қыз балалардың үлесі (57,5 пайыз), ер балалармен (53,1 пайыз) салыстырғанда сәл жоғары екені байқалады.

## NU.7 - кесте. Ең төмен тамақтандыру жиілігі

Қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен (және сүт тағамдарымен, егер сәби емшек сүтін ембейтін болса) өткен күндері берілген кеңес бойынша ең аз мөлшерде немесе одан көбірек қоректендірілген және емшек сүтімен қоректендірілу мәртебесіне сай болатын 6-23 ай аралығындағы балалардың пайыздық үлесі, Қазақстан, 2010 -2011 жж.

	Қазір емшек сүтін еметін балалар үлесі		Қазір емшек сүтін ембейтін балалар үлесі			Барлығы	
	қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен кеңес бойынша ең аз мөлшерде тамақтандырылатындар үлесі*	6-23 ай жас тобындағы балалар саны	сүтті тамақпен кем дегенде 2 рет тамақтандырылатын балалар үлесі <sup>1</sup>	қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен немесе сүтті тамақпен 4 немесе одан көбірек қабылдайтын балалардың үлесі	6-23 ай жас тобындағы балалар саны	кеңес бойынша ең аз мөлшерде тамақтандырылатын балалардың үлесі <sup>2</sup>	6-23 ай жас тобындағы балалар саны
<b>Жынысы</b>							
Ер балалар	22,7	391	90,8	83,4	392	53,1	782
Қыз балалар	26,4	390	88,0	88,0	397	57,5	786
<b>Жасы</b>							
6-8 ай	29,3	244	97,3	89,3	42	38,0	286
9-11 ай	11,5	167	91,5	92,2	79	37,5	246
12-17 ай	24,8	235	89,0	85,7	289	58,4	523
18-23 ай	31,6	135	88,4	84,0	379	70,2	514



	Қазір емшек сүтін еметін балалар үлесі		Қазір емшек сүтін ембейтін балалар үлесі			Барлығы	
	қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен кеңес бойынша ең аз мөлшерде тамақтандырылатындар үлесі*	6-23 ай жас тобындағы балалар саны	сүтті тамақпен кем дегенде 2 рет тамақтандырылатын балалар үлесі <sup>1</sup>	қатты, жартылай қатты және жұмсақ аспен немесе сүтті тамақпен 4 немесе одан көбірек қабылдайтын балалардың үлесі	6-23 ай жас тобындағы балалар саны	кеңес бойынша ең аз мөлшерде тамақтандырылатын балалардың үлесі <sup>2</sup>	6-23 ай жас тобындағы балалар саны
<b>Өңір</b>							
Ақмола	(34,9)	26	(77,2)	(80,6)	26	57,5	52
Ақтөбе	26,6	50	93,8	86,1	44	54,5	95
Алматы	(40,8)	70	(81,1)	(90,9)	72	66,2	143
Алматы қаласы .	(*)	20	(*)	(*)	38	(62,6)	58
Астана қаласы	69,0	30	(96,6)	(94,0)	25	80,5	55
Атырау	13,1	29	89,2	71,9	26	41,2	55
Шығыс Қазақстан	(32,0)	45	(87,9)	(95,1)	58	67,7	103
Жамбыл	17,0	65	91,0	90,3	65	53,6	130
Батыс Қазақстан	(32,3)	27	(93,8)	(88,4)	29	61,0	56
Қарағанды	(28,9)	49	89,2	94,4	79	69,3	128
Қостанай	(46,1)	33	(66,7)	(88,7)	31	66,6	64
Қызылорда	13,5	53	94,8	89,4	48	49,3	101
Маңғыстау	15,4	45	98,2	88,1	31	45,3	76
Павлодар	(53,0)	32	(91,5)	(86,8)	30	69,3	62
Солтүстік Қазақстан	(*)	13	(86,9)	(92,2)	24	85,2	37
Оңтүстік Қазақстан	5,4	192	91,4	70,4	162	35,1	354
<b>Тұрғылықты жері</b>							
Қалалық	29,6	348	92,4	90,5	406	62,4	754
Ауылдық	20,5	432	86,1	80,6	382	48,7	815
<b>Анасының білімі</b>							
Бастауыш/ аяқталмаған орта	(*)	6	(*)	(*)	19	(*)	25
Орта	24,5	280	87,4	81,8	286	53,4	566
Орта арнаулы	25,0	227	86,8	84,8	203	53,2	430
Жоғары	24,9	266	93,1	90,6	277	58,4	543
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>							
Ең кедей	17,5	204	86,6	78,2	166	44,8	370
Екінші	20,0	176	88,0	83,3	197	53,4	373
Орташа	24,2	154	88,0	83,4	163	54,6	316
Төртінші	31,5	112	90,2	92,9	119	63,1	231
Ең бай	35,6	135	95,4	94,4	144	66,0	278
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>							
Қазақтар	22,7	610	90,8	84,6	521	51,2	1131
Орыстар	38,2	95	88,7	93,4	153	72,2	248
Басқалар	22,1	75	83,6	80,8	115	57,5	190
<b>Барлығы</b>	<b>24,5</b>	<b>780</b>	<b>89,4</b>	<b>85,7</b>	<b>788</b>	<b>55,3</b>	<b>1569</b>

«Білімі жоқ» санаты респондент санының аздығына байланысты алынып тасталды. \*

<sup>1</sup> МИКЗ 2.15 көрсеткіші.

<sup>2</sup> МИКЗ 2.13 көрсеткіші.

( ) - көрсеткіштер 25-49 салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген.

(\*) – көрсеткіштер 25-тен аз салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген.

\* Қазіргі уақытта емшек сүтімен қоректенетін 6-8 ай жастағы нәрестелер арасындағы минималды ұсынылған бір реттік тамақтандыруды алатын нәрестелер, соңғы тәулікте емшек сүтімен қатар қатты, жартылай қатты немесе жұмсақ тамақты 2 немесе көбірек алатын нәрестелер ретінде анықталады. Қазіргі уақытта емшек сүтімен қоректенетін 9-23 ай жастағы нәрестелер арасындағы минималды ұсынылған бір реттік тамақтандыруды алатын нәрестелер, соңғы тәулікте емшек сүтімен қатар қатты, жартылай қатты немесе жұмсақ тамақты кемінде 3 рет алатын нәрестелер ретінде анықталады. Қазіргі уақытта емшек сүтімен қоректенетін 6-23 ай жастағы нәрестелер арасындағы минималды ұсынылған бір реттік тамақтандыруды алатын нәрестелер, соңғы тәулікте емшек сүтімен қатар қатты, жартылай қатты немесе жұмсақ тамақты кемінде 4 рет алатын нәрестелер ретінде анықталады.

Қазір емшек сүтімен қоректендірілетін 6-23 ай жас тобындағы балалардың арасында төрттен бір бөлігі (24,5 пайыз) тәулігіне ең аз мөлшерде қатты, жартылай қатты және жұмсақ тағамдармен қоректендірілген, сонымен бірге, мұндай балалардың арасында қыз балалардың үлесі (26,4 пайыз) ер балалармен (22,7 пайыз) салыстырғанда жоғарылау екені байқалады. Тәулігіне ең аз мөлшерде қатты, жартылай қатты және жұмсақ тағамдармен қоректендірілген балалардың көбірек бөлігі Астана қаласында (69 пайыз), ең азы Оңтүстік Қазақстан (5,4 пайыз) облысында тұрады. Лайықты мөлшерде тағамданатын қалалық жерлерде тұратын балалардың арасалмағы ауылдық жерлердегі сәбилерімен салыстырғанда 9,1 пайыздық мөлшерге артық. Зерттеу барысында айқын бір байланыс байқалды: үй шаруашылықтарының ауқаттылық деңгейі жоғарылаған сайын емшек сүтімен және қатты, жартылай қатты және жұмсақ немесе сүтті тағамдармен қоректендірілетін балалардың үлесі артады.

Емшек сүтімен қоректендірілмейтін балалардың көбірек бөлігіне (85,7 пайыз) қатты, жартылай қатты және жұмсақ немесе сүтті тағамдар тәулігіне 4 және одан да көбірек мөлшерде берілген. Бұлардың ара-

сында қыз балалар үлесі 88 пайызды құрайды, бұл ер балалардың үлесімен салыстырғанда 4,6 пайыздық мөлшерге артық, қалалық жерлерде тұратын нәрестелердің үлес салмағы, ауылдық жерлермен салыстырғанда 9,9 пайыздық мөлшерге артық. Үй шаруашылығы ауқаттылығы деңгейіне байланысты кейбір айырмашылықтар бар: қатты, жартылай қатты немесе жұмсақ немесе сүт тағамдарын тәулігіне 4 және одан көп рет алатын балалардың үлесі ауқаттылығы жоғары деңгейлі үй шаруашылықтарында жоғары

Жасанды жолмен тамақтандыру тәжірибесін жалғастыру тағам даярлау процесі барысында қауіпсіз емес су мен гигиеналық нормаларды сақтамау себебінен алаңдау тудырып отыр. NU.8 – кестесі жасанды жолмен тамақтандырудың Қазақстанда жиі түрде кездесетін өмір тәжірибесі болып табылатынын байқатады. Жасы 0-23 айдағы балалардың 46,7 пайызы еміздікті бөтелкеден тамақтандырылады, ал осы әдіспен тамақтандырылатын жасы 6 айға дейінгі балалардың үлесі 40,7 пайызды құрайды. Маңғыстау (70 пайыз), Қостанай (57,4 пайыз) мен Оңтүстік Қазақстан (57,2 пайыз) облыстарында еміздікті бөтелкеден тамақтандырылатын балалардың ең көп үлесі тұрады, мұндай балалардың ең азы – Жамбыл (29 пайыз) облысында.

#### NU.8 - кесте. Еміздікті бөтелкеден жасанды қоректендіру

Өткен күні еміздікті бөтелкеден қоректендірілген 0-23 ай жас тобындағы балалардың пайыздық үлесі, Қазақстан, 2010-2011 жж.

	Еміздікті бөтелкеден қоректендірілген 0-23 ай жас тобындағы балалар үлесі <sup>1</sup>	0-23 ай жас тобындағы балалар саны
<b>Жынысы</b>		
Ер балалар	47,7	1047
Қыз балалар	45,8	1055
<b>Жасы</b>		
0-5 ай	40,7	532
6-11 ай	53,6	532
12-23 ай	46,4	1037
<b>Өңір</b>		
Ақмола	48,9	73
Ақтөбе	41,7	118
Алматы	33,2	204
Алматы қаласы	(40,4)	71
Астана қаласы	43,4	75
Атырау	57,7	76
Шығыс Қазақстан	40,4	147
Жамбыл	29,0	175
Батыс Қазақстан	46,5	79
Қарағанды	41,8	162
Қостанай	57,4	88

	Емізкті бөтелкеден қоректендірілген 0-23 ай жас тобындағы балалар үлесі <sup>1</sup>	0-23 ай жас тобындағы балалар саны
Қызылорда	44,9	126
Маңғыстау	70,0	107
Павлодар	42,5	81
Солтүстік Қазақстан	50,3	49
Оңтүстік Қазақстан	57,2	470
<b>Тұрғылықты жері</b>		
Қалалық	48,4	1022
Ауылдық	45,2	1079
<b>Анасының білімі</b>		
Бастауыш/аяқталмаған орта	(65,3)	36
Орта	44,0	745
Орта арнаулы	49,8	590
Жоғары	46,5	726
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>		
Ең кедей	44,2	490
Екінші	47,9	494
Орташа	45,9	424
Төртінші	46,2	335
Ең бай	50,2	359
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>		
Қазақтар	45,8	1512
Орыстар	51,5	322
Басқалар	46,6	267
<b>Барлығы</b>	<b>46,7</b>	<b>2101</b>

«Білімі жоқ» санаты респондент санының аздығына байланысты алынып тасталды.

<sup>1</sup>МИКЗ 2.11 көрсеткіші.

( ) - көрсеткіштер 25-49 салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген.

## Тұзды йодтандыру

Бүкіл дүние жүзінде йод тапшылығы жағдайларынан (ЙТЖ) туындайтын аурулар кішкентай балалардағы ақыл-ой дамуының кешігуі мен психомоторлық дамуы бұзылуының басты себебі болып отыр. Йод тапшылығының аса төмендеуі меңіреулікке ұшыратады. Ол сол сияқты жүкті әйелдердің баланы өлі тууы немесе түсік тастау қаупін де күшейтеді. Йод тапшылығына байланысты туындайтын аурулардың бірі зоб. Йод тапшылығының ең жиі кездесетін салдары – ол психиканың және ақыл-ой дамуының бұзылуы, бұл өз кезегінде, мектептегі үлгерімнің нашарлауына, ақыл-ой қабілетінің және еңбек өнімділігінің

төмендеуіне әкеліп соғады. Аталған көрсеткіш йодтандырылған тұзды (миллионға  $\geq 15$  бөлік) қажетті деңгейде тұтынатын үй шаруашылықтарының пайыздық үлесін бейнелейді.

Қазақстан Үкіметі дүниежүзілік саяси ұсыныстар мен кеңестерге сәйкес республикадағы йод тапшылығы жағдайларын тұзды үйде тұтыну үшін де, сол сияқты тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары үшін де, сондай-ақ малға берілетін жем ретінде де өндіру кезінде, калий йодаты көмегімен талап етілетін  $40 \pm 15$  ppm йод деңгейінде әмбебап йодтандыру арқылы жою жөнінде өзіне міндеттеме алды. Бұл міндеткерліктер заңнама деңгейінде бекітілген.

## NU.9 - кесте. Йодтандырылған тұзды тұтыну

Йодтандырылған тұзды тұтынуы бойынша отбасыларының пайыздық арасалмағы, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Тұз тексерілген үй шаруашылықтарының үлесі	Үй шаруашылықтарының саны	Үй шаруашылықтарының үлесі				Барлығы	Оларда тұздың бар екені тексерілген немесе оларда тұз болмаған үй шаруашылықтарының саны
			Тұзы болмағандары	Тұзды сараптау нәтижесі барлары				
				Йодтандырылмаған тұз 0 ppm	>0 және <15 PPM	15+ PPM <sup>1</sup>		
<b>Өңір</b>								
Ақмола	97,6	884	2,4	0,8	1,6	95,2	100	884
Ақтөбе	99,4	713	0,4	0,6	20,4	78,6	100	712
Алматы	99,8	1470	0,1	2,7	6,8	90,4	100	1469
Алматы қаласы	94,6	1473	3,1	0,0	32,0	64,9	100	1437
Астана қаласы	99,6	544	0,3	0,2	1,5	98,0	100	544
Атырау	99,8	359	0,0	6,7	14,2	79,1	100	359
Шығыс Қазақстан	99,6	1673	0,3	0,7	2,2	96,7	100	1671
Жамбыл	95,9	890	3,6	9,2	9,6	77,7	100	886
Батыс Қазақстан	99,6	647	0,3	1,7	1,8	96,1	100	646
Қарағанды	99,7	1629	0,2	1,3	1,6	96,8	100	1627
Қостанай	99,8	1129	0,1	0,2	5,8	94,0	100	1128
Қызылорда	99,7	498	0,3	6,6	8,3	84,9	100	498
Маңғыстау	99,0	372	0,4	2,7	19,7	77,1	100	370
Павлодар	96,1	931	1,1	7,3	7,8	83,9	100	904
Солтүстік Қазақстан	99,6	795	0,3	1,4	0,9	97,4	100	794
Оңтүстік Қазақстан	100,0	1794	0,0	20,3	15,6	64,0	100	1794
<b>Тұрғылықты жері</b>								
Қалалық	98,1	9598	1,2	2,4	10,1	86,4	100	9530
Ауылдық	99,5	6202	0,3	7,5	8,3	83,9	100	6192
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>								
Ең кедей	99,5	2624	0,5	10,3	11,2	78,0	100	2623
Екінші	99,5	2628	0,3	7,1	7,8	84,8	100	2623
Орташа	98,5	3036	1,2	3,5	7,7	87,6	100	3026
Төртінші	98,1	3845	1,1	2,0	8,8	88,1	100	3814
Ең бай	98,3	3667	0,9	1,3	11,3	86,5	100	3635
<b>Барлығы</b>	<b>98,7</b>	<b>15800</b>	<b>0,8</b>	<b>4,4</b>	<b>9,4</b>	<b>85,4</b>	<b>100</b>	<b>15722</b>

<sup>1</sup> МИКЗ 2.16 көрсеткіші.

Барлық үй шаруашылықтарында (98,7 пайыз) тамақ дайындауға пайдаланылатын тұздың құрамында йодтың бар-жоғы және оның құрамында калий йодатының болуы тұзды тестілеу жиынтықтарын пайдалану арқылы тексерілді (NU.9-кесте).


NU.9-кестесі тұзы болмаған үй шаруашылықтарының өте аз екенін және олар небәрі 0,8 пайыз құрағанын көрсетеді. Үй шаруашылықтарының басым көпшілігінде (85,4 пайыз) тұздың құрамындағы йод 15 ppm (миллионға бөліктер) немесе одан көбірек екені анықталды. Үй шаруашылықтарының йодтандырылған тұзды тұтынуының ең төмен деңгейі Оңтүстік Қазақстан



облысында (64 пайыз) және Алматы қаласында (64,9 пайыз), ал ең жоғары деңгейі – Астана қаласы (98 пайыз) мен Солтүстік Қазақстан (97,4 пайыз) облыстарында тіркелген. Ауылдық жерлердегі 83,9 пайызбен салыстырғанда қалалық жерлердегі үй шаруашылықтарының 86,4 пайы-

зы йодтандырылған тұзды лайықты түрде пайдаланатыны белгілі болды (NU.4 - диаграммасы). Йодтандырылған тұзды пайдалануда ең кедей және ең бай үй шаруашылықтарының арасындағы айырмашылық 8,5 пайызды құрайды (тиісінше 86,5 және 78,0 пайыз).

**NU.4 диаграммасы: Тиісті түрде йодтандырылған тұзды пайдаланатын үй шаруашылықтарының пайыздық үлесі, Қазақстан, 2010-11 жж.**



## Туғандағы салмағының төмен болуы

Туғандағы салмақ – ананың денсаулығы мен тамақтану жағдайының айқын көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар жаңа туған нәрестенің тірі қалуы, өсуі, ұзақ мерзімді денсаулығы мен психикалық-әлеуметтік дамуының мүмкіндіктерінің көрсеткіші. Туғандағы салмағының төмен болуы (2500 грамнан аз) балалар үшін өзінде бірсыпыра қатерді жасыруда. Анасының құрсағында болған кезде қажетті көлемде қорек алмаған нәрестелер өмірінің алғашқы айы мен жылы ішінде қайтыс болу қатеріне көбірек ұшырайды. Ал тірі қалған жағдайда иммундық функцияның бұзылуынан зардап шегеді де, әртүрлі ауруларға ұшырағыш келеді; олардың жүдеуліктен зардап шегу ықтималдығы жоғары, өмір бойына әлсіреген бұлшық еті болуы, ал есейген кезде диабет және жүрек-қан тамырлары ауруларына ұшырау қаупі жоғары болады. Сондай-ақ, салмағы төмендеген балалардың ақыл-ой көрсеткіші (IQ) және танымдық қабілеті төмен болады, бұл олардың мектептегі үлгерімі мен есейген кездегі жұмыспен

қамтылу мүмкіндігіне кері әсерін тигізеді.

Дамушы елдерде баланың туғандағы салмағының төмен болуы негізінен ана денсаулығының және тамақтануының нашарлығы салдарынан болады. Ең көп әсер ететін үш фактор: *ананың бойына бала бітуі алдындағы нашар тамақтану жағдайы, оның бойының аласалығы (көп жағдайда тамақтанудың жетімсіздігі және бала кезінде әртүрлі жұқпалармен ауыруы салдарынан), сондай-ақ жүктілік кезіндегі нашар тамақтануы.* Жүктілік кезінде салмақтың жеткіліксіз өсуі көп жағдайда эмбриондық даму баяулауының себебі болып табылады. Сонымен қатар, дамушы елдердің біразында кең тараған диарея және малярия сияқты аурулар, егер ана жүктілік кезінде осындай жұқпалармен ауырған болса, іштегі нәрестенің дамуына біраз теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Өнеркәсібі дамыған елдерде нәрестелердің туған кездегі салмағының төмен болуының негізгі себебі *жүктілік кезіндегі темекі тарту болып та-*

былады. Дамыған елдерде де, сол сияқты дамушы елдерде де өз организмінің өсуі әлі аяқталмаған кезде бала туатын жасөспірімдердің салмағы төмен нәрестелер туу қаупі бар.

Туған кездегі салмағы төмен болған балалардың тууының жиілігін өлшеудегі басты қиыншылықтың бірі – ол дамушы елдердегі нәрестелердің жартысынан астамының туған кезінде салмағының өлшенбейтіндігі. Өткендегі туған кездегі салмағының төмен болғаны туралы деректердің көпшілігі медициналық мекемелер деректеріне негізделді. Алайда дамушы елдердің көпшілігі үшін бұл бағалаулар жылжытылған болып саналады, себебі нәрестелердің көбі медициналық мекемелерден тыс жерлерде туады, ал медициналық мекемелерде туатындары жиынтық бала босанулардың тек бір бөлігі болып қана табылады.

Көптеген нәрестелерді туған кезінде өлшемейтіндіктен, ал өлшенген нәрестелердің барлық жаңа туғандардың ішінен жылжытылған іріктеме болып шығуы мүмкін болғандықтан, туған кезінде тіркелген салмақты барлық балалар арасындағы туғандағы салмағының төмен болуының таралуын бағалау үшін пайдалану әдетте мүмкін емес. Осыған байланысты, салмағы 2500 грамнан аз болып туған нәрестелердің пайыздық үлесі сұрақнаманың екі тармағынан алынып есептелген: баланың туған сәттегі өлшемдерін анасының бағалауы (мысалы, өте кішкентай, орташадан аз, орташа, орташадан көп, өте ірі) және баланың салмағы туралы анасының айтқаны немесе баланы туған кезде өлшеген болса<sup>12</sup>, медициналық картасындағы жазба деректер бойынша алынып есептелген.



#### NU.11 - кесте. Туғандағы салмағы төмен болған нәрестелер

*Зерттеу жүргізу алдындағы 2 жыл ішінде соңғы болып туып, олардың ахуалы бойынша салмағы жеткіліксіз деп табылған әрі туған сәтінде 2500 грамнан аз тартқан балалардың үлесі және туылған кезінде салмағы өлшенген тірі балалардың үлесі, Қазақстан, 2010-2011жж.*

	Тірі туған нәрестелердің үлесі:		Соңғы 2 жыл ішінде туған балалардың саны
	Салмағы 2500 г аз болғаны <sup>1</sup>	Туғаннан соң өлшенгені <sup>2</sup>	
<b>Өңір</b>			
Ақмола	5,9	97,6	84
Ақтөбе	3,7	96,9	130
Алматы	3,0	97,6	125
Алматы қаласы	(3,2)	(87,0)	46

<sup>12</sup> Әдістеменің егжей – тегжейлі сипаттамасын мынадан қараңыз: Boerma, J. T., Weinstein, K. I., Rutstein, S.O., and Sommerfelt, A. E., 1996. Data on Birth Weight in Developing Countries: Can Surveys Help? Bulletin of the World Health Organization (Дамушы елдердегі туғандағы салмағы туралы деректер: зерттеулер көмектесе ала ма? – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бюллетені), 74(2), 209-16.

	Тірі туған нәрестелердің үлесі:		Соңғы 2 жыл ішінде туған балалардың саны
	Салмағы 2500 г аз болғаны <sup>1</sup>	Туғаннан соң өлшенгені <sup>2</sup>	
Астана қаласы	3,0	100,0	125
Атырау	4,5	97,5	162
Шығыс Қазақстан	2,4	98,0	99
Жамбыл	7,6	97,5	158
Батыс Қазақстан	4,9	98,2	112
Қарағанды	6,6	95,5	112
Қостанай	5,5	100,0	95
Қызылорда	3,4	98,4	187
Маңғыстау	3,6	96,8	186
Павлодар	3,4	97,9	97
Солтүстік Қазақстан	9,3	100,0	73
Оңтүстік Қазақстан	4,4	97,9	236
<b>Тұрғылықты жері</b>			
Қалалық	4,1	97,8	1069
Ауылдық	5,1	97,5	958
<b>Анасының білімі</b>			
Бастауыш/аяқталмаған орта	(10,4)	(85,7)	28
Орта	4,9	97,5	650
Орта арнаулы	4,4	98,3	606
Жоғары	4,1	97,8	740
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>			
Ең кедей	4,9	96,6	385
Екінші	5,3	98,6	424
Орташа	4,3	97,9	430
Төртінші	4,6	98,1	374
Ең бай	3,5	96,9	414
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>			
Қазақтар	4,3	97,9	1494
Орыстар	5,0	97,8	323
Басқалар	5,8	95,7	210
<b>Барлығы</b>	<b>4,5</b>	<b>97,6</b>	<b>2027</b>

«Білімі жоқ» санаты респондент санының аздығына байланысты алынып тасталды.

<sup>1</sup> МИКЗ 2.18 көрсеткіші.


<sup>2</sup> МИКЗ 2.19 көрсеткіші.

( ) - көрсеткіштер 25-49 салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген.

Қазақстанда іс жүзінде барлық нәрестелер туған кезінде өлшенген (97,6 пайыз), сонымен қатар, зерттеу нәтижелері бойынша жасалған бағалау бойынша 4,5 пайыз нәрестенің туған кездегі салмағы 2500 грамнан аз болған (NU.11-кесте). Өңірлер бойынша едәуір ауытқулар белгіленді: туған кездегі салмағы төмен балалардың аса үлкен үлес салмағы Солтүстік Қазақстан облысында (9,3 пайыз), ал ең төмен үлес салмағы Шығыс-Қазақстан облысында (2,4 пайыз) байқалады (NU.5 - диаграммасы). Елдің 7 өңірінде салмағы төмен балалардың үлесі 3-3,7 пайызды құрады. Қалалық және ауылдық жерлер арасында туғандағы салмағы төмен балалардың пайыздық үлесі бірдей дерлік.



**NU.5 диаграммасы: Нәрестенің туған кездегі салмағы 2500 грамнан аз болған пайыздық үлесі, Қазақстан, 2010-11 жж.**





## VI. Балалар денсаулығы

---



## Егулер

Мыңжылдықтың даму мақсаты (МДМ) 4 - 1990-2015 жылдар кезеңінде балалар өлімін үштен екіге қысқарту болып табылады. Бұл мақсатқа жетуде негізгі рөлді иммунитеттеу атқарады. Иммунитеттеудің кеңейтілген бағдарламасын (ИКБ) жүзеге асыру басталған 1974 жылдан бергі төртінші онжылдықта егулер миллиондаған балалардың өмірін сақтап қалды. Алайда, әлемде 27 миллион бала әлі күнге дейін дағдылы иммунитеттеумен қамтылмаған, соның салдарынан вакцинация көмегімен болдырмауға болатын аурулар жыл сайын екі миллионнан астам балалар өлімінің себебі болып отыр.

«Балалардың өмір сүруіне қолайлы әлем» құжатында тұжырымдалған мақсаттардың бірі жалпыұлттық ауқымда бір жасқа дейінгі балалардың 90 пайызын және әрбір жеке аудандағы немесе соған барабар аумақтық-әкімшілік бірліктегі балалардың кем дегенде 80 пайызын толық иммунитеттеуді қамтамасыз етуден тұрады.



Егудің Ұлттық күнтізбесі, Қазақстан, 2010 ж.

Жас	Туберкулез (БЦЖ)	“В” вирустық гепатиті	Полиомиелит (ОПВ/ИПВ)	Көкжөтел, дифтерия, сіреспе (АҚДС)	НіВ В типті гермофильдік инфекция	Дифтерия, сіреспе (АДС)	Дифтерия (АД-м)	Дифтерия, сіреспе (АДС-м)	ККП: Қызылша, қызамық, паротит
1-4 күн	x	x							
2 ай		x	x	x	x				
3 ай			x	x	x				
4 ай		x	x	x	x				
12-15 ай			x						x
18 ай				x	x				
6 жас (1 сынып)	x					x			x
12 жас							x		
15 жас									
16 жас								x	
Әр 10 жыл сайын								x	

ЮНИСЕФ пен ДДҰ-ның жетекші қағидаттарына және Қазақстанның егудің ұлттық күнтізбесіне сәйкес әрбір балаға **өмірінің алғашқы 12 айында** келесілер жасалуы тиіс: туберкулезден қорғау үшін *БЦЖ екпесін, дифтерия, көкжөтел және сіреспеден қорғау үшін АҚДС вакцинасының* үш дозасын, *“В” вирустық гепатитіне қарсы* вакцинаның үш дозасын, *полиомиелитке (ОПВ) қарсы* вакцинаның үш дозасын егу. *Қызылшаға, паротитке және қызамыққа қарсы* егілу **12-15 ай жас** топтарында жүргізіледі. Аналардан 5 жасқа дейінгі балалардың Егулер паспортын көрсетуі сұралды. Сұхбат

жүргізушілер егу паспортындағы вакцинация туралы ақпаратты МИКЗ сұрақнамасына көшіріп алды. Баланың егулер паспорты болмаған жағдайларда, ақпарат анасының сөзі негізінде толтырылды. Анасының сөзі негізінде алынған ақпаратты растау үшін және егулер паспорттарының медициналық мекемелерде сақталған жағдайларда топ редакторы 5 жасқа дейінгі әрбір баланы иммунитеттеу жөніндегі жеке модульді толтыру үшін тиісті медициналық мекемелерге барды. Иммунитеттеу жөніндегі деректер анасының сөзі немесе иммунитеттеу жөніндегі жеке модульдің негізінде енгізілді.

## СН.1 - кесте. Бала өмірінің алғашқы жылындағы егулер

Зерттеу жүргізілгенге дейінгі әйтеуір бір уақытта және бірінші туылған күніне дейін балалар ауруларына қарсы вакцинация алған жасы 15-26 ай жас топтарындағы балалардың пайыздық үлесі (қызылша мен ҚПҚ үшін 15 айға дейін), Қазақстан, 2010-2011жж.

	Зерттеу жүргізілгенге дейінгі кез келген уақытта егілгендер			Жасы 12 айға толғанға дейін егілген балалар
	егулер паспортына сәйкес	анасының мәліметінен	осы және басқа мәлімет көздерінен	
<b>БЦЖ<sup>1</sup></b>	96,0	3,4	99,5	99,2
<b>Полиомиелит (ОПВ/Полио)</b>				
1	95,5	3,6	99,1	98,9
2	94,5	3,1	97,6	96,1
3 <sup>2</sup>	86,3	2,1	88,4	81,3
<b>АҚДС</b>				
1	95,3	3,5	98,8	98,4
2	95,1	3,3	98,5	96,8
3 <sup>3</sup>	94,2	2,6	96,8	93,0
<b>Қызылша немесе ҚПҚ (қызылша, паротит, қызамық)<sup>4</sup></b>	90,5	3,4	93,9	89,0
<b>Гепатит В</b>				
1	76,1	20,4	96,6	95,9
2	75,0	18,5	93,5	91,9
3 <sup>5</sup>	63,1	7,1	70,2	67,0
<b>Барлық егулер</b>	<b>36,3</b>	<b>25,3</b>	<b>61,6</b>	<b>46,7</b>
Егулер жүргізілмеген	0,0	0,2	0,2	0,2
<b>Гепатитті есепке алмағандағы барлық егулер</b>	<b>54,7</b>	<b>28,9</b>	<b>83,6</b>	<b>70,6</b>
Гепатитті есепке алмағанда, егулер жүргізілмеген	0,0	0,2	0,2	0,2
Жасы 15-26 айдағы балалар саны	1076	1076	1076	1076

Қызылша мен ҚПҚ үшін вакцинациялау 15 айға дейін есептеледі.

<sup>1</sup> МИКЗ 3.1 көрсеткіші.

<sup>2</sup> МИКЗ 3.2 көрсеткіші.

<sup>3</sup> МИКЗ 3.3 көрсеткіші.

<sup>4</sup> МИКЗ 3.4 көрсеткіші; МДМ 4.3 көрсеткіші.

<sup>5</sup> МИКЗ 3.5 көрсеткіші.

Бұл кестенің бөліміне 15-26 ай жас топтарындағы осы жасқа дейін толық вакцинациядан өткен балалар ғана есепке алынған балалар саны енгізілді. Кестенің жоғарғы жолындағы алымға зерттеуге дейін егулер паспортына сәйкес немесе анасының айтқаны бойынша егілген барлық балалардың саны кіреді. Төменгі жолда (кеңесте берілгендей) бірінші туған күніне дейін егілген балаларға қатысты мәлімет берілген. Егулер паспорты жоқ балалар үшін де бірінші туған күніне дейін егілген балалардың үлесі егу паспорттары бар балалардікі сияқты есептеледі.

15-26 ай жас топтарындағы балалардың барлығы дерлік (99,2 пайызы), кез-келген мәлімет көзіне сәйкес, БЦЖ екпесін жасы 12 айға толғанға дейін алған және балалардың 98,4 пайызы АҚДС-тің бірінші дозасымен егілген. Кез келген мәлімет көзіне сәйкес, АҚДС-тің келесі дозаларын алған балалардың пайыздық үлесі – екінші доза үшін 96,8 пайызға және үшінші доза үшін 93 пайызға

дейін төмендейді (СН.1 диаграммасы). Сол сияқты, балалардың 98,9 пайызы өмірінің алғашқы 12 айы ішінде полиомиелитке қарсы (ОПВ/ИПВ) егілген, алайда бұл вакцинаның үшінші дозасын алған балалар үлесі азырақ – 81,3 пайыз. 2 және 4 ай жас тобындағы балалар вакцинациясы полиовакцинаны (ОПВ) пероральды егу, В түріндегі гепатитке, В типті гемофильді жұқпасына қарсы және АҚДС вакциналарынан тұратын бір инъекцияны бір мезгілде егу арқылы іске асырылады. Қазақстан өзін полиомиелиттен еркін ел ретінде ұстанады, ал ОПВ егулерінің екінші және үшінші дозаларымен төмен қамтылуын кейбір аналардың егулерден **саналы** түрде бас тартуымен, сондай-ақ жасалған егулер туралы белгілердің егулер паспортында болмауымен түсіндіруге болады. Өмірінің алғашқы 15 айы ішінде қызылша, паротит, қызамыққа (ҚПҚ) қарсы вакцинациямен қамтылуы басқа егілулерге қарағанда сәл төмен және 89 пайызды құрайды.


Қазақстанда сонымен қатар иммунитеттеу кестесінің бір бөлігі ретінде В гепатитіне қарсы егу ұсынылған. Балаларды В вирустық гепатитіне қарсы бірінші егу туғаннан кейінгі 1-4 күн ішінде, екіншісі – 2 айлығында және үшіншісі – 4 айлығында жүргізіледі. Зерттелген балалардың 95,9 пайызы В вирустық гепатитіне қарсы бірінші егуді жасы 12 айға толғанға дейін алды. Вакцинацияның келесі дозалары үшін пайыздық үлес төмендей береді де екінші доза үшін 91,9 пайызды және үшінші доза үшін 67 пайызды құрады (СН.1 – кесте).

2008ж. бастап егудің қауіпсіз іс-тәжірибесін енгізу үшін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі балаларды егудің құрамдастырылған түрін пайдалануды енгізді. 2 және 4 айлық балаларды егу АҚДС, Гепатит В-ға қарсы, В типтес (Ніb) гемофильдік індетке қарсы бағытталған вакциналардан тұратын бір екпесімен бір уақытта пероралды полиовакцинаны енгізу арқылы жүргізіледі. Әлгіректе айтылғанға сай, АҚДС пен Гепатит В-ге

қарсы бағытталған егудің үшінші дозасымен қамту пайызы шамамен бірдей болуы керек болса да, АҚДС-3 сырқатына қарсы балаларды иммунитеттеумен қамту пайызы (93 пайызы) Гепатит В-3 (67 пайыз) сырқатына қарсы иммунитеттеумен қамту пайызымен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болып отыр. АҚДС-3 екпесі мен Гепатит В-3 сырқатына қарсы бағытталған екпемен қамту деңгейі жөніндегі алынған деректердегі айырмашылық келесімен байланысты болуы мүмкін: егу паспорттарында көбінесе АҚДС-пен иммунитеттеуі көрсетіледі де, Гепатит В сырқатына қарсы бағытталған екпе әлдеқайда сирек белгіленеді.

Осының салдарынан, Гепатит В сырқатына қарсы бағытталған екпені есепке алмағанда, бірінші туған күніне дейін (12 ай) кеңес берілген вакциналаудың толық курсынан өткен балалардың пайыздық үлесі 70,6 пайызды құрады, ал Гепатит В сырқатына қарсы бағытталған екпені есепке алғанда – 46,7 пайызды құрады.

**СН.1 диаграммасы: 12 ай жасына қарай ұсынылатын вакцинацияны алған 15-26 ай жастағы балалардың пайызы, Қазақстан, 2010-11 жж.**



СН.2-кестесінде негізгі сипаттамалары бойынша 15-26 ай жас тобындағы балалардың егілумен қамтылу деңгейі берілген. Бұл деректер зерттеу жүргізілген күнге дейінгі кез-келген уақыттарда егілген балалардың санынан құралады және олар егулер паспорттынан да, сондай-ақ анасының немесе тәрбиешінің/қамқоршының айтқандарынан алынған ақпараттарға да негізделген.

Зерттеу жүргізуді бастау уақытына қарай Қазақстанда 15-26 ай жас тобындағы балалардың (егулер паспорттынан алынған мәлімет бойынша) 61,6 пайызы барлық қажетті егілулерді алды.

Иммунитеттеу деңгейі бойынша ауылдық жерлерде егілген (65,9 пайыз) балалардың үлесі қалалықтарға қарағанда біршама жоғары (56,8 пайыз). Иммунитеттеумен қамтудың ең жоғары көрсеткіші Қарағанды (92,9 пайыз), Қостанай (90,1 пайыз), Жамбыл (88,5 пайыз) және Павлодар (80,2 пайыз) облыстарында, ал ең төмені - Астана қаласында (21,6 пайыз) және Батыс Қазақстан облысында (26,9 пайыз) байқалды.

Сұхбат жүргізушілер балалардың 65,9 пайызының егу паспорттарын көрген және олардан үй шаруашылығына немесе медициналық мекеме-



лерге бару кезінде жеке «Иммунизация бойынша модуліне» егулер туралы деректерді жазып алған.

БЦЖ екпесімен қамтуда баланың жынысы, тұратын жері, анасының білім деңгейі, үй шаруашылығының ауқаттылығы бойынша айырмашылықтар байқалмады.

Жасы 26 айға толғанға дейінгі балалардың АҚДС екпелерінің бірінші дозасы бойынша 98,8 пайызы, екінші дозасы бойынша – 98,5 және үшінші дозасы бойынша 96,8 пайызы қамтылды, бұл орайда ер балалар мен қыз балаларды, ауылдық жерлерде тұратын балалар мен қалалық жерлерде тұратын балаларды қамту іс жүзінде бірдей болған. Зерттеу барысында өңірлер арасында, анасының білім деңгейі немесе үй шаруашылығының ауқаттылығы бойынша айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады.

Полиомиелитке қарсы (ОПВ) егуде сәл бөлек ахуал қалыптасып отыр, полиомиелитке қарсы (ОПВ) егулердің бірінші дозасында балалардың 99,1

пайызы қамтылды, ал үшінші дозада бұл көрсеткіш 88,4 пайыз деңгейіне дейін төмендейді. ОПВ екпесімен ер балалар мен қыз балаларды қамту арасындағы айырмашылық байқалмаған. Қалалық және ауылдық жерлерде де ОПВ-ның үшінші дозасында полиомиелитке қарсы егілген балалар саны айтарлықтай төмендейді және тиісінше 87,1 мен 89,6 пайызды құрайды, бірінші дозада 99 және 99,2 пайыз.

Қызылша, паротит пен қызылшаға қарсы вакциналаумен (ҚПҚ) 15-26 ай жас тобындағы балалардың 93,9 пайызы қамтылды. Қызылшаға қарсы егудің 100 пайыздық қамтылуы тек Қостанай облысында байқалды, ал қалған өңірлерде бұл көрсеткіш 90 пайыздан асады.

Жасы 26 айға толғанға дейін балалардың 70,2 пайызы В гепатитіне қарсы егудің үш дозасын алды, мұндағы ауылдық балалардың үлесі қалалықтарға қарағанда 5,4 пайыздық мөлшеріне жоғары (тиісінше 72,8 және 67,4 пайыз).

## СН.2 - кесте. Негізгі сипаттамалары бойынша бөліністегі егулер

Қазіргі уақытта балалар ауруларына қарсы вакцинация алған 15-26 ай жас тобындағы балалардың пайыздық үлесі, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Егілген балалардың пайыздық үлесі:															Егу паспорт-тарының көрсеткіштері	Жасы 15-26 ай аралығындағы балалардың саны
	Полиомиелит (ОПВИ/ПВ)			АКДС			Қызылша, паротит, қызамық (КПК)	Гепатит В – ге қарсы дозалар:			Егу жүргізілмеген	Барлық ауруларға қарсы бағытталған егулер					
	дозалар:			дозалар:				1	2	3							
	1	2	3	1	2	3	1	2	3								
<b>Жынысы</b>																	
Ер балалар	99,4	99,5	97,7	88,8	98,7	97,8	96,9	94,8	96,0	93,1	69,3	0,1	62,2	64,0	557		
Қыз балалар	99,6	98,6	97,5	88,0	98,9	99,2	96,6	92,9	97,2	93,9	71,2	0,3	60,9	68,0	519		
<b>Өңір</b>																	
Ақмола	(100,0)	(96,0)	(91,9)	(72,0)	(98,0)	(95,9)	(96,1)	(97,9)	(94,2)	(84,4)	(50,1)	(0,0)	(38,1)	(97,4)	40		
Ақтөбе	100,0	97,4	97,4	73,7	100,0	100,0	100,0	91,5	98,3	91,5	68,1	0,0	42,5	51,4	56		
Алматы	100,0	100,0	98,4	82,2	100,0	98,4	95,3	94,8	98,4	90,9	82,3	0,0	76,2	80,9	100		
Алматы қаласы	(100,0)	(100,0)	(89,6)	(69,8)	(100,0)	(96,7)	(73,3)	(90,4)	(92,5)	(75,0)	(16,9)	(0,0)	(13,2)	(68,9)	46		
Астана қаласы	100,0	100,0	97,3	79,8	98,6	100,0	97,9	97,9	100,0	84,2	30,3	0,0	21,6	85,1	37		
Атырау	100,0	100,0	100,0	81,6	100,0	100,0	96,7	93,0	92,6	97,9	57,0	0,0	40,5	24,6	38		
Шығыс Қазақстан	100,0	98,1	98,1	96,3	98,1	98,1	98,1	90,7	98,1	98,1	77,6	0,0	71,4	69,9	75		
Жамбыл	100,0	100,0	100,0	97,6	100,0	100,0	100,0	93,2	100,0	100,0	96,6	0,0	88,5	34,2	76		
Батыс Қазақстан	100,0	100,0	98,3	95,4	100,0	98,3	96,6	94,8	85,6	96,4	43,1	0,0	26,9	96,3	40		
Қарағанды	97,0	97,3	97,0	94,3	95,7	97,0	97,0	97,0	97,0	97,0	97,0	1,4	92,9	31,9	101		
Қостанай	100,0	100,0	100,0	97,5	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	90,1	0,0	90,1	28,0	45		
Қызылорда	99,2	99,2	99,2	97,4	99,2	99,2	98,1	97,3	90,8	99,2	79,4	0,8	68,0	99,2	62		
Маңғыстау	96,4	98,8	97,1	87,6	98,8	98,8	98,8	97,9	100,0	98,8	82,7	0,0	75,9	56,4	58		
Павлодар	100,0	97,2	93,7	84,9	95,2	95,2	93,4	93,3	94,8	93,4	83,8	0,0	80,2	96,5	48		
Солтүстік Қазақстан	(100,0)	(100,0)	(95,4)	(88,0)	(100,0)	(97,6)	(95,3)	(92,9)	(95,1)	(95,1)	(72,6)	(0,0)	(66,2)	(42,8)	25		
Оңтүстік Қазақстан	100,0	100,0	99,0	91,4	99,0	99,0	99,0	90,4	97,3	91,2	57,3	0,0	48,7	76,5	227		
<b>Тұрғылықты жері</b>																	
Қала	99,6	99,0	96,9	87,1	98,7	98,6	95,0	93,6	96,9	94,3	67,4	0,4	56,8	64,0	512		
Ауыл	99,3	99,2	98,2	89,6	98,9	98,4	98,4	94,2	96,3	92,8	72,8	0,0	65,9	67,7	564		

Егілген балалардың пайыздық үлесі:														Жасы 15-26 ай аралығындағы балалардың саны		
Полиомиелит (ОПВИПВ) дозалар:			АКДС дозалар:			Қызылша, паротит, КПК			Гепатит В – ге қарсы дозалар:			ЕҮ жүргізілмеген	Барлық ауруларға қарсы барылған еулер		ЕҮ паспорт- тарын интeр- вьюер көрген балалардың үлесі	
БЦЖ	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2					3
<b>Анасының білімі</b>																
Бастауыш/ аяқталмаған орта	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	(*)	17
Орта	99,1	98,9	96,7	88,3	98,3	97,8	96,6	94,3	96,9	95,3	74,0	0,0	66,4	68,7	398	
Орта арнаулы	100,0	98,8	98,6	88,3	98,8	98,4	96,3	93,8	97,2	92,8	71,1	0,0	62,0	67,0	297	
Жоғары	99,5	99,5	97,7	88,6	99,2	99,2	97,2	93,8	95,7	91,8	64,4	0,5	55,9	62,3	361	
<b>Ауқаттылық индексі бойынша квинтильдер</b>																
Ең кедей	99,4	99,2	97,6	88,6	98,5	97,9	97,1	93,3	96,8	94,6	71,8	0,0	62,6	74,3	249	
Екінші	100,0	99,4	98,9	90,4	100,0	98,9	98,9	93,7	98,7	97,4	71,7	0,0	63,8	62,5	272	
Үшінші	98,8	99,3	97,4	90,4	98,8	98,8	97,0	90,2	95,4	90,5	75,8	0,0	64,8	68,9	198	
Төртінші	100,0	98,4	96,3	83,6	97,0	97,7	94,4	95,9	96,9	90,4	66,5	0,0	59,2	61,4	168	
Ең бай	99,0	99,0	97,0	87,5	99,0	99,0	95,2	97,1	94,2	92,4	63,6	1,0	55,5	60,8	189	
<b>Үй шаруашылығы басшысының этникалық тиістілігі</b>																
Қазақтар	99,7	99,3	98,8	90,5	99,3	98,9	97,9	94,7	97,0	94,6	71,3	0,0	62,3	67,2	759	
Орыстар	99,2	97,8	93,8	81,3	98,2	97,8	93,4	93,5	95,8	89,6	66,5	0,8	57,9	61,0	171	
Басқалар	98,6	99,7	95,8	86,0	96,9	96,9	94,8	90,0	95,1	92,5	69,2	0,3	62,0	64,9	146	
<b>Барлығы</b>	<b>99,5</b>	<b>99,1</b>	<b>97,6</b>	<b>88,4</b>	<b>98,8</b>	<b>98,5</b>	<b>96,8</b>	<b>93,9</b>	<b>96,6</b>	<b>93,5</b>	<b>70,2</b>	<b>0,2</b>	<b>61,6</b>	<b>65,9</b>	<b>1076</b>	

«Білімі жоқ» санаты респондент санының аздығына байланысты алынып тасталды.

() – көрсеткіштер 25-49 салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген.

(\*) – көрсеткіштер 25-тен аз салмақталмаған байқаулар оқиғаларына негізделген.

## Пероралды регидратациялық емдеу

Диарея – әлемде 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің негізгі себептері арасында екінші орында тұр. Балалар арасындағы диареядан болған өлім оқиғаларының көпшілігі сұйық дәретпен бойдағы су мен электролиттерді көп мөлшерде жоғалтудан организмнің сусыздануы салдарынан болады. Пероралдық регидратациялық тұздың (ПРТ) немесе ұсынылып отырған үйде дайындалатын регидратациялық ерітіндінің (ҮДРЕ) көмегімен диареяны емдеу – өлімге жеткізетін осындай жағдайлардың көбіне тосқауыл болады. Организмнің сусыздануын болдырмау және жеткіліксіз тамақтануды баланың сұйықтықты тұтынуын көбейту және тамақтандыруды жалғастыру арқылы болдырмау да диареяны емдеудің маңызды стратегиясы болып табылады.

Бұл саладағы алға қойылған мақсаттар келесідей: 1) 2010 жылы 2000 жылмен салыстырғанда 5 жасқа дейінгі балалардың диареядан болатын өлім-жітімін екі есе қысқарту («Балалардың өмір сүруіне қолайлы әлем»); және 2) 2015 жылы 1990 жылмен салыстырғанда 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітім коэффициентін үштен екіге қысқарту (Мыңжылдықтың даму мақсаттары). Сонымен қатар, «Балалардың өмір сүруіне қолайлы әлем» құжаты диареяның пайда болу жиілігін 25 пайызға қысқартуға үндейді.

**Осы салаға қатысы бар көрсеткіштер келесілер:**

- Диареяның кең таралғандығы;
- Пероралды регидратациялық емдеу (ПРЕ);
- Диареяны үй жағдайында емдеу;
- Тамақтандыруды жалғастыру арқылы жүргізілетін терапия (ПРТ).

МИКЗ сұрақнамасында аналарға (немесе тәрбиешілерге/қамқоршыларға) зерттеу алдындағы екі апта ішінде олардың балаларында диарея болды ма, осы туралы хабарлау ұсынылды. Егер диарея болған болса, аналарға бала дерттің қозуы кезінде немесе ішіп, немесе жегендігі туралы және бұл бала үшін *әдеттегі тамағы мен сұйықтығынан* көп пе немесе аз болды ма деген бірқатар сұрақтар қойылды.

Қазақстанда зерттеу қыста жүргізілгендіктен – бұл кезеңде диареямен ауру көп кездеспейді – тұтастай алғанда зерттеу алдындағы екі апта ішінде 5 жасқа дейінгі балалардың 1,7 пайызы ғана немесе 90 бала диареямен ауырған (СН.4-кесте). Байқау көлемінің аз болуына байланысты деректер балалардың тұратын жері және жынысы тәрізді сипаттамалар бойынша ұсынылады. Диареяның таралуында ер балалар мен қыз балалар арасында, сондай-ақ ауылдық және қалалық жерлер арасында айырмашылықтар байқалмады.

**СН.4 - кесте. Пероралды регидратациялық ерітінділер мен кеңес бойынша үйде дайындалатын сұйықтықтарды пайдалану.**

Соңғы екі аптада диареямен ауырып, пероралды регидратациялық ерітінділер (ПРЕ) мен кеңес бойынша үйде дайындалатын сұйықтықтарды қабылдаған 0-59 ай жас тобындағы балалардың пайыздық үлесі, Қазақстан, 2010-2011жж.

	Соңғы 2 аптада диареямен ауырған балалар	0-59 ай жас тобындағы балалар саны	Диареямен ауыратын және келесіні қабылдаған балалар:			Соңғы 2 аптада диареямен ауырған жасы 0-59 айдағы балалар саны
			пероралды регидратациялық ерітінділер (ПРЕ пакетінен алынған сұйықтық немесе ПРЕ орауышындағы сұйықтық)	кеңес бойынша кез-келген үйде дайындалатын сұйықтықтар	пероралды регидратациялық ерітінді немесе қандай да болмасын бір үйде дайындалатын сұйықтық	
<b>Жынысы</b>						
Ер балалар	2,0	2644	(67,9)	(20,9)	(69,7)	53
Қыз балалар	1,5	2537	(53,1)	(23,7)	(57,5)	37
<b>Тұратын жері</b>						
Қалалық	1,8	2508	(70,3)	(25,8)	(73,9)	46
Ауылдық	1,6	2673	(53,0)	(18,2)	(55,1)	44
<b>Анасының білімі</b>						
Бастауыш/аяқталмаған орта	1,6	96	(*)	(*)	(*)	1



	Соңғы 2 аптада диареямен ауырған балалар	0-59 ай жас тобындағы балалар саны	Диареямен ауыратын және келесіні қабылдаған балалар:			Соңғы 2 аптада диареямен ауырған жасы 0-59 айдағы балалар саны
